

17 2009  
1907к

Әбілбек  
Нурмағалибетов

СӨЗ  
СЫРЫНА  
САЯХАТ

А а





*Әбілбек  
Нурмағалбетов*

**СӨЗ  
СЫРЫНА  
САЯХАТ**



Алматы  
«Жалын»  
1990

ББК 83.8+81  
Н 86

Пікір жазғандар —  
Н. ЕСМАҒАМБЕТОВ, Т. АРЫНОВ.

**Нұрмағамбетов Әбілбек.**

Н 86 Сөз сырына саяхат: Орта мектептің оқушы-  
ларына арналған.— Алматы: Жалын, 1990.—  
128 бет.

ISBN 5-610-00629-5

Балалар, бұл кітапта өздерің ауызекі тілде жиі қолданып жүрген таныс сөздердің тарихы баяндалады. Олардың шығу тегін, тағдырын, тілімізде қалыптасу заңдылығын біліп, көңілге тоқу сендерге өте пайдалы болмақ.

Н  $\frac{480200000-113}{408(05)90}$  72—90

ББК 83.8+81

ISBN 5-610-00629-5

© «Жалын» баспасы, 1990

## СӨЗ БАСЫ

*Балалар, өздеріңе арналған бұл кітаптың алға қойған мақсаты — күнделікті өмірде, тұрмыста жиі кездесетін кейбір заттар мен құбылыс атауларының қалай пайда болғанын, олардың алғашқы мағыналық сыр-сипатын, одан кейінгі өзгеріске ұшырау себептерін айтып беру. Тіл білімі ғылымында сөздердің шыққан тегін, яғни төркін түбірін анықтап, мән-мағынасын ажыратып берумен айналысатын саланы «этимология» деп атайды. Бұл гректің «этимон» және «логос» сөздерінен шыққан. Алғашқысының мағынасы — шындық, ал кейінгісі — ілім ұғымын береді. Дәлірек айтсақ, сөз зерттеу ілімі боп шығады.*

*Бұл жерде мына бір жайды естеріңе ерекше салғымыз келеді. Жалпы сөздердің тұңғыш тұлғасын, олардың алғашқы мағынасын бір-бірінен ажыратып, анықтау — аса қиын, аса күрделі шаруа. Ол өзі осы саланы зерттеуші ғалым мен арнаулы топтың жылдар бойы шұқшия шұғылданып, іждағаттылықпен ізденген, талмай талдау жасап, жүйелі жүргізген еңбегінен тұрады. Сөздіктердің басқа түрлерінен айырмасы этимологиялық еңбектер бел-*

гілі бір тілдегі сөздік қорды түгел қамти алмайды. Оны кітапты оқыған кезде өздерің де аңғарасыңдар.

Қай тілде болмасын бір сөзден туындайтын мағына әр қилы, әрі көп болады. Сөз сырына саяхат жасаған ғалым солардың ішінен ең негізгісін, алғашқы мағынасын табуға тырысады. Өйткені этимологияның басты міндетінің өзі де осы.

«Елдердің бәрінде де ауыс-түйіс сөз болып тұрады», — деп В. Г. Белинский дөп басып айтқан жай біздің халықтың тілінде де жиі ұшырасады. Бұл өзі тарихи құбылыс тудырған шындық. Араб, парсы, түркі халықтарынан өзімізде ауыс-түйіс жүрген сөздерді нақты деректер арқылы дәлелдеу еш қиынға түспейді. Алайда, оны бұл жерде баяндап жатудың қисыны жоқ-ау дейміз. «Білім және еңбек» журналының 1986 жылғы № 3 санында менің «Тілдердегі ауыс-түйіс сөз туралы» деген мақалам жарияланған еді. Сонда біраз жай айтылған болатын. Ал оны тағы да қайталап жатуды артық көрдім.

Балалар, өздеріңе ұсынып отырған кітаптағы атаулардың шыққан тегін іздестіру барысында отызға таяу халық тіліне сілтеме жасауымызға тура келді. Түсініп оқуларыңа жеңілдеу болсын деген оймен солардан қысқа да болса мәлімет беруді жөн көрдік. Олардың жиырмадан астамы түркі тобына жатады. Соның бірі — қазақ тілі. Ал түркі тілдерінде сөйлейтін халықтар мыналар: азербайжандар, алтайлықтар, башқұрттар, қарайымдар, қарақалпақтар, құмықтар, қырғыздар, ноғайлар, өзбектер, татарлар, телеуіттер, тофалар, тувалар, түрікмендер, ұйғырлар, хакастар, чуваштар, шорлар, якуттар және басқалар. Совет одағындағы бұл халықтардың мекен тұрағы туралы да айта кетуді жөн көрдік. Азербайжандар, қырғыздар, өзбектер, түрікмендер — өздерің жақсы білесіңдер — одақтас республикаларымыздың негізгі халықтарының бірі.

Сондай-ақ, башқұрттар, татарлар, тувалар, чуваштар, якуттар РСФСР құрамында автономиялы республикаларды құрайды, ал қарақалпақтар — Өзбек ССР-і құрамындағы Қарақалпақ АССР-інің негізгі халқы болып саналады. Алтайлықтар, телеуіттер, тофалар, хакастар, шорлар РСФСР-дің Алтай, Красноярск өлкелері мен Новосибирск облыстарын мекендейді. Қарайым жұрты Литва ССР-і мен Украин ССР-інің кейбір облыстарында тұрады. Құмықтардың мекені — РСФСР-дегі Дағыстан АССР-і. Ноғай халқы РСФСР-дің Ставрополь өлкесінің кейбір аудандары мен Дағыстан АССР-інде өмір сүреді. Ұйғырлар — Қазақстанның Алматы, Талдықорған облыстарында тұрақтаған.

Осы кітапта қойбол, құманды, шор, туба-кижи, барабин татарлары тағы басқа да халық атаулары кездеседі. Бұлардың қай-қайсысы болмасын өткен ғасырда жеке-дара аталғандарымен — кейін бірі алтай, екіншісі хакас, үшіншісі татар тілдерінің жергілікті ерекшеліктерін өз бойларына сіңірген. Демек, бұлар да түркі тілдер негізін құраушылар.

Түркі тілдерімен арғы тегі туыстас саналып жүрген тағы бір-екі топ бар. Оның бірі — монғол тобындағы тілдер. Бұған жататындар — Монғол Халық республикасындағы монғолдар тілі мен еліміздегі бурят, қалмақ АССР-індегі буряттар мен қалмақтар тілі. Ал екіншісі — тунгус-маньчжур тобындағы халықтар тілі. Бұған Қытай Халық республикасындағы — маньчжурлар мен СССР-дегі нанай, эвен, эвенкі тілдері жатады.


Тіл зерттеуші ғалымдар түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерді жинақтай келіп, бәрін тектес, төркіндес деп танып, тілдердің Алтай тобына жатқызады. Осы топтан сыртқары, басқа топқа жататын тәжік, иран (Үнді-европа тобы) және араб (Семито-хамит тобына жатады) тілдері де осы кі-

тапшада аталып өтеді. Еске салып отыруымыздың өзі де соған байланысты. Ирандар (көбіне «парсылар» делінеді) Иран мемлекетінің негізгі тұрғындары. Тәжіктер Отанымыздағы Тәжік ССР-інің тұрғындары. Арабтар — Египет, Сирия, Ирак және басқа да араб елдерінің негізгі халықтары. Біздің кітапшамызда бір рет қана кездесетін — Сарыкөл тілі Үнді-европа тілдерінің ішіндегі иран тобына жатады. Олар Қытай Халық Республикасында, Памир тауының маңын қоныстанған.

Сонымен, балалар, енді сөз сырына саяхат шегейік!

АВТОР.





І. ОҚУ,  
АҒАРТУ,  
ТӘРБИЕ  
АТАУЛАРЫ



**КІТАП.** Түптеліп, тасқа басылған көркем, ғылыми шығармалар мен оқу құралдарын қазіргі тілімізде «кітап» дейміз. Ал бұл сөз бізге арабтардан ауысқан. Арабша «китабе» сөзінің ежелгі мағынасы «жазу» дегенді білдірген.

**ҚАЛАМ.** Жазу құралы. Мұның да алғашқы шыққан төркіні — араб тілі. Ерте кезде адамдар сиямен жазу үшін құс қауырсынын пайдаланғанын жақсы білеміз. Ал арабтар ертеде қауырсын орнына қамысты ұштап жазған. Содан араб тіліндегі «қалам» сөзі — «қамыс ұшы» деген мағынаны береді. Әрине, мұны араб тілінің өзінде де алғашқы мағына болды деу қиын. Өйткені қамыстан жазатын құрал жасау үшін, әуелі оны кесіп, ретке келтіріп, ықшамдау қажет, Араб тіліндегі тағы бір дерек осы ойымызды қостайды. «Қалем» сөзі «кесу», «қию» ма-

ғынасын береді. Демек, қалам — қиылған қамыс дегенмен бірдей.

**МАҚАЛА.** Газет, журнал беттерінде жарияланған хабарлар. Араб тілінде «қале» — сөйлеу, сөз деген мағыналарда қолданылады. Осы түбірдің алдына араб тіліне тән «ма» жұрнағы қосылса, «жарияланған сөз» мағынасында түсінуге болады.

**МӘДЕНИЕТ.** Араб тіліндегі «мудун» сөзі біздің түсінігіміздегі «қала» мағынасын берсе, «медэни» — «қала тұрғыны» деген ұғымды мегзейді. Осыдан «мәдениет» сөзі пайда болған.

**МЕКТЕП.** Балаларға білім беретін оқу орны. Бір қызығы, бұл сөз жоғарыда көрсетілген «китабе» сөзінен шыққан. «Китабе» сөзінің алдына «ма» жұрнағы қосылып «макитабе» сөзі пайда болған. Оны өз тілімізге аударсақ, «оқуға, сабақ жүргізуге арналған бөлме» мағынасын береді. Бұл сөз қазақ тіліне ауысқанда «мектеп» қалпына дейін өзгерген.

**МЕРЕКЕ.** Елімізде мереке күндері көп. Мысалы: 7 ноябрь, 1 Май, 8 март, Жаңа жыл және тағы басқа мерекелер. «Мереке» сөзінің төркіні араб тіліне барып тіреледі. «Марахе» қазақ тіліндегі «қуаныш, шаттық» сөздері орнына қолданылады. Араб тілінен ауысқан осы сөз «мереке» қалпында айтылатын болған.

**МУҒАЛИМ.** Кейде бұл сөздің орнына өз тіліміздегі «оқытушыны» да қолданып жүрміз. «Мұғалім» бізге араб тілінен кірген. Араб тіліндегі алғашқы түбір «ғалим» — білгір, білетін мағынасында айтылады. Ал оның алдына «му» қосымшасы жалғанып барып «муғалим» сөзі шыққан. «Муғалим» біздегі «уйретуші» сөзінің мағынасымен бірдей.

**ДӘПТЕР.** Оқушылар пайдаланатын жазу құралы. Бұл сөз де тілімізге арабтардан енген. Арабша «дафтер» сөзі «жазуға арналған кітап» деген мағынаны білдіреді. Содан барып «дәптер» сөзі шыққан.

**ЕЖЕЛЕП ОҚУ.** Мектепке алғаш барғандарыңда, балалар, өздерің де кітапты ежелеп оқып, білім алдыңдар, бір сөзді бөлшектеп, буынға бөліп оқуды үйрендіңдер. Сөз түбірі «еже» қазақтарға парсы тілінен сіңіскені байқалады. Парсыларда «һәдже» тұлғасындағы сөз біздің қазіргі түсінігіміздегі «буын» дегенді білдіреді. Осы сөз қазақ тіліне ауысқаннан кейін өзгеріске түскен. «Еже» тұлғасы «оқу» сөзімен тіркесіп «ежелеп оқу» пайда болған. Мұның өзі «буынға бөліп оқу» деген түсінікпен бірдей.

**ЕЖІКТЕП ОҚУ.** Оқудың бұл түрі — «ежелеп оқудан» әлдеқайда қиындау екендігін сөз тарихына көз жүгірткенде ғана білеміз. Мысалы, тува тілінде «үжүк» біздегі «әріп», ал «үжүглер» сөзі «әріпке бөліп оқу» деген мағынада қолданылады. Әрегірек барсақ, монғол тіліндегі «үсэг» те «әріп» мағынасын

береді. Тува тіліндегі «үжүк» басқа түркі тілдерінде, әсіресе қазақ тілінде «ежік» тұлғасына дейін өзгеруі заңды құбылыс. «Ежік» тұлғасына тағы да «оқу» сөзі қосылып, тілімізде «ежіктеп оқу» тіркесі пайда болған. Мағынасы — «әріпке бөліп оқу».

**ЕМТИХАН.** Бұл сөздің араб тіліндегі ең алғашқы түбірі «махан» — сынау, байқау дегенді білдіреді. Осы түбірге сол тілдегі түрлі қосымшалар жалғану арқылы «имтахан» болып өзгеріп, «сынау, байқау жүргізу» мағынасын берген. Бұл шөз біздің тілімізге ауысқанда өз мағынасын сақтап, тұлғасы жағынан — «емтихан» болып қалыптасқан.

**БОР.** Мұның тақтаға жазу жазатын ақ балшықтан жасалған құрал екенін білесіңдер. «Бор» атауын алуы оның түсіне байланысты. Қазіргі кезде қазақ тілінде «ақ» түсті «боз» қалпында да айта беретініміз белгілі. Осы «боз» сөзі өте ерте кездерде «бор» болып тұлғаланып, «ақ» мағынасында қолданылатын болған. Монғол тілінің деректеріне сүйенсек, «бор» сөзі «сұр», «боз» мағыналарын береді.

**МҰҚАБА.** Кітаптың сыртқы қабы осылай аталатыны өздеріңе жақсы мәлім. «Мұқаба» — қазақ тіліне енгеннен кейін өзгерген түрі. Араб тілінде бұл сөз «мухаба» қалпында айтылып, «тығылған», «жасырынған» деген мағынаны білдіреді. Сөздің араб тіліндегі негізгі түбірі «хабба» — біздегі «жасырыну» мағынасында қолданылады. Осы түбірге

тағы да араб тілінде жаңа сөз жасайтын «му» жұрнағы қосылып, кітаптың тысы деген ұғымды береді.

**САБАҚ.** «Сабақтың» о бастағы мағынасы тіпті басқаша. Араб тіліндегі «сабақ» сөзі «таңертең» мағынасын білдіреді. Оның ауыспалы екінші мағынасы — «таңертең келу». Оқудың көбіне ертеңгілікте басталатынын ескерсек, «сабақ» сөзінің «таңертең оқуға келу» мағынасын беретіндігін байқаймыз.

**СУРЕТ.** Сөздің араб тіліндегі тұлғасы — «сувар», ал мағынасы — «түр, кейіп, кескін» дегенді ұғындырады, көпше түрі «суварат». Сөйтіп, ол осы күнгі түсінігімізге «сурет» болып енген.

**ТАРИХ.** Мұның алғашқы мағынасы басқашалау болған. Араб тіліндегі «арқ» немесе «ағррах» сөзі «ай, күннің есебін (датасын) қою, жазу» мағынасында қолданылады. Осы түбір сөздің алдына араб тіліне тән сөз тудырушы қосымшаның тағы бір түрі «та» қосылып, «таарқ» немесе «таағррақ» делініп, бастапқы мағынасына біршама өзгеріс енген. Сөйтіп, ол қазақ тіліне осы күйінде ауысқан.

**ТӘРБИЕ.** Бұл сөз де тілімізге арабтардан келген. Түбірі — «раба», ал мағынасы «өсу», «есею», «ұлғаю» сөздеріне саяды. Түбір сөз алдына «та» буыны, соңына «и» жұрнағы қосылып, «тарбие» атауына, яғни «өсіру» мағынасына ие болған. Кейде араб-

тарда «тарабиет» сөзі «кішіпейіл» мағынасында да қолданылады. Осы сөздер қазақ тіліне ауысқаннан кейін «тәрбие» тұлғасына ие болған.

**ТӘРТІП.** Мұның араб тіліндегі түбірі — «раттаб», мағынасы — жөнге келтіру, жөн-жөнімен қою дегенге саяды. Қазіргі кезде тілімізде жиі қолданылатын «рет» сөзінің де алғашқы төркіні «раттаб» тұлғасымен байланысты екенін ескерте кеткенді жөн көрдік. Осы түбір алдына тағы да «та» қосылып, араб тіліндегі «тараттаб» сөзі туған. Мағынасы — дайындау, орналастыру. Қазақ тілінде сол тұлға «тәртіп» болып қалыптасып, әдеп сақтау, инабатты болу дегенді білдіреді.

**ӘДЕБИЕТ.** Жалпы жазба және көркем шығармалар жиыны. «Әдебиет» сөзі бізге араб, парсы тілдерінен кірген. Оның араб тіліндегі тұлғасы «адабун» болса, алғашқы мағыналарының бірі — «тәрбие беру». Ал парсы тілінде «әдиб» сөзі қазақ тіліндегі «жазушы» кейде «ұстаз», «тәрбиелеуші» деген ұғымдарда қолданылады. Осы сөздер негізінде тіліміздегі «әдебиет» сөзі қалыптасқан.

**БАЯНДАМА.** Жиналыстарда жасалатын хабарлама. «Баяндама» сөзінің арғы тегі — араб тілінен шыққан. Түркі тілдеріне ерте кезде ауысып, қалыптасқан. Оның араб тіліндегі «байан» тұлғасы — «мазмұн», «түсінік беру» мағыналарында қолданылады. Арабтың осы сөзінен қазақ тіліндегі «да» жүр-

нағы арқылы «баянда» етістігі туындап, «айту», «әңгімелеу» мағынасын беретін жаңа сөз құраған.

**ОТАН.** «Отан» сөзінің де түпкі төркіні — араб тілі. Оларда «вэтэн» — ел, туған жер мағынасын береді. Алайда, мұның өзі осы тілде кейін пайда болған, туынды мағына. «Вэтэн» сөзінің алғашқы мағынасы — өмір сүру, белгілі бір жерде тұрақтау дегенге саяды.



II. ДЕНЕ  
МҮШЕЛЕРІНІҢ  
АТАУЛАРЫ



**АЛАҚАН.** Қолдың саусақ пен білезік аралығының атауы. Мұны ертеде «ыдыс» теп те атаған көрінеді. Ал «алақан» кейін пайда болып, ертедегі түркі тілдері арқылы бізге жеткен. Онда сөз түбірі «еліг», ал беретін мағынасы — «қол». Ертедегі «қол» мағынасын беретін «еліг» сөзі сәл дыбыстық өзгеріспен қазіргі чуваш тілінде сақталған. Онда «ал» немесе «алы» — осы күнге дейін «қол» мағынасында қолданылады. «Еліг» не «алы» түбірлеріне *-ан* немесе *-қан* жұрнақтары қосылып, қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» сөзі туып, оның осы күндегі мағынасы қалыптасқан.

**БАРМАҚ.** Саусағыңның өзіңнен санағанда біріншісі. Басқаларға қарағанда қысқалау болғанымен, толығырақ әрі әлдісі. Сондықтан да болар, бір нәрсе-ні ұстағанымызда көбірек қимылдайтын да сол.

Түркі тілдерімен туыс саналатын монғол тілінде «барь»—«ұста», ал «брих»—«ұстау» деген етістік мағынаны білдіреді. Осы сөздердің түбіріне қазақ тілінде -мақ қосымшасы жалғанып, «бармақ» сөзі туындап, «ұстайтын» (саусақ) мағынасын иемденген.

**БЕТ.** Түркі тілдерінде «бет» сөзінің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын тува, тофа тілдерінен байқаймыз. Туваларда «бети», тофа тілінде «беът» сөздері қазір бізде қолданылып жүрген «алды», «бұрын» сөздерінің мағыналарын береді. Ал «бет» сөзі кейін келе бастың алдыңғы жағы мен кейбір заттардың үстіңгі жағын ұғындыратын (су беті, кітап беті) мағынаны білдіретін болған.

**ЕЗУ.** Бұл өзі «ерінмен» байланысты сөз, тунгусманьчжурлар «ерінді» «һезун» деп атайды. Түркі тілдерінде кейде «р» дыбысының орнына «з» қолданыла беретін заңдылық бар (мысалы, қазақша — қыз, чувашша — хир). Осыған сүйеніп «һезун» мен «ерін» сөздерінің түбірі бір деуімізге болады. Сөйтіп, «езу» дегеніміз «ерін» сөзімен бірдей. Бірақ қазақ тілінде мағыналық өзгеріске ұшырап, дербес атауға ие болған.

**МАНДАЙ.** Кейбір тілдер деректеріне қарағанда, «маңдай» сөзі бұрын өзгеше мағынада айтылған. Әсіресе якут тілінде «маңнай» сөзі қазақ тіліндегі «алғаш», «бұрын» мағыналарын берсе, сол тілде

«маңнайгъ» біздегі «бірінші» дегенді ұғындырады. Якут тіліндегі осы сөздер ертеректе қазақ тілінде де қолданылған, бірақ келе-келе мәндік-мағыналық өзгерістерге ұшырап, «маңдай» болып қалыптасқан.

**МҰРЫН.** Мұрын — иіс сезу мүшесі. Бұл сөз қайдан шыққан? Енді соған жауап іздейік. Тува тіліндегі «мурнунда» немесе «мурнунга» тұлғалы сөздердің мағынасы «алдыңғы жақта», «ілгеріде» дегенді білдіреді. Шын мәнісінде, дененің бұл мүшесі беттің алдында тұрғанын бәріміз жақсы білеміз. Сөйтіп, «мурнунга» сөзінің «мұрын» боп кету себебінің негізсіз емес екенін енді өздерің де аңғарған шығарсыңдар.

**САҚАЛ.** Тіліміздегі бұл сөз арқылы біз ақсақалды аталарымызды көз алдымызға елестетеміз. Ал алтай тілінің сөздігіндегі «саак» тұлғалы сөз «жүн» мағынасын білдіреді. Оны былай қойғанда монғол тіліндегі «сахлаг» деген сөз де «жүндес» дегенмен төркіндес. Осыған байланысты тіліміздегі «сақ» түбіріне *-ал* жұрнағы қосылып, «сақал» сөзі пайда болған-ау деген жорамал жасауымызға әбден болатын сияқты. Шынында да, «сақал» — «жүнді» дегенмен мазмұндас.

**САМАЙ.** Біздің байқауымызша, бұл сөз қазақ тіліне басқа бір тілден, дәлірек айтсақ, араб тілінен ауысқан тәрізді. Арабтың «сами» сөзі біздегі «құлақ» мағынасын береді. Бірақ ол өзіміздегі «құлақ» сөзін

ығыстыра алмай, соның төңірегіндегі басқа бір мүшеге атау болып қалыптасқан.

**СҰҚ ҚОЛ.** Жоғарыда әңгіме болған «бармақтан» кейінгі екінші саусақ. Оның «сұқ» аталуының себебі — атқаратын қызметіне байланысты. Қажет бір нәрсені нұсқап көрсеткенімізде біз ең алдымен, осы саусақты қолданамыз. Демек, оның көбіне жәрдем тигізетін кезі — іздестіру, көрсету үстінде. Оны кейбір тілдер дерегі де анықтап, қуаттай түседі. Тюмень татарларының тілінде «сук» сөзі қазақ тіліндегі «іздеу», ал қалмақ тілінде «заак» тұлғасы біздегі «көрсету» мағыналарында қолданылады. Тілімізегі «сұқтана қарау» деген де осының айғағы. Бұл — «іздене қарау» дегенмен бірдей. Сөйтіп, «сұқ саусақ» — «іздейтін саусақ», «көрсететін саусақ».

**ТАНАУ.** «Танауын көтеруін қарашы...» «Танауы таңқиып...» Тағы осы сияқты сөздердің мағынасын өздерің де жақсы түсінесіңдер. Ал бұл сөз монғол тобына жататын тілдердің бірінде «тооно» деп аталып, қазақ тіліндегі «тесік» мағынасын береді. Ал чуваш тіліндегі «теенни» де «тесікті» аңғартады. Қалай дегенмен де «танаудың» — «тесік» дегеннен мағына ара жігі аса алшақтап тұрған жоқ.

**ШЕКЕ.** Осыған дыбыстық жағынан жуық сөздерді маньчжур, монғол, бурят тілдерінен жиі кездестіруге болады. Мысалы, маньчжур тілінде «чикидор» сөзі біздегі «самай» мағынасында қолданылса,

монғолдарда «чих», бурят тілінде «чикэ», «шэхэн» тұлғалы сөздер біздің тіліміздегі «құлақ» мағынасының орнына айтылады. Осы сөздер кейін келе «шеке» болып өз алдына жеке атауға айналған.

**ШЫҢАШАҚ.** Саусақтың кішкентайы. Оның бұлай аталуы бітіміне байланысты туған. Түркі халықтарының бірі — құмық тілінде «шинчеки» сөзі қазақ тіліндегі «болмашы, өте кішкентай» мағынасында қолданылады. Осы «шинчеки» сөзі енді «шынашақ» тұлғасында өз тілімізде аталып жүр.

III. ТҰТЫНУ  
ЗАТТАРЫНЫҢ  
АТАУЛАРЫ



**АРБА.** Балалар, арбаға өздерің де талай отырып көрген шығарсындар. Сондықтан да, оның шыққан сөз төркінін біліп алғандарың жөн болар. Арба араб тілінде «ғэрэбэ», ал парсыша «әрабэ» болып айтылады. Араб, парсы тілдеріндегі бұл сөздердің түп төркіндері біздегі «дөңгелек» мағынасын беретін парсының «эррадэ» сөзінен шыққан ба дейміз. Өйткені, дөңгелексіз арба жүре алмайды ғой.

**БЕСІК.** Нәресте жататын төсекті ана тілімізде бесік деп атайтынын білесіңдер. Қазақтармен туыс саналатын якут, сары ұйғыр және тағы басқа халықтар тілінде бұл сөз түбірі «би», «пе», «бээ» болып келеді де, мағынасы «тербету», «әлдилеу» деген түсінік береді. Ал осы түбірлердің біріне, әсіресе «бээ» түбіріне өз тілімізге тән жұрнақ қоссақ, «тербету» мағынасын беретін «бесік» сөзі пайда болады.

**БОСАҒА.** Есіктің «мандайша», «табалдырық», «босаға» сияқты бөліктерден тұратыны белгілі.



Бізге жақындау монғол тілінде «босоо» сөзі қазақша «тік», «тігі», ал «босгох» — «тік тұрғызу» деген мағыналарды білдіреді. Яғни, маңдайшаны тіреп тұратын екі жағындағы ағаштың тігінен тұруы — «босаға» атанған. Сөз түбірі «босо», осыған қазақ тіліне тән -ға жұрнағы қосылып, «босаға» сөзі пайда болған.

**БІЗ.** Тува тілінде «бизээр» тұлғалы сөз «ұшын шығару», «өткірлеу» мағынасында қолданылады. Осы етістіктен зат атауы «біз» пайда болған. Дәлірек айтсақ, «біздің» мағынасы — ұшты, ұшы өткір дегенді білдіреді.

**ДИРМЕН.** Ұн, жарма жасайтын су, жел, қол диірмендер болады. Алтайлықтардың «термен», ал монғолдардың «тойрох» сөздері «айналу» деген мағынаны білдіреді. Әсіресе алтайлықтардың «термені» біздің «диірменге» тым жақын. Сондықтан диірмен атауы оның айналып тұруымен байланысты туған.

**ДҮРБІ.** Алыстағыны анық көремін десең, дүрбімен қара. Бұл сөз бізге парсы тілінен ауысқан. Ирандықтар «дурбин» — телескоп мағынасында қолданады. Тегінде, бұл атау да табиғатына сай. Олай дейтін себебіміз, біздегі «алыс», «қашық» сияқты сөздер парсы тілінде «дурбин» болып аталады. Ал «алыстық» — «дури». «Дүрбі» сөзі ана тілімізде «алысты көрсететін» деген мағына береді.

**ЕТІК.** Қонышты аяқ киім. Саптама етік деген де бар. Ертедегі сөздіктерде «етік» деген жалпы киім мағынасын білдірген. Қоғам дамуына және басқа да себептерге байланысты ол жалпылық ма-

ғынадан киімнің белгілі бір түрінің атауына айналған. Бұған хакас тіліндегі «өдік» — аяқ киім, ал қазақ тіліндегі «етік» — аяқ киімнің бір түрі екені дәлел бола ма дейміз.

**КЕБІС.** Мәсінің сыртынан киетін аяқ киімнің бір түрі. Бұл сөз аяқ киім мағынасында парсы тілінде де бар. Бірақ тұлғасы — «кәфш» қалпында кезігеді. Әрине, бұл оның алғашқы мағынасы емес екендігін де сол тілден іздеп табамыз. Сөздің алғашқы тұлғасы «кәф» немесе «кэфф», ал мағынасы — «табан» (аяқтың табаны). Дүние жүзіндегі бірқатар тілдерде «кәппә», «һоф», «кәпп» тұлғалы сөздер «табан» мағынасында қолданылады. Біздегі «табан» мағынасын беретін — басқа тілдердегі «кәф» сияқты сөздер келе-келе аяққа киетін киім атауы болып қалыптасқан. «Кебіс» сөзін өзімізге түсініктірек етіп қазақшаласақ, «табан киім» болып шыққан болар еді.

**КҮКІРТ.** Химиялық заттың бұл атауы өзінің түр-түсіне байланысты шыққан. Олай деуімізге себеп, түркі тілдерінің бірі — якуттықтарда «күөрт» сөзі «сарғылт-сұр» деген түсті білдіреді. Шынында да, өздерің көріп жүрген күкірт түсі сондай емес пе?

**КҮРЕК.** Бұл сөздің арғы тегі — араб тілі. Олардағы «греу» сөзі «қазу» мағынасын береді. Осы сөздің түбіріне *-ек* қосымшасы қосылып, одан соң сәл дыбыс өзгерістеріне түсіп, «күрек» атауы өмірге келген.

**ҚАЙЫҚ.** Көптеген туыстас халықтарда, атап айтсақ, Сібірдегі алтай, татар, сондай-ақ азербай-

жан, түрік тілдерінде «кай» немесе «қайы» тұлғалы сөздер «жүзу», «жылжу» сияқты мағыналарды береді. Міне, осы етістік сөздерге *-ық* жұрнағының жалғануы арқылы суда жүзетін құрал — «қайық» атауы пайда болған.

**ҚАҚПАН.** Аң аулауға арналған құрал. Бұның түбірі «кап» немесе «хап» болғандығын якут, татар тілдерінен байқауға болады. Аталған тілдердегі бұл сөздер «ұстап алу», «шап беріп ұстау» тәрізді мағыналарда қолданылады. Осы түбір сөздерге тіліміздегі *-қан* жұрнағы қосылуы нәтижесінде «қапқан» атауы туған-ау дейміз. Ал мұның қазақ тілінде «қақпан» болып өзгеріске түсуіне таңдануға болмайды, ол сөз ішінде, дыбыстардың өзара орын алмасу заңдылығынан туындайтын құбылыс. Мысалы, «дорба», «айналу» сияқты сөздер кейде «добра», «айлану» болып та айтыла береді.

**ҚАМШЫ.** Бұл атаудың шығу тегі қызық, өзіндік тарихы да бар. Жалпы «қамшы» сөзі атау болудан бұрын етістік қызметін атқарған. Оны біз чуваш, тува сияқты тілдер дерегінен білеміз. Айталық, чуваш тілінде «хамсар» біздегі «сермеу», «кезену» мағыналарын берсе, тува тілінде «ұру, соғу» — «кымчылар» делінеді. Қазақ тілімен туыстас тілдердің ішінде ең әріден келе жатқан, ежелгісі — чуваш тілі. Бірте-бірте «қамшы» сөзі өзінің алғашқы «сермеу», «кезену» мағыналарынан айрылып, біздің тілімізде атау болып қалыптасқан.

**ҚОБЫЗ.** Бұл өзі түркі тектес халықтарының бірқатарына ортақ ұлттық музыкалық аспап. Сондық-

тан да, оның шыққан тегін осы халықтар тілінен іздеу керек. Ертедегі түркі тілдері сөздігінде «қобы» сөзі «бос», «қуыс» мағыналарын берген. Ал якут тілінде осы сөзбен түбірлес, «ожау» мағынасын беретін — «хомуос» сөзі бар. Шынында да, қобыздың қуыс екенін де, оның ожауға ұқсайтынын да теріске шығара алмаймыз.

**ҚОНЫШ.** Бұл сөз қонышты аяқ киімдерге қатысты. Тунгус-маньчжур тілдеріндегі «кончэн» сөзі — «сирақ» деген мағынаны білдіреді. Кейбір тілдерде, оның ішінде қазақ тілінде, бұл сөз аяқ киіммен байланысты. Дәлірек айтсақ, етіктің сирақты жауып тұратын бөлігінің атауына айналған. Мұндай жағдайлар тілдің қалыптасу тарихында жиі кездеседі. Оны «саба», «ыдыс» және тағы басқа сөздер тарихынан оқып білесіңдер. Ол туралы кейінірек айтамыз.

**ҚОРЖЫН.** Бұл өте ерте заманда пайда болған сөз. Бұған туыстас түбір сөзді тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден ғана кездестіреміз. Ондағы «хурэ» немесе «хурэн» тұлғалы сөздер біздің тіліміздегі «қалта» деген ұғымды білдіреді. Ана тілімізде осы сөз аз-кем дыбыстық өзгеріске түсіп, «қоржын» тұлғасына айналып мағынасын көп өзгерте қоймаған. Ертеде жалпы «қалта» атаулыны білдірген «қоржын» сөзі қазақ тілінде белгілі бір заттың атауына айналған.

**ҚҰЙЫСҚАН.** Бұл сөз қайдан, қалай пайда болған? Сұраққа жауап беру үшін ертедегі түркі тілдер сөздігіне жүгінейік. Ал ондағы «қудичак» тұлғалы

сөз қазіргі қазақ тіліндегі «құйымшақ» дегенді білдірсе, қазіргі чуваш тіліндегі «хыдж» біздегі «арт» «бөксе» сөздерінің орнына жүреді. Бұлардан байқайтынымыз, сөздің ең алғашқы түбірі «қуд», қазіргі тілімізде «құй» болып өзгерген. Демек, бұл «құйысқан» сөзінің бірінші буыны.

Ал тунгус-маньчжурларда «ношшан» тұлғалы сөз «қайыс» мағынасында қолданылады. Енді алғашқы «құй» түбіріне «ношшан» сөзін қоссақ, «құй ношшан» тіркесі шығар еді. Бұл тіркес «құйрық қайыс» деген мағынаны білдіріп, қазақ тілінің заңдылығы бойынша, «құйысқан» болып өзгерген.

**ҚҰРЫҚ.** Жылқы ұстайтын бас жағында ілмек жібі бар ұзын ағаш. Ал оның атауын ертедегі түркі тілдері сөздігінен табуға болады. Онда «укруқ» сөзі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген «арқан» ұғымын білдіреді. Дыбыстардың орын алмастыруы нәтижесінде «укруқ»—«құрық» болып өзгерген. Кейбір түркі тілдерінде арқаннан жасалған ілмекті — «һурка» дейді. Бұл да арқанның алғашқы атауы «укруқ» сөзінен шыққан.

**МАГАЗИН.** Сөздің араб тіліндегі алғашқы түбірі — «хазин», ал мағынасы —«сақтау» немесе «сақтайтын үй, орын». Түбірдің алдына сол тілдегі «ма» буыны қосылып «махазин» аталып, «қамба» мағынасын беретін болған. Сонымен «магазин» сөзінің ертедегі мағынасы — «жиналған затты сақтайтын орын» болады.

**МЕС.** Айран, қымыз сияқты сусындарды құятын қой немесе ешкі терісінен жасалған ыдысты бұрын

осылай атаған. Тәжік, парсы тілдерінде «меш» сөзі «қой» деген мағына береді. «Меш» сөзі қазақ тілінде «мес» қалпында тұлғаланып, мағынасы жағынан қой терісінен жасалған ыдысты білдірерлік өзгеріске түскен, атауға айналған. Демек, «мес» дегеніміз — қой терісінен жасалған ыдыс.

**МӨР.** Белгілі бір документті айғақтап, қағазға басқанда белгі қалдыратын кеңсе құралы. Монғол, қалмақ тілдерінде «мер»—«із» деген ұғымды береді.

**ОҚТАУ.** Қамыр жаюға қажетті ағаштан жасалған құрал. Ол өзі жұмыр болып келеді. Атауы да осы қасиетіне байланысты екендігін ертедегі түркі тілдерінің сөздігі дәлелдейді. Онда «оқлағи» сөзі қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген «жұмыр» деген мағына орнына жүрген. Кейде жылқы малының мүсінін сипаттағанда «оқтаудай» деген сөзді жиі қолданатынымыз да тектен-тек болмаса керек.

**ӨМІЛДІРІК.** Ердің алдыңғы жағына байланып, аттың омырауы арқылы алдыңғы тартпаға бекітілетін жабдық. Оның атқаратын қызметі ерді кейін жібермеу. Аттың кеудесі түркі тілдерінің кейбіреуінде осы түбірмен дыбыстас сөздермен аталады. Мысалы, өзбекше — «өмген», хакас тілінде — «өмых» немесе «омыр» делінсе, түрік тілінде «омуз» біздегі «омырау» мағынасын береді. Осы сөздер сәл өзгере келіп, «өмілдірік» сөзінің түбірін тудырған. Одан әрі «өміл» түбіріне кейінгі кезде қазақ тілінде жұрнаққа айналған «ілдірік» қосылып, «өмілдірік» сөзі пайда болған. Жұрнақ деп отырған «ілдіріктің» алғашқы кездегі мағынасы «ілу» деген етістікті біл-

дірген. Осы арқылы пайда болған «көзілдірік» сөзін еске салуға болады. Сөйтіп, «өмілдірік» дегеніміз «кеудеге ілетін» деген мағынаны ұғындырады екен.

**ПЕРНЕ.** Домбыраның мойнына тағылған белгілдерді осылай атаймыз. Домбыраның бұлбұлша сайрауы — саусақтың перне бойымен қозғалуына байланысты екені белгілі. Осыған орай, «перне» атауының пайда болуы саусаққа қатысты болса керек деген ой туады. Ойымызды басқа бір түркі тілі дерегі растайды. Чуваш тіліндегі «пөрне» сөзі қазақтардағы «саусақ» мағынасында қолданылады. Осыған қарағанда өте ертеде түркі тілдерінде саусақ мағынасын беретін «перне» домбыра мойнындағы белгілерге атау болып ауысқан ба дейміз.

**САБА.** Қазіргі тілімізде «саба» сөзі белгілі бір ыдыстың атауы — жылқы терісінен жасалған қымыз ашытатын ыдыс. Алайда, өте ерте кездерде біздің тіліміздің өзінде де бұл сөз тек қана «ыдыс» мағынасын білдірген сияқты. Өйткені қазірдің өзінде тувалар мен Сібір халықтарының кейбіреулерінде «сава» тұлғалы сөз жалпы ыдыс атаулыны білдіреді. Ал қазақ тілінде «ыдыс» сөзі пайда болғаннан кейін «саба» жеке бір заттың атауына айналған.

**СҮЛГІ.** Беті-қолды сүртінетін орамал. Бұл сөздің тегі түркі тілдерінен шыққан. Мысалы, тува тілінде «чүлгүүр» сөзі «сүрту», «тазарту» мағыналарын білдіреді. Түркі тіліндегі кейбір сөздерде «р» дыбысының түсіп қалу және ч, с дыбыстарының өзара алмасу заңдылықтарын еске алсақ, «чүлгүүр» сөзінің қазақ тілінде «сүлгі» түрінде көрінуі дәстүрлі

құбылыс. Сөйтіп, «сүлгі» сөзінің пайда болуы «сұрту» етістігімен тығыз байланысты дер едік.

**ТОСТАҒАН.** Бұл атауды естігенде ағаштан жасалған кішілеу дөңгелек ыдыс еске түседі. Өте ерте кездерде ыдысты ағаштан ойып істемей-ақ, қайың сияқты ағаштың қабығынан да жасағандығына кейбір тіл дерегі дәлел болады. Мысалы, хакас тілінде қайың қабығынан жасалған ыдыс мағынасын «төөс» сөзі бере алады. Ал тува тілінде қайың қабығын «тос» десе, қазақ тілінде «тоз» қалпындағы тұлға ұғындырады. Шамасы, алғашқы түбір сөз «тос» тұлғасына кейін жұрнақтар қосылу нәтижесінде (тос+та+ған) «тостаған» сөзі пайда болып, ол атау осы күнге дейін сақталған.

**ТҮНДІК.** Сөздің қазіргі кездегі мағынасы — шаңырақты жабатын киіз. Басқа бір тілдерде бұл тұлғалас сөз өзгеше мағынада қолданыла береді. Сібір татарларында «төндөк» тұлғасы «түтін шығатын тесік» мағынасында, ал якуттарда «түннүк» біздің тіліміздегі «терезе» дегенді ұғындырады. Ертедегі түркі тілдерінде «түнлүк» сөзі үйге жарық түсетін немесе үйден түтін шығатын тесік мағынасында қолданылған. Осыған қарағанда алғашқы кезде сөз түбірі «тұң» болып, мағынасы тек «тесік» дегенді ұғындырған деуге болады. Кейін әр тілге тән жұрнақтар жалғанып, әр түрлі мағынаға ие болған.

**ҰРШЫҚ.** Жіп иіру үшін қолданылатын құрал. Жіпті иіргенде «ұршық» үнемі айналып тұруы қажет. Міне, осы қасиетіне орай оның атауы пайда



болған. Монғол тілінде «орчих» сөзі қазақ тіліндегі «айналу», «шыр айналу» мағынасында қолданылады. Кейбір түркі тілдерінде де (якут, тува сияқты) монғол тіліндегі «орчих» тұлғасына сәйкес сөздер осындай мағына береді.

**ҰСТАРА.** Шаш алып, сақал-мұрт қыратын өткір пышақты осылай атайды. Якут тіліндегі «устар» сөзі «алу», «жалаңаштау» мағынасын берсе, тува тіліндегі «уштур» сөзі де дәл осы мазмұндас болып келеді. Парсы тіліндегі «осторэ» де біздегі «ұстара» ұғымын береді. Бұған қарап, парсы тілінен ауысқан деу қиын. Өйткені ирандықтарда бұл тек ауызекі тілде ғана қолданылады. Демек, парсы тіліне түркі тілдерінен қабылданған болса керек.

**ҮТІК.** Киімнің қырыс-тырысын жазып, тегістейтін құрал. Оның алғашқы түбірі — ертедегі түркі тілінде «үті» дыбыс құрамында кездесіп, «тегістеу», «сипау» деген мағына білдірген. Осындай жұмыстар атқаратын құрал -к жұрнағының нәтижесінде «үтік» атауына ие болған. Осы сөз кейін түркі тілдерінен басқа да тілдерге ауысқан.

**ШАҚША.** Насыбай (ерінге салып ататын үгілген темекі) салатын ыдыс осылай аталады. Ертеде мұндай ыдысты көбіне сиыр мүйізінен жасайтын болған. Оның «шақша» аталуы да осыған байланысты. Парсы тілінде «шақ» сөзінің екі түрлі мағынасы бар: бірі — бұтақ, екіншісі — мүйіз. Әрине, «бұтақ» алғашқы мағына. Бұтаққа ұқсатудан екінші — «мүйіз» мағынасы пайда болған. Мүйізден жасалған зат -ша жұрнағының жәрдемімен «шақша» атауын иеленген.

Демек, «шақша» дегеніміз — қазақ тілінде «мүйізше» деген ұғым береді.

**ШАЛБАР.** Бұл сөз бәріңізге де түсінікті. «Шалбардың» алғашқы мағынасы басқаша болғанын кейбір түркі тілдері дерегінен білеміз. Мысалы, чуваш тіліндегі «шалпар» тұлғалы сөз «қолқылдақ», «кең» деген мағына береді. Осыған қарағанда, киімнің бұл түрі ертеректе «кең» қалыпта тігіліп, атауын сол қасиетіне қарай алған-ау деуге болады. Алғаш «шалпар киім» (кең киім) болып қосарлана айтылып, кейін келе «киім» сөзі түсіріліп, «шалпар» (қазақша «шалбар») болып шыққан.

**ШАҢҚОБЫЗ.** Ұлттық музыка аспабымыздың бірі. Ол өзі екі сөзден құралған. Алғашқысы — «шаң», соңғысы — «қобыз». «Қобыз» туралы жоғарыда айттық. Тіліміз ұқсас тунгус-маньчжурлықтарда «шэң» тұлғалы сөз «сыбызғы» мағынасында қолданылады. Бірақ бұл да кейінірек пайда болғанға ұқсайды. Шор, телеуит, алтай сияқты түркі тілдеріндегі «шаң» сөзі қазақ тіліндегі «қоңырау» сөзінің баламасы. Егер осыларды еске алсақ, қазіргі «шаңқобыздың» бұрынғы мағынасы — «қоңырау қобыз» болар еді. Бірақ ол біздің тілімізге шаңқобыз боп сіңісіп кеткен.

**ШАҢЫРАҚ.** Киіз үйдің талдан иіп, дөңгелектелген, күмбез сияқты көрініс беретін жоғарғы бөлігін осылай атайды. «Шеңбер», «күмбез» сөздері якуттарда «чампарык» немесе «чампырык» делінеді. Ал біздегі «шеңбер», «дөңгелек» сөзіне монғол тіліндегі «цагираг» сөзі балама бола алатын көрінеді.

Сонымен, қазіргі кездегі «шаңырақ» сөзі -ақ жұрнағы арқылы пайда болған әуелгі «шеңбер» сөзінің туындысы деуімізге әбден болады.

**ШҰЛЫҚ.** Мұның да алғашқы шыққан тегі — түркі тілдері. Хакасша «сулға», туваша «чылығлаар», қырғызша «чулга» сөздері қазақ тілінде «орау», «қымтау», «шанду» деген мағыналарды береді. Етік ішінен аяққа орайтын матаның «шұлғау» деп аталатынын да еске сала кеткіміз келеді. Осы «шұлғау» және «шұлық» сөздерінің алғашқы түбірлері «сулға» немесе «чулга» екенін аңғару қиын емес. Сөйтіп, тіліміздегі «шұлғау» да, «шұлық» та қазіргі түсінігіміздегі «орау» деген сөзбен бірдей мағына беретін болған.


**ШЫБЫРТҚЫ.** Бұл да өз атауын атқаратын қызметіне қарай иеленген. Ертедегі түркі тілдері сөздігіндегі «чыбырт» немесе қазіргі якут тіліндегі «сырбат» сөздері қазақша «сабаллау», «ұру», «соғу» деген мағыналар орнына қолданылады. Осы сөздерге (әсіресе «чыбырт») -қы жұрнағы жалғанып мал айдаушылар мен көлік жүргізушілерге қажет «шыбыртқы» атауы шыққан.

**ШЫМЫЛДЫҚ.** Ертеректегі мағынасы — үй ішіндегі нәрселерді тасалап ұстауға арналған пердені білдірген. Қазір біз оны сахнада пайдаланамыз. Ал бұл сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде кездеседі. Онда «чомушлук» — суға түскенде ұстайтын перде деп түсіндірілген. Бұл да жұрнақтар арқылы пайда болған тұлға екенін тағы да сол сөздіктен табамыз. Өте

ерте кезде «чом» түбір сөзі — «суға түсу», «сүңгу» деген мағынада қолданылған. Осы түбірден қазір тілімізде жиі қолданылатын «шомылу» етістігі шыққан. Одан әрі жұрнақтар қосылу арқылы шомылу кезінде пайдаланатын бұйымның атауы «чомушлук» пайда болып, ақырында қазақ тілінде ол «шымылдық» аталып, мағынасын да өзгерткен.

**ЫДЫС.** Ішіне әр түрлі нәрселер салып, ас-су құятын заттың жалпы атауы. «Ыдыс» сөзі көп дәуір, талай заманды басынан өткізіп барып қазіргі мағынасына ие болған. Сөздің өте ежелгі мағынасы тіпті басқаша болғандығын қазіргі кездегі кейбір түркі тілдерінен ғана білеміз. Якуттағы «ытыс», тувалардағы «адыш», тофалардағы «адыш» тұлғасындағы сөздердің бәрі қазіргі қазақ тіліндегі «алақан» мағынасының орнына қолданылады. Бұдан байқайтынымыз, адам баласының өте ерте заманда белгілі бір нәрсені сақтайтын алғашқы қуыс ыдысын алақанға ұқсатқандығы. Сондықтан да, алақанның алғаш «ыдыс» аталуына таңдануға болмайды. Бертін келе кейбір түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде «ыдыс» зат салатын атауға көшкен де, «алақан» жеке атау болып қалыптасқан. Сонымен, қазақ тіліндегі ертедегі «қол» мағынасын беретін «ыдыс» сөзінің ескерткіші есебінде — «уыс» сөзі тілімізде сақталып қалған.

IV. ЖАРАТЫЛЫС  
ЖӘНЕ  
ЖАНУАРЛАР  
АТАУЛАРЫ



**ДАРИЯ.** Кейде үлкен өзен, көл, теңіздерді «дария» деп те атаймыз. Кейбір зерттеушілер бұл сөздің шыққан тегін парсы тілі дейді. Біздің байқауымызша, с мәні, тарихы түркі тілімен төркіндес тәрізді. Мысалы, атақты ғалым В. Радловтың көрсетуінше, қарайым тілінде «дарйа» — түпсіз, терең мағынасында қолданылады. Ертедегі түркі тілдері ескерткіштерінде «терә» тұлғасы «алқап», «ойпат» мағынасын білдірген. Осыған қарағанда «дария» сөзінің түбірі «терә» болса керек. Бұның өзі бәрімізге белгілі «терең» сөзін тудырған. Сөйтіп, «дарйя» дегеніміз — «тереңнің» дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі.

**КЕМПІРҚОСАҚ.** Өткінші жауынан кейін көкжиекте пайда болатын түрлі-түсті бояулы құбылыс осылай аталатыны өздеріңе белгілі. Атаудың пайда болуы жөнінде ертегі сияқты аңыз әңгімелер де жоқ емес. Ал, шын мәнісінде, «кемпірқосақ» екі сөздің туындысы. Біріншісі, парсы тіліндегі «кемер», екіншісі

араб тіліндегі — «кузах» сөздері. Алғашқы, парсы сөзі (кемер) қазақша — «күмбез», ал кейінгі, араб сөзі (кузах) — әшекей деген мағына білдіреді. Осы екі сөзді қазақтар қабылдағанда өз тілінің ыңғайына сәйкестеп, «кемерді — «кемпір», «кузахты» — «қосақ» қалпына дейін өзгертіп, әрі сөздердің орнын ауыстырып «қосақ кемпір» демей, «кемпірқосақ» деп, айтуды жеңілдеткен. Енді осы сөзді қазақ тіліне аударсақ — «әшекейлі күмбез» деген түсінік туар еді. Шынында да, «кемпірқосақ», аспандағы сәнді күмбез сияқты емес пе.

**ҚҰЗ.** Бұл сөз көбіне тау бедеріне байланысты қолданылады. Қазіргі түсіндірме сөздігіміз оны тау шыңы, тік шатқал, биік жартас деп ұғындырады. Ал шын мәнісінде, құз бен шыңның мағына жағынан айырмасы бар. Ертедегі түркі тілдерінде «құз» деп таудың күн түспейтін жағын айтқан. Бұған сол кезден келе жатқан «құздың қары кемімес, қойдың майы кемімес» деген мақал да дәлел.

**ҚҰЙЫН.** Үйіріле, ұйтқи соғатын күшті жел осылай аталады. Әдетте, жел ауаның қозғалысынан пайда болатынын білесіңдер. «Құйын» сөзінің тарихын осымен байланыстыра қарасақ оп-оңай табамыз. Монғол тілінде «хий», буряттарда «хии» сөздері біздің тілімізде «ауа» мағынасын береді. Ал осы тұлғаларға төркіндес «кей» сөздері — «жел» мағынасын да бере алады екен. Түркі тілдерінде де «құй» түбірлес сөз «ауа», «жел» мағыналарын беріп, сол түбірге *-ын* қосымшасы жалғанып, ауа қозғалысының, желдің қатты екпінін түсіндіретін — «құйын» сөзі қалыптасқан.

**МҰХИТ.** Жер шарында төрт-ақ мұхит бар. Міне, сондай үлкен суды араб тілінде «мухит» дейді. Біздің тілімізде ол «мұхит» болып қалыптасқан. Араб тілінде ертеден-ақ «мухит» сөзі — айнала, қоршау, орта сияқты ұғымдарды білдірген. Шынында да, жер шарында су көп болғандықтан бүкіл құрылықты қоршап тұрғаны рас.

**НАЙЗАҒАЙ.** Жауынды күндері күн күркіреп, күшті жарқыл пайда болады. Оны «найзағай» деп атаймыз. Найзағайдың оты (жай) жерге түссе, өрт те шығады. Оның атауы да осы қасиетіне байланысты. Мысалы, монғол тіліндегі «ноцоох» сөзі біздің тілде «жандыру» дегенмен бірдей. Сол сөз қазақ тіліне ауысқанда, «найзағай» тұлғасына дейін өзгерген.

**НӨСЕР ЖАҢБЫР.** «Нөсер» сөзі қазақ тілінде тек «жауын», «жаңбыр» сияқты екі тұлғамен ғана тіркеседі. Осыған қарап, оның анықтауыш қызметін атқарып тұрған сын есім екендігін аңғарамыз. Ал монғол тілінде «нүсэр» тұлғасы біздегі «қиын», «қатты», «ауыр» мағыналарын береді де, кез келген сөзбен тіркесе береді. Осыған қарағанда, «нөсер жаңбыр» дегеніміз — «қатты жаңбыр» дегенмен ұғымдас.

**САҒЫМ.** Ауа құбылысының әсерінен далалы жерде байқалатын әр түрлі көріністер қазақ тілінде осындай атауға ие болған. Мұндайда кіші заттардың зорайып, кейде алыстағы жақындап, болмашы нәрселерден түрлі бейнелер көрінетін жағдайлар да кездеседі. Олардың «сағым» аталуы да осындай қасиеттеріне байланысты деуге болады. Сөздің шыққан тегі парсы тілі болса керек. Өйткені оларда «сағим» тұл-



ғасындағы сөз — қазақ тіліндегі «жалған», «бұрыс» сияқты мағыналарда қолданылады. Расында да, сағым көріністері көп жағдайда алдамшы, жалған екендігін байқаймыз. Парсы тілінің осы сөзі кейбір түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне еніп, ауа құбылысының осындай қасиетіне атау болып қалыптасқан.

**ТЕҢІЗ.** Бір жағы мұхитпен ұштасатын үлкен су қоры — тілімізде осылай аталады. Кейбір түркі тілдерінің мәліметіне қарап, сөздің екі түбірден пайда болғандығын аңғару қиын емес. Хакас тілінде «тиньіс» тұлғасындағы сөз қазақ тіліндегі «мұхит» мағынасында қолданылады. Біздің байқауымызша, бірінші түбір «тинь» біздегі «тегіс» сөзімен мағыналас та, ал «іс» қазақ тіліндегі «су» мағынасын беретін хакас сөзі «ус» тұлғасының бірігу нәтижесінде өзгерген түрі (тинь+ус>теньіс). Сөйтіп, «теңіз» сөзін осы тұрғыдан түсіндірсек, «тегіс су» деген мағынаны білдірер еді. Мұндай үлкен су бетінің тегіс сияқты болып көрінетіні белгілі.

**ТОПАН.** Көбіне ертегі, аңыз әңгімеде жер бетін басқан тасқын суды осылай атайды. Кейде «топан су» деген тіркес қалпында да айтылады. Осыған қарағанда «топан» сөзінің өз алдына, жеке мағынасы барлығын байқаймыз. Іздестіре келгенде мұны парсы тілінен табамыз. Бұл тілдегі «туфан» тұлғасы қазақша «дауыл» дегенді білдіреді. Күшті дауыл соққанда теңіз, мұхит сулары көтеріліп сұрапыл су тасқыны болады. Табиғаттың осы құбылысына орай «топан су» дегеніміз біздің тілімізде — «дауыл суы» дегенмен

бірдей. Демек, дауыл айдап әкелген су деп түсінуге болады.

**ШЫҢ.** Таудың ең биік, ұшар басы. Ертеректе «шың» сөзінің мағынасы басқаша болғанын, кейбір түркі тілдері арқылы білеміз. Мысалы, якут тілінде «чааңы» тұлғасындағы сөз біздің түсінігіміздегі «жалаңаш жартас» дегенді ұғындырған. Ал тунгус тілдерінде «йаң» сөзі тек қана «жартас» ұғымын берген. Міне, осындан барып «шың» сөзі пайда болған.

\* \* \*

**АКУЛА.** Мұхит пен теңізде кездесетін үлкен жыртқыш балықты тек қазақ тілі ғана емес, басқа түркі тілдері мен орыс тілінде де осылайша атайды. Осыған қарағанда түркі тілдеріне басқа бір тілден ауысып келген деген жорамал айтуға тура келеді. Ондай тіл — парсы тілі болса керек. Бұл тілде: акул — «обыр», «тоймайтын», «қанағатсыз» деген мағыналарда қолданылады. Шын мәнісінде, акуланың жыртқыштық қасиеті басқа балық атаулыға қарағанда анағұрлым басым. Осы қасиетіне байланысты «акула» атына ие болған тәрізді.

**АҚҚУ.** Көлге көрік, жағаға сән беретін, ал ұша қалса аспандағы ақша бұлтқа ұқсайтын әсем де сұлу құсты өздерің де талай көрген боларсыңдар. Оның аты түсіне байланысты қойылған. «Аққу» дегендегі алғашқы буын — «ақ». Өздерің күнде қолданып, күнде айтып жүретін «ақ қағаз», «ақ мақта» сияқты сөздердегі заттың түсін білдіретін «ақ» сөзімен мағынасы

бір. Сендерге түсініксізі екінші буындағы — «ку». Қазақ тілімен туыстас тілдердің бірі хакас тілінде «хуу» сөзінің мағынасы біздегі «ақ» сөзімен бірдей. Осыдан «ақ+ку» (ақ-хуу) сөзі пайда болған. Оны толық қазақшаласақ «ақақ» болмақ. Әрине, аққу құсының қара түстісі де бар. Бірақ, біздің жиі көретініміз ақ түстісі. Сөйтіп, «аққу» өз атын «ақ-ақ» деп күшейте айту нәтижесінде иеленген. Басқаша айтқанда, «аппақ» сөзімен барабар.

**АРЫСТАН.** Халық аузында «аңдар патшасы» делінетін бұл аңның аты — оның ерекше қасиеті мен тұлғасына қарай қойылған. Хакас тілінде «арсыл» сөзі «ашулы, қатал» деген мағынаны білдіреді. Тағы бір туыстас халық — алтай тілінде «тісті, азулы» деген мағынаны ұғындырады. Осы «арсыл» сөзіне, үйреншікті *-ан* қосымшасы жалғанып, «арсылан» пайда болған. Қазақ тілінде бұл тұлға «арыстан» қалпына дейін өзгерген. Сөйтіп «арыстан» — «тісті аң», «азулы аң» дегенмен бірдей.

**АЮ.** Бұл аңның екі түрін білесіндер: қоңыр аю, ақ аю. Аю әрі күшті, әрі қорқынышты аң. «Аю» деген атын осы көрсетілген қасиеттеріне байланысты алған деуге болады. Өте ертеде тасқа қашалған жазуда «айын» — қауіпті, ал «ай» — қорқынышты деген мағыналарды білдірген. Мұндай мағыналы сөз қазіргі монғол тілінде де бар: аюул — қауып, айх — қорқу, шошу деген түсінікте қолданылады. Сөйтіп, бұл аңның аты тілімізде ертеректе «қорқынышты», «қауіпті» сияқты мағыналарда қолданылған — «ай», «айын», сөздерінен шыққан.

**БУРА.** Түйе малының екі түрі бар: бірі — айыр (екі) өркешті, екіншісі — жалғыз өркешті (нар). Айыр өркешті түйенің еркегін — бура, ал нар түйенің еркегін — үлек деп атайды. «Бура» атауы да оның өзіне тән мінез-құлқына байланысты пайда болған. Монғол тілдерінің бірі — буряттарда «бураа» сөзі «құтырған», мағынасын береді. Шынында да, айыр түйе еркегі көктем кезінде еліреді. Ашуланып, ызалануды қазақ тілінің өзінде де «бур» түбірлес сөзбен берілетіндігін батырлар жырынан да кездестіреміз: «Буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды». Сөйтіп, «бура» — еліру, құтырудың ертедегі дыбыстық тұлғасы.

**БУЫРШЫН.** Тілімізде 4 жастағы еркек түйені осылай атайды. Бұл жастағы түйе жүнінің түсі сұрғылт, бозғылдау болады. «Буыршын» түйе де өз атауын осыған байланысты меншіктенгендігі байқалады. Өте ертеректе біздегі «боз» сөзін түркі тілдерінде «бор» қалпында айтқан. Бұл ойымызды тува тілінде «боз» сөзінің «бора», якут тілінде «бороң» болып дыбысталуы дәлелдейді. Ал монғол тілінде «сұрғылт», «боздау» сияқты мағыналарды «борогчин» сөзі береді. Сөйтіп «буыршын» сөзінің алғашқы мағынасы — «сұр», «боз» мағыналарын беретін «бор» түбіріне «шын» жұрнағы қосылып, «боздау», «сұрғылт» дегенді ұғындырған.

**БҰЛҒЫН.** Түлкі сияқты терісі бағалы аңдардың бір түрі. Жамбыл өлеңдерінің бірінде: «Бермедің қалы кілем, бұлғын ішік» делінеді. Осындағы «бұлғын ішік» — бұлғын терісінен істелген киімді аңғартады.

«Бұлғын» сөзінің түбірі — «бул» қалмақ тілінде «түк», «түбіт» деген мағыналарды ұғындырады. Осы түбірге (бул) монғол тілдеріне тән «гин» жұрнағы қосылып, «түбітті», «түкті» мағынасын беретін «бұлғын» атауы туған. Басқаша айтқанда, бұл атау аң түгінің қымбаттылығынан, түбітке ұқсатудан шыққан.

**ДУАДАҚ.** Қаз тұқымдас дала құсын біз осылай атаймыз. Сырт қарағанның өзінде қос сөзден құралып, қалыптасқаны көрініп-ақ тұр. Бірінші сөз дуа, екіншісі — дақ. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде қазіргі «түйе» аталатын мал «деуэ» дыбыс құрамында қолданылған. Осы тұлға қазіргі кезге дейін кейбір түркі тілдерінде, дәлірек айтсақ, түрікмендерде сақталып «дүе» қалпында айтылады. Ал екінші буындағы «дақ» қазіргі тіліміздегі «сияқты», «тәрізді» мағыналарының ертедегі түрі. Ол қазақ тілінде жұрнаққа айналып *-дай, -дей* (баладай-бала сияқты т. б.) қалпына дейін өзгерген. Сөйтіп, «дуадақ» атауымыз — «деуэ» және «дақ» сөздерінен пайда болып, мағынасы — «түйедей» немесе — «түйе сияқты құс» дегенді нұсқайды.

**ЕЛІК.** Бұғы тұқымдас жануар. Қазақтарда әдемілікті білдіретін «еліктің лағындай» деген теңеу де кездеседі. Бұл жануар да өз атауын бойына біткен тез, әрі әсем жүру қасиетіне байланысты алған тәрізді. Якут тілінде «елік» сөзі — тез, шапшаң, епті деген мағына береді. Ерте кездерде қазақтар да шапшаң, жылдам сөздерінің орнына «елік» сөзін қолданған деген жорамаға жол береміз.

**ЖАЙЫН.** Жыртқыш балықтың бір түрі. Оның

бұл атауы Орта Азиядағы кейбір түркі тілдерінде ғана кездеседі: Қырғыздарда — жайын балық, түрікмен тілінде — яйын. Сібір, Алтай төңірегіндегі түркі тілдеріне дәл мұндай атау жайылмаған. Осыған қарағанда «жайын» сөзінің тегі басқа тілдерден шыққан деуге тура келеді. Парсы тілінде: жийан — жыртқыш және үрейлі, қорқынышты мағыналарында қолданылады. Біздің өзендерімізде кездесетін балықтың бұл түрі басқаларға қарағанда, шын мәнінде, үрей туғызарлықтай. Осыған орай «балық» сөзінің алдына парсыдан енген, «жийан» сөзі қосылып, «жийан балық» қалпында көрініп, кейінірек «жайын балық» одан әрі «балық» сөзі түсіріліп, «жайын» болып қалыптасқан. Алғаш «жайын балық» қалпында болғандығын қырғыз тілі дерегі көрсетіп отыр. Сөйтіп, «жайын» атауының мағынасы — жыртқыш, үрейлі, қорқынышты балық дегенге саяды.

**ЖАПАЛАҚ.** Жыртқыш құстардың бір түрі. Сырт қарағанда, құстарда құлақ бар екенін аңғару қиын. Өйткені, олардың құлағы көзге көрінбейді. Ал жапалақтың кейбір түрінде құлағы көрініп тұрады. Сондықтан да оларды «құлақты жапалақ» дейді. Осымен байланысты «жапалақ» сөзі екі түбірден құралған деп жорамалдаймыз. Бірінші «йап». Бұл сөз түрік тілінде «үнсіз», «тым-тырыс» деген мағына береді. Екіншісі — «құлақ». Бұл бәрімізге таныс сөз. Екі түбірді қосқанда «йапқұлақ» пайда болады. Кейбір туыс тілдердегі «й» дыбысы орнына қазақ тілінде «ж» қолданылады. (Татарша — йақшы, қазақша — жақсы). Екі сөз қосылғаннан кейін соңғы

түбірдің бас дыбысы — «қ» түсірілген. Осылайша «йапқұлақ» сөзінен «жапқұлақ» одан әрі «жапұлақ» сөзі келіп шыққан. Кейін келе, «а» дыбыстарының қоршауына түскен «ү» солардың ыңғайына қарай сәйкестеніп, «жапалақ» болып өзгерген. Басқа құстарға қарағанда «жапалақтың» тыныштық сақтауға төзімі жететіндігін еске алсақ, оның атының пайда болуы жөніндегі жорамал теріс емес сияқты. Ал дыбыс өзгерістері тілдегі заңдылықтан туған.

**ЖОЛБАРЫС.** Жыртқыш аң. Бұл да атауын түсіне, тұлғасына сәйкес алған. Аң терісі жолақ сызықтармен таңбаланған. Біздегі «жолақ» сөзі қырғыздарда «жолдуу» дыбыстық құрамда көрінеді. Аң атауындағы бірінші буын «жол» — жолақ, жолдуу сөздерінің қысқарған түрі. Ал екінші буындағы «бар» — ертедегі түркі тілдерінде «үлкен» мағынасын білдірген. Соңғы буын *-ыс* — жұрнақ. Осы үш буынның қосындысы «жолбарыс» сөзі «жолақ үлкен аң» деген мағынаны аңғартады. Кейінгі кездерде «аң» сөзі түсіріліп «жолбарыс» түріне дейін ықшамдалған.

**ЖЫЛҚЫ.** Мінсе — көлік, сауса — қымыз беретін төрт түлік малдың бірі. Бірақ «жылқы» сөзі алғаш қандай мағынада қолданылғанын біле беру оңай емес. Айғыр, ат, бие, құлын, тай атаулының жиынын «үйір» деп атайтынын білесіңдер. Біздің осы ойымызды тува тілінің дерегі анықтайды. Оларда дәл осындай — «үйір» деген ұғымды «чылгы» сөзі береді. Сөйтіп, «жылқының» алғашқы мағынасы

«үйір» деген сөзден шыққан деп айтуымызға әбден болатын сияқты.

ИТ. Адам баласының алғаш қолға үйреткен жыртқыш аңдарының бірін біз қазір осылай атаймыз. Ал жануарлар дүниесіне кіретін құстар мен аңдарға ат қою олардың іс-әрекеті, түсіне, дыбыс шығаруына байланысты болатыны да бар. Айталық, көкек, тоқылдақ тағы басқалар. Сол сияқты «ит» те өз атауын тұла бойына біткен қасиетіне орай алған. Тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің көбінде «иит», «иитмэт» сияқты тұлғалар «ырылдау», «тісін қайрау» мағыналарында қолданылады. Демек, ит те өз атауын сол қасиетіне сай иеленген деуімізге әбден болады.

КӨГЕРШІН. Бұл атау құстың түсіне байланысты пайда болған. Сөз түбірі — көк. Осы түбірге түрлі жұрнақтар қосылу арқылы көк түсімен тектес басқа да реңдер (түстер) атаулары жасалатыны белгілі. Якут тілінде «көгөлчор» немесе «көгөччер» сөздері — болат реңдес, қара көк деген түсті аңғартады. Барабара осы тұлғалас атау қазақ тілінде «көгершін» қалпына дейін өзгеріп, кейін келе құс атауына көшкен.

Көгершінді қазақтар кейде «кептер» деп те атайды. Бұл атау да құстың түсіне байланысты қойылған. Қазақ тіліне, жалпы түркі тілдеріне, туыстығы жағынан жақын саналатын маньчжур тобындағы тілдердің бірінде «һэпкэмэ», екіншісінде «һэвкэн» сөздері «сұр», «сұрғылт» сияқты мағыналарды береді. Бұлардағы сөз түбірі «һэп» болса, осыған қазақ тіліне тән жұрнақ *-тер* қосылып, «кептер» пайда болған. Ал құс



түсінің көбіне сұр, қара көкшіл болып келетіні белгілі.

**КІРПІ.** Бұл мақұлық та өз атауын тікелейден тікеніне байланысты алған. Ертеде шыққан сөздіктердің бірінде «тікен», «тікенек» деген мағынаны «қорі» сөзі білдірген. Осыған *-ні* жұрнағы жалғану арқылы «кірпі» пайда болып, оның мағынасы «тікенекті» дегенді ұғындырған. Тіпті адам мен жануарлар көзінің маңайындағы «кірпік» аталатын зат атауы да осы «тікен», «тікенек» мағыналарымен тамырлас деуге болады.

**ҚАРЛЫҒАШ.** Күнде көріп жүрген осы бір кішкене құстың атауы өзінің түр-түсіне байланысты пайда болған. Қазақ тілінде ақ пен қара түстердің араласып келуін «қара ала» деп те айта береді. Ал мына құстың түсі — тек ақ пен қараның араласуынан тұрады. Сондықтан оның алғашқы атауы — «қара ала құс» болған сияқты. Бертін келе, сөздердің біріге түсуінен кейбір дыбыстар түсіп, соның салдарынан қалған дыбыстар өзгеріске ұшырай отырып «қара-лақұс» одан әрі «қарлақұс», «қарлығұс», «қарлығаш» қалпына дейін өзгерген. Сөйтіп, құс атауы «қарлығаш» — «қара ала құс» деген мағынадан шыққан.

**ҚАСҚЫР.** Жалпы жұртқа кеңінен мәлім, жыртқыш аңдардың бірі. Буряттарда біздегі «тістеу», «қабу» мағыналарын, «хасха» сөзі ұғындырады. Осы сөзге *-р* қосымшасының жалғануы нәтижесінде, «қасқыр» атауы шықса керек. «Хасқа» сөзіндегі соңғы «а» дыбысының «ы» болып өзгеруі тіл заңдылығында жиі кездесетін құбылыс. Мұны мысалы, кей жерлерде

кездесетін «арқалы», «қажарлы» сөздерінің әдеби тілімізде «арқылы», «қажырлы» болып өзгергенінен де байқауға болады.

Қасқырды біз «бөрі» деп те атаймыз. Оның бұлай аталуына қасқырдың табиғи белгілері себеп болған деген жорамал бар. Соның бірі — якут тілінде қасқырдың алдыңғы аяғындағы қара жолақ белгіні «бөрте» деп атайды екен. Ал келе-келе ондағы «т» дыбысының түсіп, «бөре», «бөрү», «бөрі» қалпына дейін өзгеруіне таңдануға болмайды.

Екінші бір табиғи белгі — қасқыр түсінің сұр болып келуі. Қазақ тіліндегі «сұр», «боз» сияқты түстерді якутша «бороң», монғолдарда «боро» қалпында қолданады. Осы сөздер біздің тілімізде «бөрі» дыбыстық тұлғасына дейін өзгерген бе дейміз. Соңғы пікірдің дұрыстығын халық аузындағы: «Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін соғады» деген мақал да растай түскендей.

**ҚОРАЗ.** Қазақстанның кей жерінде әтешті осылай деп те атайды. Ал түркі тілдері ішінен оны түрікмендер, ұйғырлар, құмықтар, қырғыздар, қарақалпақтар қолданады. «Қораз» сөзі ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де ұшырасады.

Сөздің шыққан төркіні парсы тілі. Оларда «хорус» сөзі әтеш деген мағына береді. Бұл атауды ол өзіне тән қасиеттердің бірі — айқайлау, шақыруға байланысты иеленсе керек. Өйткені парсы тілінде: хоруш — айқайлау мағынасын ұғындырады.

Ал Қазақстанның енді бір жерлеріндегі тұрғындар қоразды «әтеш» дейді. Сөз түбірі «ата» деп қарар

болсақ, онда ноғай, башқұрт, татар тілдерінде онымыз жануарлардың еркегі деген мағына берер еді. Чуваш тілінде «әтеш» «автан» делінеді, ал якуттарда «атас» — бұлғынның еркегі. Осы деректерден-ақ «әтеш» сөзінің түбірі «ата» екендігін аңғарамыз. Біз қаздың еркегін «ата қаз» деп те атаймыз. Сондықтан «әтеш» сөзін «атас» тұлғасының дыбыстық өзгеріске түскен түрі деуімізге әбден болады.

**ҚОЯН.** Біздің байқауымызша, «қоян» атауы да оның ең басты кемшілігі — қорқақтың, үрейшілдік қасиетіне байланысты айтылса керек. Кейбір түркі тілдерінде осындай қасиетті білдіретін түбір сөздер кездеседі. Тува тілінде: хоюган-қорқақ, үркек деген мағына береді. Сөз түбірі бір буын екендігі хакас тілі дерегінен анықтала түседі. Онда: хүй — қорку, шошу. Сөйтіп, осы түбірлерге *-ан* қосымшасы жалғану арқылы «қорқақ аң» мағынасындағы «қоян» пайда болған.

**ҚҰЛЫН.** Жан-жануарлар әдетте өз атауын түсіне, іс-әрекет, қозғалысына, бітім-болмысына байланысты алатынына көз жеткізіп отырмыз. Мысалы, «көгершін» өз атауын түсіне, ал «көкек» өзіне тән «өнеріне» қарай меншіктенгендігін білдік. Дәл сол сияқты, жылқы түлігінің жас төлінің «құлын» болып аталуы да оның бойындағы шапшаңдық, ойнақылық тәрізді қасиетке байланысты. Басқа ірі малдар төліне қарағанда (түйе мен сиырдың) жылқы төлі өте тез ширап, шапшаң қозғалады. Ал якут тілінде «холуон» тұлғасындағы сөз біздегі «шапшаң», «пысық», «ойнақы» деген сөздер орнына қолданылады. Тіліміздегі

«құлынды» дүниеге тудырған да осы сөз-ау дейміз.

**ҚЫЗҒЫШ.** Көзінің айналасы мен бауыры ақ, басы мен мойны қара, үлкендігі көгершін шамалас, өзен, көл маңын, сазды жерді мекендейтін құс.

«Қызғыш» — екі сөздің қосындысы. Біріншісі — қыз, екіншісі — ғыш. Өте ерте кездегі тілімізде «қыз» сөзінің мағынасы — сараң, қызғаншақ дегенді аңғартқан. Ал «ғыш» қазір өзіміз күнде айтып жүрген «құс» сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі. Демек, қазіргі «қызғыш» тұлғасы алғашқы кезде «қыз құс» та, ал мағынасы — «қызғаншақ құс». «Қызғыштай қорғау» мәтелі де осы қызғаншақтықпен байланысты туса керек. Өйткені қызғыш жұмыртқасын, балапанын жауларынан жанын сала қорғайды.

**САЗАН.** Балықтың бір түрі тілімізде осылай аталады. Кейбір туыстас тілдерде, дәлірек айтсақ, қалмақ тілінде дыбысталуы «сазанға» сәйкес «заһсн» сөзі жалпы балық атауына арналған. Осы «балық» мағынасындағы — «заһсн» қазақ тілінде мағына ажырату салдарынан балықтың бір түрі — сазанға меншіктелген. Тілде мұндай құбылмалы жағдай бола беретініне мына мысал айғақ: тува да «ыдыс» мағынасын «сава» дыбыстық құрамындағы сөз ұғындырса, қазақтарда ол ыдыстың бір ғана түрі — теріден жасалып, қымыз құятын затқа арналған. Тіпті монғол, қалмақ тілдерінің өзінде «цагаан», «сазн» сөздері «сазан» мағынасын береді. Демек, бұлардың өздерінде де балықтың бір түрі «сазанның» атауына алғаш «балық» мағынасын мейшіктенген «заһсн» сөзінің арқау болғандығы көрініп тұр.

**САМҰРЫҚ.** Ертегілерде жиі айтылатын алып құс. Аңыз бойынша, ол арқасына адамды отырғызып алып та ұша береді. Алып құстың бұл аты түркі және монғол тілдеріндегі «қалқу», «қалықтау» мағыналарымен байланысты туған. Мұны қазіргі монғол тілінің дерегі де қостай түседі. Ондағы «самрах» сөзі қазақ тіліндегі «қалқу», «жүзу» (әуеде, суда) дегенмен мағыналас. Өз тіліміздегі «самғау» да осымен мазмұндас екендігін айта кеткен жөн. Сөйтіп «самұрық» аты мағына жағынан «қалықтау» дегенге сәйкес келеді.

**САУЫСҚАН.** Құйрығы ұзындау, қара ала құс. Оның өзіне тән қасиетінің бірі — өте сақ, үркек. Бізде осы құстың өте сақтығына байланысты туған — «сауысқаннан да сақ» деген мәтел бар. Құстың осы қасиеті — оны «сауысқан» атандыруға себепші болса керек. Бұл ойымызды қазақ тілімен туыстас ұйғыр, шор тілдерінің деректері де қостайды. Оларда біздегі «сауысқан» сөзі — «сағысқан» тұлғасында кездеседі. Демек, сауысқан сөзі былайша қалыптасқан: сақ + құс + қан. «Саққұс» сөзіне көптеген аң, құс аттарына жалғанатын *-қан* жұрнағы қосылған. Қазақ тілінде алғашқы «қ» дыбысы «у»-ға айналып, одан кейінгі «қ» түсірілген. Осылайша «сауысқан» пайда болған. «Қ», «ғ» дыбыстарының «у»-ға ауысуы түркі тілдеріне ежелден тән құбылыс (түрікменше — саг бол, қазақша — сау бол, т. б.)

**СИЫР.** Бұл да өз атауын адамға тигізетін пайдасына орай иеленген. Адам сиыр сүтін қорек етеді. Ерте кездегі тілімізде «сауу» мағынасын «сығыр»

тұлғасындағы сөз беретін болған. Уақыт өткен сайын, қазақ тілінде бұл сөз «сиыр» тұлғасына дейін ықшамдалып, төрт түлік малдың біріне атау болып белгіленген. Осылайша қазіргі «сиыр» деген сөздің мағынасы «сауатын мал» дегенді аңғартады.

**ТАЗЫ.** Аңға қосатын иттің бір түрі. Тазының әрекеті — қашқан аңды қуып жетіп, тайсалмай бас салу. Осы әрекетіне байланысты — «тазы» аталған. Өйткені, сөз құрамы жағынан түркі тілдеріне туыстас бір тілде (сарыкөл тілінде) «тиз» сөзі «ұмтылу», «бас салу» мағыналарын береді. Қазақтарда кейде «тазы ит» деп те айтады. Осыған қарағанда, кейінгі кездерде «ит» сөзі түсіріліп, «ұмтылатын, бас салатын ит» мағынасын «тазы» сөзінің өзі-ақ түсіндірерлік қалыпқа жеткен сияқты.

**ТАЙЛАҚ.** Бір жастан асқан, екі жасқа толмаған түйе төлі. Оның «тайлақ» аталуы жүрісі мен жүгірісіне қарай берілгенге ұқсайды. Түйе малы, әсіресе, тайлақтың шабысы өзгеше. Олар артқы аяғын шалыс, қисық басады. Мұндай жүрісті қазақ тілінде «тайраңдау» десе, монғол тілінде «туйлах» қалпында айтады. Екі тілде де сөз түбірі сәйкес. Бірінде — «тай», екіншісінде — «туй». Сөздің соңғы буындары — әр тілге тән қосымшалар. Монғол тіліндегі сөз түбірі «туй» — шалыс, қисық мағынасын берсе, оған *-лақ* жұрнағы қосылып, «шалыс басу», «қисық басу» дегенді білдіріп тұр. Демек, «тайлақ» өз атауын жүрісіне байланысты меншіктенген.

**ТОРҒАЙ.** Құстың бұл түрін бәрің де білесіңдер. «Торғай» аты дене тұрқының шағын, кішкентайлығына байланысты қойылған. Якут тілінде «туор» — «арық» деген мағынаға ие. Осы түбірге сол тілге тән *-хай* жұрнағы қосылғанда — «әлсіз», «нәзік» дегенді ұғындырады. Шамасы, алғашқы кездерде «туорхай құс» тіркесінде айтылып (қазақша: «әлсіз құс»), кейін «құс» сөзі түсіріліп, «туор-хай» десе де түсінікті болған. «Туорхайдың» қазақ тілінің даму барысында «торғай» қалпына жетуі заңды құбылыс.

**ТӨБЕТ.** Тілімізде иттің еркегін осылай атайды. Әдетте еркек ит ұрғашысынан ірі, үлкен болады. Осы ерекшелігіне байланысты оның «төбет» атауы шыққан. Түркі, монғол тілдерінде «тойв» немесе «тойбо» сөздері кейде ірі, үлкен деген мағына берген. Ерте кездерде осы сөздердің бірі «ит» сөзінің алдында айтылып, оның ірілігін білдіру үшін «тойв ит» қалпында қолданылған тәрізді. Мезгіл, уақыт өткен сайын бұл сөздердің біріге түсуінен, кейбір дыбыстар түсіріліп, қазіргі «төбет» қалпына дейін жеткен. Қазіргі тіліміздегі «төбет» сөзі — «ірі ит» дегенмен бірдей.

**ТҮЙҒЫН.** Жыртқыш құстың бір түрі. Бұл атау да сол құстың жеке қасиетіне байланысты туған. Түркі тілдерінің ертедегі жазба ескерткіштерінде «түйгун» сөзі белгілі бір хайуанға тән қасиет мағынасында қолданылған. Қазіргі якут тілінің өзінде «туйгун» сөзі «өте жақсы», «тамаша» сияқты мағыналарда көрінеді. Осыған сәйкес «түйгын қаршыға»

(қазақша: «тамаша қаршыға») деп қосарлап айтпай-ақ, «тұйғын» десе де түсінікті болып, атау боп қалыптасқан.

ТҮЙЕ. Кейбір тіл деректеріне қарағанда, малдың бұл түріне тағылған «түйе» сөзі алғашқы атау емес екендігі аңғарылады. Парсы тілінде осы тұлғалас «даббэ» сөзінің үш түрлі мағынасын көреміз: 1) салт мінуге арналған үй жануары, 2) жүк артатын жануар, 3) жануар. Мұнда «даббэ» сөзі тікелей «түйе» мағынасында қолданылмайды. Осыларды еске алсақ, өте ерте кездерде жалпы үй жануарларын «даббэ» деп атағандығы байқалады. Бертін келе, көбіне жүк артатын жануар түрі біреу ғана болғандықтан «даббэ» сөзі соған ғана меншіктелген сияқты. Сөйтіп, қазіргі тіліміздегі «түйе» сөзі, алғаш жүк артатын малдың жалпы атауы «даббэ» тұлғасының өзгерген түрі болмақ.

ТҮЛЕН. Теңізде өмір сүретін сүт қоректілердің бірі. Оның әрқашан семіз болатыны да мәлім. «Түлен» деген атаудың өзі де, оның семіздігіне байланысты шыққан деуге болады. Татар тілінде «тұл» сөзі біздегі «май» мағынасын берсе, «түллі»—«семіз» сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Ал «түлен» сөзіндегі соңғы *-ен* қосымшасы және оның *-ан* дыбыстық түрі басқа түркі тілдерімен қатар қазақ тілінде де бірқатар аң, балық атауларында ұшырасып отыратындығын (сазан, құлан, күзен т. б.) көруге болады. Сөйтіп, «түлен» атауы «тұл аң», яғни, «семіз аң» дегенді білдіреді.



ТҮЛКІ. Айлакер, алдауға шебер бұл аңды халық ертегілерінен жақсы білесіндер. Бұл атаудың шығуы да қызық. Тіліміздегі жүн, қылшықтың тағы бір атауы — түк. Осы сөз якут тілінде — «түү» болып айтылады. Терісінде түктің молдығы, көптігі ескеріліп *-лі -ті* жұрнағының жәрдемімен (сүт-ті, май-лы дегендей), әуелі бұл аң «түккі» атанған. Кейін қатар тұрған «к» мен «л» дыбыстары өзара орын алмастырып (қолғап — қолбақ, қапқан — қақпан сияқты), «түлкі» қалпына жеткен. Сөйтіп, «түлкі» дегеніміз — «түгі мол аң» деген сөз.

ҮКІ. Жапалақ тектес құс. Екі шекесінде құлаққа ұқсас қауырсыны тікірейіп тұрады. Ертеде үкі қауырсынын қыз-жігіттер тақияның, бөріктің төбесіне сән үшін тағып жүрген.

Монғол тілдерінің бірінде «үһэн» сөзі «түк», «қыл» мағынасында қолданылады. Екі шекесінде тікірейіп тұрған қауырсынына орай «үһэн» аталып, кейінірек қазақ тілінде өзгеріске ұшырап, «үкі» болып қалыптасқан.

ШАҒАЛА. Өзен, көл, теңіз үстінде ұшып жүретін түсі ақ құс. Оның бір қасиеті — үнемі әр түрлі дыбыстар шығарады. Ыбырай Алтынсарин аталарың жазған «Асан мен Үсен» атты әңгімеде түн мезгілінде бірде балаша жылап, бірде қарқылдап күлгендей дыбыстар шығаратын осы құстың бір түрі — өгіз шағала деп аталады. Оның «шағала» аталуы да осы алуан түрлі дыбыстар шығаруына байланысты. Ерте-

дегі тілімізде «чағыла» тұлғасындағы сөз «айқайлау» «шулау» мағынасында қолданылған. Құстың осындай қасиетіне сәйкес «шағала» аты берілген.

**ШОРТАН.** Біздегі «шортан» сөзінің мағынасына кейбір монғол тілдеріндегі, дәлірек айтсақ, буряттардағы «сордан» сөзі сәйкес келеді. Сол тілді зерттеуші ғалымдар «сордон» төркінін «ұзын», «сопақша» мағынасын беретін «сордогор» сөзінен шығарады. Бұл пікір сенбестік туғызбайды. Өйткені «шортан» денесінің ұзынша, сопақша келетінін бәріміз де білеміз. Қорыта айтсақ, балық өз атауын дене құрылысына байланысты меншіктенген. Сонда «шортан балық» дегеніміз — «ұзынша, сопақша балық» болмақ.

V. СӨЗ  
СЫРЫНАН  
СУЫРТПАК



**АДЫРАЮ.** Біреуді ұнатпай, жақтырмай қарағанда осы сөз жиі қолданылады. Мысалы, «Ол саған адырая қарады». Кейде осы етістің түбірі «адыр» тілімізде «ожар, ұр да жық» мағыналарын да береді. Біз көрсетіп отырған мағыналардың қай-қайсысы да кейін пайда болған, туынды. Түркі тілдерін былай қойғанда, тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінде біздегі «адырай» сөзі «адзарай» болып дыбысталып, «сотқар, тентек» мағыналарында қолданылады.

Іздестіре келгенде сөздің түпкі төркіні түркі, монғол тобындағы тілдерден екені анықтала түседі. Якут тілінде: «адъарай», бурят тілінде: «ажарай» тұлғалары қазақ тіліндегі «жын, шайтан, пері» сияқты ұғымдар береді. Біздің тілімізде «адыраю» етістігінің «ажыраю» дыбыстық түрі бар екенін білеміз. Сөйтіп, «адырай» сөзінің алғашқы мағынасы — «жын, шайтан» деген ұғым береді.

**АЖАР.** Қазіргі тілімізде бұл — көрік, келбет, шырай сөздерінің баламасы ретінде қолданылады.

Сөздің арғы шыққан тегі парсы тілі деуге тура келеді. Парсыларда «эзар» тұлғалы сөз біздің тіліміздегі «бет», «жақ» (адамның) ұғымдарында қолданылады. Осы тілден түркі тілдеріне ауысқанда мағынасына өзгеріс енгендігін байқаймыз. Адам бет пішінінің әдемілігін білдіруде біздің тілімізде «эзар» сөзі «ажар» тұлғасына дейін өзгеріп, мағынасы — көрік, келбет, шырай сөздерімен синонимдес болып қалыптасқан.

**АЗЫҚ-ТҮЛІК.** «Азық» тұлғасына және мағынасына сәйкес сөзді парсы тілінен де кездестіреміз. Бірақ бұған қарап, оны парсы тілінен ауысып келген десек қателесеміз. Өйткені, оның алғашқы мағынасы басқаша болған және ежелден түркі тілдеріне меншікті екенін дәлелдейтін тіл дерегі бар. Ертедегі түркі тілдерінің жазба ескерткіштерінде «азық» сөзінің алғашқы тұлғасы «ағыз», ал мағынасы қазіргі кездегі адамның тамақ қабылдайтын мүшесі — «ауыз» болғандығын көрсетеді. Осыған кейін келе -ық жұрнағы қосылуы нәтижесінде «ағыздық», одан әрі «F» дыбысы түсіп, қазіргі кездегі «азық» сөзі қалыптасып, адам тіршілігіне қажетті тамақтық заттар атауы шыққан.

Қос сөздің екінші сыңары «түлік» ертедегі кейбір түркі тілдері мен қазіргі кездегі хакас тілінде «ішім-жем заттары және солардың қоры» деген мағыналарды береді. Бұл да «азықтың» синонимі. Соған орай, «азық-түлік» қос сөзін — бір мағынаның қайталанып айтылуы десек те болады.

**АЙТ-ҮЙТ.** Бұл «айт-үйт жоқ», «айт-үйтке қарамастан» сияқты тіркестер құрамында жиі айтылады. Қос сөздің бізге жұмбақ сыңары — «үйт». «Айт» — күнде қолданылып жүрген «айту» етістігінің бұйрық рай тұлғасы.

Якут тілінде «ыйыт» сөзі «сұрау, сұрап білу» дегенді мегзесе, чуваш тілінде «үйт» тұлғасы дәл осындай мағына береді. Егер біз «айт-үйт жоқ» дегенді қазіргі тұрғыда қазақшаласақ — «айту-сұрау жоқ» болмақ.

**АЛДАР КӨСЕ.** Есімі ерте заманда қалыптасқан аңыз кейіпкерінің аты-жөнінің мағыналық жағын кез келген қазақ ажыратып, біріншісі «алдау» етістігімен түбірлес те, екіншісі, сақал-мұрт шықпаған адамға тағылатын «көсе» екендігін айтып бере алады.

Егер таза тілдік қырынан алып қарасақ, алдайтын қасиеті бар адамды қазақтардың «алдар» қалпында айтуы кездеспейді-ақ. Оның орнына «алдағыш», «алдамшы» тұлғалары жиі айтылады.

Көне түркі жазба ескерткіштерінің сөздігінде «ал» сөзі «алдау» дегеннен басқа «қулық», «әдіс», «даналық» сияқты мағыналарды білдірген. Тіпті түркі тілдерімен тектес деп жүрген монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден де осындай ұғымдарды кездестіреміз. Қазіргі монғол, бурят тілдерінде «алдар» сөзі «даңқ», «атақ», «абырой» мағыналарында қолданылса, тунгус-маньчжур тілдерінен де осыны байқаймыз. Тіпті маньчжурда «алдуна» сөзі — «ерекше, дағдыдан тыс, дарақы, қылжақбас» мағыналарына да ие.

Сөйтіп, Алдар көсе есімінің алдындағы сөз тек «алдау» дегенді ғана аңғартпайды, сондай-ақ «атақты», «даңқты» «ерекше» мағыналарын да меншіктенеді. Соңғы — «көсе» сөзі бізге парсы тілінен ауысқан, мағынасы — сирек сақалды немес сақалсыз дегенді білдіреді. Осы тұрғыда «Алдар көсе» — Ерекше көсе, Атақты көсе болмақ.

**АСЫҒЫП-АПТЫҒУ.** Қос сөздің алғашқы сыңары «асығудың» мағынасы әркімге аян.

Сөздің екінші сыңары — «аптығу» парсы тілінен ауысқан. Оларда: «абатил» сөзі — әбігер, босқа әурелену деген мағынада қалаптасқан. Осы сөздің қазақ тілінде «аптығу» тұлғасына дейін өзгеруі, біріншіден, тіліміздегі дыбыс заңдылықтарына сәйкес, екіншіден қос сөзге тән қасиет — екінші сыңарының алғашқыға ұйқаса байланысуынан деуге болады.

Осыларға зер салғанда, қос сөздің екінші мағынасы, іс-қимылдан туатын нәтиже — «әбігерлену» ұғымына мегзеп тұр.

**АРАНЫ АШЫЛУ.** Бізге түсініксіз сөз — аран. Дәл осындай тұлғалы сөз монғолдарда «араа», буряттарда «араан» қалпында кездеседі, ал біздің тіліміздегі мағынасы «азу» болып шағады. Алтайлықтарда «аран» сөзі түбірінен пайда болған «арсыл» етістігі «азулы» деген ұғымды білдіреді. Егер «аран» сөзінің орнына өзімізге мағынасы белгілі «азу» тұлғасын қойсақ, «азуы ашылды» тіркесін көреміз. Біздің ойымызша, «азу» (тіс) сөзінің өзі, кейінірек пайда болған, «аран» тұлғасының дыбыстық түрі болса керек. Өйткені, түркі тілдерінде «р»-дың орнына «з»

болып өзгеру жиі кездесетін құбылыс (Мысалы, чуваштарда — хир, бізде — қыз т. б.) Сөйтіп, «араны ашылу» дегеніміз — «азуы ашылу» дегенмен бірдей.

**АРШЫН.** Ерте кездерде қолданылған ұзындық өлшемі. Ол қазір қолданылып жүрген «метр» өлшеміне жуық. Аршын сөзінің төркіні парсы тілі. Олардағы «әрш» сөзі бізде «шынтак» деген мағына береді. Кейде шынтак пен саусақ ұшына дейінгі аралықты да «арш» деп атайды. Міне, осы түбірлердің біріне *-ын* жұрнағы қосылып, ұзындық өлшемін білдіретін «аршын» атауы пайда болған.

**АСАТАЯҚ.** Қарт адамдардың, көбіне диуаналардың қолына ұстап жүретін таяқ осылай аталған.

Мұның өзі екі сөзден құралғандығы сырт қарағанда да көрініп тұр. Бізге, әсіресе, алғашқы «аса» сөзінің тегін іздестіріп, мағынасын түсіну қажет. Араб, парсы тілдерінде «ғәса» сөзі біздің тіліміздегі «таяқ», «жіңішке таяқ» мағыналарында қолданылады. Қазақ тілі қабылдағанда сөз басындағы «*ғ*» дыбысы түсіріліп «аса» қалпына дейін ықшамдалған. Арабтардан ауысып келген сөздерде бастапқы «*ғ*»-ның түсірілуі жиі ұшырайды (ғұмыр-өмір, ғадет — әдет т. б.) «Аса» сөзі өзіміздегі «таяқ» тұлғасымен қосарланып келіп, «таяқ таяқ» дегенді ұғындырып тұр.

**АУЫҚ-АУЫҚ.** Тіліміздегі «әлсін-әлі» немесе «әлсін-әлсін» мағыналарын беруде осы қос сөз қолданылады.

Шын мәнісінде, «ауық-ауық» қазіргі кезде тілімізде жиі қолданылып жүрген араб тілінен ауысқан — «уақыт» сөзімен түбірлес. Дәлірек айтсақ, соның



тілімізге ауысқаннан кейін өзгеріске түскен түрі.

Ең алдымен, қос сөз болып қалыптасу кезінде соңғы «т» дыбысы түсіріліп, «уақ-уақ» түріне жеткен. Араб, парсы тілдерінен кірген сөздерде соңғы «т» дыбысының түсірілуі жиі құбылыс (парсыша — дуст, бізде — дос; парсыша — дорст, бізде — дұрыс т. б.) Бұдан әрі сөздегі дыбыстар орнының ауысу заңдылығы араласып, «уақ» сөзі «ауқ» тұлғасына дейін өзгеріп, соңғы екі дыбыс ортасына тіліміздегі дәстүр бойынша «ы» дыбысы килігіп, қазіргі қолданылып жүрген «ауық-ауық» қос сөзі пайда болған.

**АУЫЛ-АЙМАҚ.** Қос сөз құрамындағы «ауыл» мен «аймақ» сөздерін жеке алып қарағанда да, мағынасы кез келген адамға түсінікті.

Бірақ осылардың алғашқы мағыналары өзгеше болған. Өте ерте кездерде «ауыл» сөзінің «көрші» дейтін қосымша мағынасы болғандығы монғол тілі дерегі арқылы анықталады. Оларда «айил» тұлғасы «көрші» мағынасын ұғындырады. Дәл осындай тұлға қырғыз тілінде, хакастарда қазіргі біздегі «ауыл» дегенді білдіреді.

Якуттарда «аймах» сөзі «туыс» дегенді білдірсе, монғол, бурят тілдеріндегі «аймак» — тайпа; ру, ұрпақ мағыналарын береді. Біздегі «ауыл-аймақ» қос сөзіне ұқсас «айил-аймаг» ерте кездердегі монғол тілінше «туыстар» дегенмен барабар.

Осы деректер бойынша, «ауыл» сөзінің көне мағынасы — «көрші», «аймақ» сөзінің ескі түсінігі — «туыс» болған. Қазіргі қос сөзіміз «ауыл-аймақтың» тұңғыш

мағынасы кең болып, «туған-туыс», «көрші-көлем» қос сөздерінің ұғымын қамтыған.

**АШҚАРАҚ.** Сөздің шыққан тегі парсы тілі екенін сол тілдің деректері анықтайды. Парсы тілінде «хош» — жақсы; «хорак» — тамақ мағыналарында кездеседі. Бұл сөздердің қазақ тіліне сіңіп кеткендігі сондай, кейде тілімізде басқа сөздермен де тіркесіп, түсінік бере алады (хош келдіңіз, хош иіс, қорек ету, қорегі жеткілікті т. б.). Парсы тілінің өзінде осы екі сөздің бірігуінен жаңа мағыналы «хошхорак» сөзі туады. Ол, біріншіден, ішіп-жеуді ұнататын, екіншіден, тамақ талғамайтын адам ұғымында айтылады. Осыларды көрсете отырып, тіліміздегі «ашқарақ» сөзі парсының «хошхорак» сөзінің туындысы демекпіз. Оның қазақ тіліне ауысқаннан кейін «ашқарақ» қалпына дейін өзгеруі тілімізге тән заңдылықпен байланысты.

**ӘЙНЕК.** Кейде «шыны» деудің орнына осы сөзді де қолданамыз. Ол енді бірде «көз» сөзімен бірігіп, «көзәйнек» болып, «көзілдірік» орнына да жүреді.

Осы біріккен сөздегі «әйнек» тұлғасы парсы тілінен ауысып келген. Сөз түбірі «әйн» немесе «эин» иранша «көз» мағынасын түсіндіреді. Осыған -әк қосымшасы жалғанып, парсы тілінде «әйнәк» тұлғасына дейін жетіп, біздегі «көзілдірік» дегенді ұғындырады. Бізде мұның алдына «көз» сөзін қосқанда ғана (көзәйнек) «көзілдірік» дегенді түсіндіретін болып қалыптасқан.

**ӘНДЕМЕ.** Құрылысшылардың үй сылайтын құралы осылай аталады. Бұл сөз аз-кем дыбыстық өзгерісте өзбектер (андава) мен ұйғырларда да

(һандуга) кездеседі. Бұл түркі тілдеріне, оның ішінде қазақтарға «әндеме» сөзі парсы тілінен енген. Ирандарда «әнда» немесе «әндуд» біздегі «сылау» етістігіне сәйкес.

Осы түбірге -ме қосылып, үй сылайтын құрал атауы «әндеме» пайда болған.

**БАЛТЫР.** Түркі, монғол тілдерінде бұл сөз қалың, жуан деген мағынаны білдіреді: Ал якут тілінде «балчыр» сөзі толықтықты аңғартады. Біздің тілімізде оның «балтыр» болып дыбысталуын — түркі тілдеріне тән «ч» және «т» дыбыстарының өзара сәйкестігінен деп түсінген жөн. Монғол тілінде «балтар» — «жуан» деген мағынаға нұсқайды. Біздің тілімізде «г» дыбысы түсіп, «балтар», одан әрі «балтыр» тұлғасына дейін жеткен. Сөйтіп, «балтыр» алғашқы кезде «жуан», «толықша» сияқты мағыналарды меншіктенген. Кейін адам жілігінің еті мол, жуандау жерінің атауына айналған.

**БЕЗГЕК.** Аурудың бір түрі. Сөз төркіні монғол тобындағы қалмақ тілі деп жормалдауға тура келеді. Қалмақтарша «бегзих» — бүрісу, жиырылу мағыналарын білдіреді. Бүрісу — тонудың салдары. Ал тоңу деген безгек ауруының басты белгісі. Ол да осы қасиетіне байланысты атауға ие болған. Қалмақ тіліндегі «бегзихтің» біздің тілімізде «безгек» қалпына дейін өзгеруі тағы да дыбыстардың орын алмастыру құбылысының нәтижесі.

**БЕКЕР.** Кейде «босқа, текке» сөздерінің орнына қолданылады. «Бекер» сөзінің төркіні түркі тілдеріне жатпайды. Парсы тілінде «кәр» сөзі — «жұмыс», «кә-

сіп» мағыналарында қолданылады. «Кәр» сөзінің алдындағы «бей» қазіргі тіліміздегі «бейшара», «бейкам» сияқты сөздерде ұшырасатын, біздегі -сыз жұрнағының орнына жүретін парсы тілінің сөз алды қосымшасы. Парсы тілінде «бей» мен «кәр» қосыла келіп, қазақ тілінің ыңғайымен «бекер» қалпына дейін өзгерген. Парсы тіліндегі мағынасы «кәсіпсіз» дегенді білдірсе, қазақ тілінде айтылуымен бірге, мағынасы да біршама өзгеріске ұшыраған.

**БЕШПЕНТ.** Астарлы жеңіл шапан түрі. Сөз төркіні парсыдан шыққан. Бұл тілде: «пәшм» — жүн, жабағы, ал «пәшминэ» — жүннен тоқылған мата және сол матадан тігілген киімдер мағынасында қолданылады. Парсы тіліндегі «пәшминэ» сөзі түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ауысқан соң «бешпент» қалпына дейін өзгерген. Осы деректер «бешпент» сөзінің шыққан тегі парсы тілі, ал алғашқы мағынасы «жүн» дегенді мегзейді.

**БОЙДАҚ.** Әдетте, үйленбеген, жалғыз басты адамға, сондай-ақ төлдемеген малға да қолданылатын сөз. Сөз түбірі «бой» екендігі айтпаса да белгілі. Ал «дақ» болса сөз тудыратын жұрнақ. Мысалы, шаң-дақ, құм-дақ т. б.

Қазір қолданылып жүрген «өз», «өзі» есімдігінің орнына ертедегі түркі тілдерінде «бой» тұлғалас сөз айтылатын болған. Бұған «пой» тұлғасының біздегі «өз» мағынасында алтай, төлеуіт тілдерінде осы кезде де кездесуі куә. «Бойдақ» сөзі, түсініктірек айтқанда, «өзі», «өзі ғана» дегенді ұғындырады.

**БОРБАЙ.** Тілімізде санды кейде осылай да атайды.

Сөздің шыққан төркіні парсы тілі. Сол тілдің өзінде де «борбай» тұлғалас «пәрпай» сөзінің біріккен сөз екендігі байқалады. Алғашқы түбірі «пәр» сөзінің парсы тілінде бірнеше мағынасы бар. Соның бірі — «мықты», «тегеурінді» ал «па» немесе «пай» «аяқ» деген ұғым береді. Осы екі сөздің бірігуінен — тегеурінді аяқ, мықты аяқ деген мағына туып тұр. Аяқтың ең күшті бөлігі, бұлшық етті жері — сан екендігін ескерсек, сөз төркіні туралы жорамалымыз дұрыс сияқты.

**БОТҚА.** Күріш, тары тағы басқа дәнді дақылдардан бөктіріп жасалатын қою тағам. Осы мағыналы сөз якут, тува тілдерінде де кездеседі. Бұларды былай қойғанда, біздегі «ботқа» — монғолдарда «буданган», қалмақ тілінде «будаан» дыбыстық құрамда жолығады. Осы деректерге сүйенген кейбір тіл мамандары «ботқа» сөзінің төркінін — «араластыру», «аудару» мағыналарын беретін қалмақ тіліндегі «бутхаха» етістігімен байланыстырады.

Біздің байқауымызша, «ботқа» сөзінің алғашқы төркіні соны жасайтын дәнді дақыл атымен байланысты болса керек. Тунгус-маньчжур тілдерінде «буда» сөзі жарма, ботқа мағыналарынан басқа — «тары» деген ұғым да береді. Осымен байланысты, тамақтың бұл түрі әуелгі кездері тарыдан жасалып, кейін мағына ауысуы нәтижесінде тарының алғашқы аты «буда» — осыдан жасалған тамақ атауына айналуы мүмкін. Қазақ тілінде оның «ботқа» қалпында қалыптасуы тіліміздегі дыбыс заңдылықтары мен қосымшаларға байланысты.

**БӨГДЕ.** «Танымайтын, бөтен, жат» сөздерінің орнына «бөгде» сөзі де жиі айтылады.

Тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде: богдо — басқа ұлт өкілі, әсіресе, бурят, монғол, қытай халықтарының адамдары дегенді білдіреді. Аталған үш халық өкілдеріне «богдо» атауының берілуі жай емес. Бұлар табынған пұттың аты — «богдо». Біздің ойымызша, «богдо» (бөгде) қалмақтардың қазақ жеріне жасаған шапқыншылығы арқылы келген сияқты. Қазақтар пұтқа — богдоға табынушыларды олардың пір, әулие тұтқан тәңірісінің есімімен атап, кейін келе танымайтын адамдарға жалпылама қолдану нәтижесінде, «бөтен, жат» сөздерінің баламасы болып қалыптасып кеткен деуге болады.

**БӨКТЕРУ.** Бұл етістіктің бір затты қанжығаға байлау түсінігін беретіні көбімізге белгілі. Қырғыз тілінде біздегі «қанжыға» сөзімен қатарласа «бөктерге» сөзі де қолданылады. «Бөктерү» етістігінің қырғыз тіліндегі «бөктерге» сөзімен байланысты туғаны анық. Ал хакас тілінде: «қанжыға» — «тиргі» деп аталады. Осыған қарағанда, қырғыздардағы «бөктерге» — екі түбір қосындысы: «бөк» және «төрге». Хакастарда: поғ — байлау; якут тілінде: төргүү — жіңішке қайыс. Дыбыстық құрамын былай қойғанда, бұл екі сөздің (поғ, төргүү) қосындысы ердің артқы қасына өткізілген заттың тегіне және атқаратын қызметіне де сәйкес келіп, беретін мағынасынан да бірлестік табамыз. Қосылған сөздер (поғ+төргүү) қазақтағы тіл заңдылығына байланысты және соңғы сөздің алғашқы сөзге ықпалы нәтижесінде «бөктергі» болып өзгерген.

Қазіргі тұрғыдан қазақшаласақ «бөктергіміз» — «байлау қайыс» деген ұғымға ие. Тілімізде «қанжыға» сөзі орныққаннан кейін, «бөктергі» сөзі қысқара түсіп (бөктер), етістік қалпында сақталған.

**БӨТЕКЕ.** Құстың ас қорытатын мүшесі.

«Бөтеке» сөзінің алғашқы мағынасы ұқсату, салыстыру нәтижесінде пайда болғандығын якут тілі арқылы білеміз. Якутша: мөчөкө — түйір, кесек мағыналарында қолданылады. Бұл құстың бөтегесі түйіршік сияқты болатынын еске салады. «Мөчөкө» сөзі басқа түркі тілдерінде тұлғасын сәл өзгерте отырып, белгілі бір дербес зат атауы дәрежесіне дейін жеткен. Сөйтіп, «бөтеке» сөзінің төркіні түркі тілдері де, ал тұңғыш мағынасы — түйіршіктенген зат.

**БҰЛАН-ТАЛАН.** Қазіргі тілімізде — ашуланған адамның қимыл, әрекеттерін көрсетуде жиі қолданылады. Қос сөз құрамындағы «бұлан» да, «талан» да етістік күйінде жеке қолданылмайды, ал қос сөз қалпының өзінде де «бол» көмекші етістігін қажет етеді.

Сөз төркінін түркі тілдерінің өзінен табамыз. Және бұл қос сөз құрамындағы екі сөздің әрқайсысы жеке қолданылып-ақ, қазақ тіліндегідей мағынаға ие болған. Қырғыз тілінде: «булаан» — әбігер болу, абыржу, ал якуттарда дәл осындай мағынаны «түлүөн» сөзі бере алады.

Осы екі сөз қосарлана келіп, қазіргі тіліміздегі мағынаға ие болған. Сөйтіп, «бұлан-талан» қос сөзінің біздегі мағынасы — «әбігер, әбігер», «абыржу, абыржу» болмақ. Біздің тілімізде «бұлан-талан»

тұлғасына дейін өзгеруінің себептері алдыңғы жолдарда талай айтылған болатын.

**БҰРАЛҚЫ.** Көбіне «ит» сөзінің алдында келіп, «бұралқы ит» тіркесін тудырады да, мағынасы — иесі жоқ, қаңғыған дегенге саяды.

Қырғыз тілінде: буралқы — әлсіз, жетілмеген, арықтап біткен деген мағынада қолданылады. Монғол тіліндегі «буурай», «буурах» сөздері де дәл осындай мағына береді. Біздің байқауымызша, бұл сөздердің монғол тіліндегі түбірі «бяр» — «күш» дегенді ұғындырады. Осы түбірге сол тілге тән — бір нәрсенің жоқ екендігін білдіретін -гуй қосымшасы жалғанғанда «бяргуй» болып, «күшсіз, әлсіз, қуатсыз» дегендерді түсіндіреді. Осы тұлға қазақтардың айтуында «бұралқы» тұлғасына дейін өзгерген. Сонда «бұралқы ит» дегеніміз — «әлсіз, күйсіз ит» болмақ.

**БЫЛТЫР.** Бұл сөзді естігенде, әркімнің есіне «өткен жыл» ұғымы түседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі «биыл» сөзінің қалай пайда болғандығы белгілі: бұл жыл (бұйыл, бы-йыл — биыл).

Осы тұрғыдан қараған болу керек, кейбір ғалымдар «былтыр» сөзін «бір+йыл+тұр» сөздерінен пайда болған деген жорамал айтады. Бірақ бұны біршама түркі тілдері дерегі қостамайды.

Қырғыздарда балдыр — ертеде, бұрын; құманды тілінде: пултура — бұрынғы; якутша: былыр — ертеде, бұрын, өткен кез мағыналарын көрсетеді. Осыларға қарағанда «былтыр» үш сөздің бірігуінен жасалмаған, әуелден өз алдына дербес мағынасы бар сөз бол-



ган. Ертеде біздің қолданысымызда да «былтырғы жыл» тіркесінде кезігіп, кейін келе «жыл» сөзі түсіп, «былтырға» айналғанымен, «өткен жыл» мағынасын берерліктей дәрежеге жеткен.

**ДАҢҒЫЛ ЖОЛ.** Осы сөз тіркесіндегі «даңғыл» тұлғалас сөзді басқа да түркі тілдерінен кездестіреміз. Мысалы, қырғыз тілінде: даңгил — мықты, күшті мағынасында қолданылады. Егер жиі жүрістен, көлік аяғымен шиырлана түскен жол берік болатынын еске алсақ, сөздің алғашқы мағынасы осы қырғыз тіліндегі деп қарауымыз керек. Ал сөздің алғашқы түбірі бір буынды «даң» немесе «дың» болғандығына тува тілінің дерегі куә. Туваларда: «дыңзығ — мықты, күшті мағынасын білдіреді. Мағына жағы қырғыз тіліндегімен бірдей. Дыбыстық құрамы жағынан да онша алшақ емес. Түркі тілдерінде «а» мен «ы» бірінің орнына бірі алмасып келе беретінін ескерсек, сөздің алғашқы түбірі «даң» немесе «дың» болғандығы дау тудырмайды. Құмық тілінде «данғыл» тұлғасы «құм, шөл» мағыналарын береді, мұны кейін пайда болған, туынды мағына деп қана қараймыз. Сонымен, тіліміздегі «даңғыл» сөзін «мықты, қатты» деген ұғыммен барабар дей аламыз.

**ДАРДАЙ.** Өзін зор тұтып, әлдеқандай болып жүретін адамдарға қолданылатын сөз.

Оның төркінін іздестіре келгенде, бұған сәйкес сөзді тек тува тілінен кездестіреміз: дарга — бастық (атқаратын қызметі жағынан). Басқа түркі тілдерінен бұған сәйкес сөз кездеспеуіне қарағанда, туваларға монғол тілінен ауысқан сияқты. Өйткені монғолдарда

«дарга» тұлғасы «бастық» деген мағына береді.

«Дарга» тұлғасы монғолдардан қазақтарға ауысқанда *-га* жұрнағын түсіріп, оның орнына тілімізде ұқсату, сәйкестендіру мағынасын тудыратын *-дай* қосымшасын жалғап, «дардай» сөзін тудырған деуге болады. Тегінде өзін зор тұту, қоқилану тәрізді мінез көрсету, көбіне лауазымы жоғары, бастық адамдарға тән қасиет екені белгілі. Сонда, «дардай» сөзімізді түсініктірек айтсақ, «бастықтай» дегенді ұғындырады.

**ДЕРЕУ.** Қазақ тілінде жиі қолданылатын «тез», «шапшаң», «жылдам» сөздерінің баламасы — «дереу». Дәл осындай мағына беретін — «дораан» тұлғасын тува тілінен кездестіреміз. Ал монғол тобындағы тілдерден тұлғасы әрі мағынасы жағынан сәйкес мынадай сөздерді ұшыратамыз. Монғол тілінде: даруй — қазір, қалмақша: дарунь — тез, шапшаң. Қазақ тіліндегі «дереу» сөзі мен мына тұлғалардың беретін мағыналары арасында онша алшақтық жоқ. Дыбыстық жағынан да сәйкесіп жатыр. Осыған қарағанда, «дереу» сөзі түркі, монғол тобындағы тілдерге ертеден ортақ болған, алғашқы мағынасы — «қазір» дегенді ұғындыруы мүмкін. Өйткені біздің тіліміздің өзінде де «қазір» мен «тез» сөздерінің мағыналары кейде қабысып жатады.

**ДУДАР.** Бұл көбіне «бас» сөзімен тіркеске түсіп, «дудар бас» қалпында айтылып, ұйысқан, бұйраланған, үрпиген шаш мағыналарын білдіреді.

«Дудар» сөзінің төркіні түркі тілдері екенін хакас тілінің дерегімен-ақ дәлелдеу қиын емес. Онда: «түгдүр» тұлғасы «жүндес, сабалақ» деген мағына береді.

«Түгдүр» сөзінің түбірі көптеген түркі тілдеріне ортақ — «түк». Хакасша «түк» түбіріне *дүр* қосымшасы қосылып, түктің молдығын, көптігін ескертіп тұр. Демек, «түгдүр» — қазақ тіліндегі «түкті», «жүндес» тұлғаларымен мағыналас. Алғаш түркі тілдеріне ортақ — «түгдүр» сол қалыптасқан күйінде қазақ тілінде де сақталып, кейін келе тұлғасын «дудар» қалпына дейін өзгерткен.

**ЕЖЕГЕЙ.** Сүтті қайнатып, одан кейін кептіру арқылы жасалатын тамақтардың бірі. Ол құрт пен ірімшік тектес тағам.

Тамақтың бұл түрінің дәмі қышқылдау болып келетінін еске алсақ, өз атауын осы қасиетіне байланысты алған деуге болады.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде: екшіг — қышқыл дегенді білдіреді. Ал монғол тілінде: эсгэх, эсэх — ашу, ашыту мағыналарында айтылады. Осы тұлғалардың қай-қайсысына да *-ей* қосымшасын жалғасақ, «ежегей» сөзі келіп шығады. Сөйтіп, «ежегей» сөзінің түп төркіні түркі, монғол тобындағы тілдер екендегін көреміз. Алғашқы тұлғасы — екшіг, тұңғыш мағынасы — қышқыл.

**ЕЛІКТЕУ.** Қазіргі мағынасы — біреудің жүрістүрыс, істеген ісіне ұқсауға тырысу.

Бұл сөздің ертедегі мағынасы сәл басқаша болғандығын түркі жазба ескерткіштер сөздігі, одан қалды, қазіргі түркі тілдері дерегінен білеміз. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: елүк-әзіл, келеке мағыналарын берсе, қазіргі якут тілінде: элэк-мазақ, ал элэктээ — біреуді мазақ, келеке қылу делінсе,

төлеуіт тілінде: елікте — мазақ ету, келеке қылу мағыналарында қолданылады.

Қазіргі біздің тіліміздегі мағынасы — сәл өзгеріске түскен, ауыспалы мағына.

ЕМ-ДОМ. Қос сөздің бірінші сыңары әркімге де түсінікті. Ол жеке тұрып та тілімізде қолданыла береді. Ал екінші сыңары — «дом» жеке қолданылмайды әрі мағынасы да түсініксіз.

Туваларда: «дом» сөзі жеке тұрып-ақ «ауруды дуалау, үшкіру» немесе «дәрі» мағынасында айтыла береді. Туваға мұны монғол тілінен ауысқан деуге болады. Монғолдарда: дом — балгерлік, дуалаушылық, сиқырлық, кейде дәрі мағынасында да қолданылады.

Қазақ тілінде «дом» сөзі «емге» қосарланып, қос сөз болып қалыптасқан.

ЕМІН-ЕРКІН. Бізге бұл қос сөздің бірінші сыңарының төркінін табу қажет. Ал екінші сыңардағы «еркін» сөзі баршамызға мәлім.

Тува тілінде «эмин эрттир» тіркесі «аса, өте, тіпті» сияқты үстеулер мағынасында қолданылады. Біздегі бұл қос сөз «эмин-эркін» тұлғасында қырғыз тілінде де айтылады. Осы деректерге қарағанда, «эмин эрттир» тіркесі түркі тілдерінде ертеден келе жатқандығы анықталады. Бертін келе қырғыз, қазақ тілдерінде соңғы «эрттир» сөзі түсіріліп, оның орнына сонымен үндес «еркін» сөзін қосарланып, «емін-еркін» қос сөзі қалыптасқан. Мағынасын қазіргі тұрғыдан түсіндірсек, «өте еркін» болмақ.

**EMIC-EMIC.** Қазіргі кезде бұл қос сөз «сәл-пәл» деген мағына береді.

Тува тілінде «имистелир» етістігі — қазіргі біздің түсінігіміздегі «жылтылдау, жыпылықтау» мағыналарында көрінеді. Тува тіліндегі түбір «имис» қазақ тілінде «еміс» дыбыстық құрамда сақталып, қос сөз дәрежесінде қалыптасқан да, мағынасы — «болар-болмас» дегенге саятын болған.

**ЕН ДАЛА.** Қазіргі кезде бұл тіркесті «кең дала, жалпақ дала» мағынасында түсінеміз. Алайда, «ен дала» тіркесіндегі «ен» сөзі ертеректе нендей мағына бергенін біле бермейміз.

Қырғыз тілінде «ээн» сөзі «шөл, елсіз, оңаша, иесіз» деген ұғымда қолданылады, хакас тілінде де «эн» тұлғасы дәл осындай мағына берсе, тува тілінде «иесіз, елсіз» деген түсінік береді. Демек, «ен» сөзінің алғашқы мағынасы қазіргі тіліміздегіден өзгеше болып, бұрын «елсіз, иесіз» дала деген ұғым бергендігін көреміз.

**ЕҢЛІК.** Осы аттас есімдік бар. Бұдан басқа оның қыз балаларға тән есім екендігі де белгілі.

Сөздің түбірі ежелден-ақ бір буынды болғандығын ертедегі түркі жазба ескерткіштерін былай қойғанда, қазіргі түркі тілдері деректері де анықтайды. Құмық тілінде: энг-бет; кызыл энгли — қызыл бетті; якутша: иң — 1. бет — 2. беттің қызылы деген екі мағынада көрінеді. Өткен ғасырдағы кейбір сөздікте: ингъ — бет; татар тілінде: ингълик — далап, бояу. Осы соңғы сөздіктегі тұлға мен мағынаны ертедегі түркі жазба

ескерткіштерінен де табамыз: ең — бет, жақ; еңлік — далап.

Келтірілген тілдік деректерден байқайтынымыз — өсімдік аты «еңлік» адамның бетіне байланысты тұғандығы. Дәлірек айтсақ, «бет» мағынасын беретін «ең» тұлғасына *-лік* қосымшасының жалғануынан өсімдік аты «еңлік» пайда болған.

**ЕПТЕП-СЕПТЕУ.** Қос сөздің алғашқы сыңары «ептеп» (ептеу) тілімізде өз алдына, жеке тұрып та қолданылып, «байқау, абайлау» мағыналары орнына жүретіндігі бәрімізге мәлім. Бірақ оның алғашқы мағынасы өзгеше болғандығын басқа түркі тілдерінің деректері анықтайды. Қырғыз тілінде «эпте» тұлғасы «желімдеу, жалғау, жөндеу», ал якутша «эп» сөзі «қосу, үстей түсу» деген мағыналарды береді.

Қос сөздің екінші сыңарына сәйкес сөз хакас тілінде ұшырасады: сипсет — сақтау, қорғау. Осы деректі еске алып, «септеу» тұлғасының алғашқы мағынасы — «сақтау, қорғау» болған дей аламыз.

Жамап-жасқау арқылы ғана белгілі бір нәрсені сақтап, іске жарату мүмкін болмақ. Сонда «ептеп-септеп» дегеніміз «жөндеп, жамап-жасқап сақтау» деген ұғыммен бірдей.

**ЕРМЕК.** Қазіргі тілімізде бұл сөз «алданыш, жұбаныш» деген ұғымда қолданылады.

Басқа түркі тілдері деректеріне жүгінсек, ертедегі мағынасы өзгеше болған тәрізді. Сібірдегі телеуит, алтай, туба-кижи сияқты түркі тілдерінде «эрмэк» тұлғалы сөз «әңгіме, сөз, хабар» мағыналарын мен-

шіктенеді. Бұлардағы және қазақ тіліндегі «ермек» сөзінің мағыналары да туынды, кейін пайда болған деп шамалаймыз. Әрине, біздің тіліміздегі «ермек» сөзінің түсінігі Сібірдегі түркі тілдеріндегі мағыналардан кейін туындаған. Өйткені тіліміздегі алданыш, жұбаныш сияқты ұғымдар, көп жағдайда, әңгіме, сөзден туатыны белгілі. Ал әңгіме мен сөз — болмыс пен тұрмыстың көрінісі, осыларды баяндаушы. Олай болса, «ермек» сөзінің тұңғыш мағынасы, ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде көрсеткендей, «болмыс, тұрмыс» деген ұғымдарға саяды.

**ЕСІНЕУ.** Ерте кездегі мағынасы басқаша болғандығын тағы да түркі тілдері жазба ескерткіштері сөздігінен әрі қазіргі кездегі кейбір түркі тілдері дерегінен білеміз. Ескерткіш сөздігінде: еснә — үрлеу, ал қазіргі тува тілінде: ажынар — үрлеу.

Ертедегі түркі тілдерінде сөз түбірі — «ес» болып, осыған *-ін* жұрнағы қосылу арқылы қазіргі тіліміздегі «жел» мағынасын бергендігін — «есін есті» (жел соқты, жел үрледі) тіркесінен білу қиын емес. Қазірдің өзінде де кейде «жел есті» деп айта береміз. Сөйтіп, «есінеу» сөзінің ертедегі мағынасы — «үрлеу» дегенмен барабар екен.

**ЖАЙМА-ШУАҚ.** Күн көзінің жадырап, тамылжып тұратын кездері, осы қос сөз арқылы беріледі.

Қос сөздің екі сыңары да түркі тілдерінің негізінде жасалған. Якут тілінде: дьайғар — аспанның ашылуы, ал «дьайға» тұлғасы — «аз бұлтты» мағынасында қолданылады. Біздегі «ж» дыбысы орнына кейде якуттарда «дь» қолданылады: қазақтарда — «жар»,

якутша — «дьаар»; бізде — «жорға», якут тілінде «дьоруо» т. б. Сондай-ақ, якут тіліне тән жұрнақ орнына қазақтарда *-ма* қосымшасы жалғанып, «жайма» сөзі пайда болған. Якуттарда біздегі «ашық, анық» мағыналары «чуолкай» сөзі арқылы да түсіндіріледі. Мұнда да «л» дыбысы мен соңындағы жұрнақ *-ай* түсіріліп, біздің тілімізде «шуақ» болып қалыптасқан. Осы деректерге сүйене келіп, «жаймашуақ» қос сөзіміздің ертедегі мағынасы — «ашық-анық» деуімізге болады.

**ЖАЛМАУЫЗ.** Бұл сөздің мағынасын түсіндіріп жату артық. Ертегілерде «кемпір» сөзінің алдында келіп, «Жалмауыз кемпір» сияқты жағымсыз бейнелерді де тудырады.

Ертедегі түркі тілдерінде осы тұлғалас «йамла» сөзі — жинау, тазалау, сұрту мағынасында қолданылған. Кейін бұл етістік метатеза құбылысына ұшырап «йалма» болып өзгерген. Уақыт өткен сайын тұлғасын ғана емес мағынасын да құбылта түскен. Бұған дәлел — қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде осы тұлғалас сөздерді — жинау, тазалау жұмыстарын атқаратын құрал атауында кездестіреміз. Алтай, телеут тілдерінде «йалмур», ал Барабин татарларында «йалмаур» сөздері біздегі «сыпырғыш» мағынасында қолданылады. Әсіресе соңғы — «йалмаур» қазақ тілінде «жалмауыз» тұлғасына дейін өзгеруі мүмкін. Маңайында түк қалдырмай, жып-жылмағай етіп, сыпырып-сиырып, тазалап отыратын құбыжық іспеттес жан иесін «йалмаурға» (жалмауызға), бізше — сыпырғыштан басқа (өз кезінде) не нәрсемен салыстыруға



болар еді? Қазақ тілінде «жалмауыз» мағынасы осылайша пайда болған.

**ЖАПАҢ ДАЛА.** Сөз тіркесінде төркінін іздестіретіміз — «жапан» сөзі. Ол қазақ тілінде жеке қалпында қолданылмайды.

Чуваш тілінің дерегіне көз салсақ: шаапаан — тыптыныш, жым-жырт мағыналарын береді. Ал қырғыз тілінде «жапан» тұлғалы сөз екі түрлі мағынаға ие. Біріншісі — жабайы, екіншісі — өңделмеген.

Біздің байқауымызша, «жапан» сөзінің алғашқы мағынасы қырғыз тіліндегі болуы мүмкін. Ал чуваш тіліндегі — кейінірек пайда болғанға ұқсайды. Өйткені адам аяғы басып, қолы тимеген жер ғана тыныштық сақтайды. Осыған қарағанда, «жапан дала» тіркесі «жабайы дала, елсіз, иесіз дала» дегенге мегзейді.

**ЖЕК КӨРУ.** Егер осы тіркестегі «жек» сөзін бөліп қарасақ, оның нендей мағына беретіні белгісіздеу болар еді.

Алайда, ерте замандарда «жек» сөзі жеке қолданып, өзіндік мағынасы болғандығы жөнінде деректер жоқ емес. Түркі тілдерінің көне кездегі сөздіктерінде: йек — пері, жын мағыналарын беретіндігі көрсетілген. Бір кездерде «пері, жын» сөздерінің баламасы ретінде түркі тілдерінде жиі қолданылған «йек» сөзі, енді міне, сәл дыбыстық өзгеріспен қазақ тілінде ғана сақталған. Сөйтіп, «жек көру» тұрақты тіркесіндегі алғашқы — «жек» сыңарын қазір жиі қолданылып жүрген сөздермен алмастырсақ, «пері көру» «жын көру» болып шығар еді.

**ЖІГІТ.** Күнде естіп, құлаққа таныс болғандықтан «жігіт» сөзінің мән-мағынасы түсінікті.

Дегенмен, оның ерте кездердегі мағынасы өзгеше болғанын жазба ескерткіштер арқылы ғана білеміз. VII-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде «ігід» сөзі «жоғары көтеру», «жоғарылату» мағыналарын берсе, одан берігіректе «тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру, көтеру» сияқты мағыналарда қолданылған. Ең соңында, біздің тілімізде тұлғалық жағынан «жігіт» қалпына жетіп, мағынасы — өнеге көрген, тәрбие алған, ой-өрісі қалыптаса бастаған адамды білдіретін болған.

**КӨЛІК.** Мұның да мағынасы түсінікті. Бірақ сөздің алғашқы тұлғасы, төркіні нені аңғартқандығы әркімге белгілі емес.

Сөздің алғашқы тұлғасы «хөл», «көл» бір буынды етістік болғандығы және беретін мағынасы «жегу» екендігі тува және монғол тілдері деректерінде кездеседі. Қазақ тілінде осы түбірлерге *-ік* қосымшасы қосылуы нәтижесінде «көлік» сөзі пайда болған.

**КӨЛ-КӨСІР.** Қос сөздің бұл түрін естігенде белгілі бір нәрсенің өте көп, мол екендігін аңғару қиын емес.

Қос сөздің екінші сыңары — «көсірдің» түпкі тегі түркі тілдерінен еместігі байқалады. Араб тілінде: «кусер» — «молшылық, өте көп» мағынасында қолданылады. Түркі және араб сөздерінің қабаттасуынан «көл-көсір» қос сөзі пайда болып, оның қазіргі ма-

ғынасы — «жиналған молшылық» дегенді ұғындырады.

**КӨРШІ.** Қатар, іргелес, жақын отырған адамдар бірін-бірі осылай атайтыны белгілі.

Біздің шамалауымызша, бұл сөз қазақтарға монғол тілінен ауысқан сияқты. Оларда біздегі «көрші» сөзінің мағынасын «хөрш» тұлғасы береді. Дәл осы тұлға монғолдарда «дәмдес» деген ұғымды да бере алады. Міне, осыған қарағанда «хөрш» тұлғасының алғашқы мағынасы «дәмдес» болған, ал «көрші» — кейінгі, мағына ауысуынан туған. Өйткені көршілік дәстүрдің басты белгісі — дәмдес болу деп ойлаймыз.

**КӨРІК.** Ұста дүкенінде оттың жақсы жануына көмегін тигізетін құрал осылай аталады.

Сөздің алғашқы мағынасы басқаша болғандығын тунгус-маньчжур тобындағы тілдер дерегі мәлімдейді. Олар да ұстаның осындай құралын біздегі «көрік» тұлғалас «курге» сөзімен атайды. Бірақ бұл оның кейінгі мағынасы екені байқалады. Тунгус-маньчжур тілдерінде: хурху — отты үрлеу, ал курги — жану деген мағына береді. Осы сөздердің түбірінен отты үрлеп жандыратын құралдың аты — «курге» пайда болған. Осы атау монғол, түркі тобындағы тілдерге де жайылып, қазақтарда «көрік» дыбыстық құрамында қалыптасқан.

**ҚАБА САҚАЛ.** Бізде «қаба» сөзі жеке не басқа сөзбен тіркесіп келмейді. Тек «сақал» сөзінің алдында келіп, соның молдығын, қалыңдығын анықтайтын сын есім қызметін атқарады. Ал басқа түркі тілінде,

әсіресе гагауз тілінде бұл сын есім кез келген зат есіммен тіркесіп келе беретінін «қаба суван» (ірі жуа) деген тіркес дәлелдейді. Демек, «қаба» — «ірі» мағынасын береді екен де, қазақ тіліндегі «қаба сақал» — «үлкен сақал» ұғымын береді.

**ҚАРШАДАЙ.** Бұл сөздің «кішкентай» деген сөзбен мағыналас екендігін «қаршадай болып», «қаршадай басымен» сияқты сөз тіркестерінен білеміз. Өткен ғасырда шыққан сөздіктердің бірінде: карчэ — түсі қара, кішкене ғана, сұңқар тектес құс деген түсінік берілген. «Қаршадай» сөзі — ұқсату, бейнелеп айту нәтижесінде «карчэ» тұлғасынан шыққан демекпіз.

**ҚОЛҒАБЫС.** Сөздің екі түбірдің бірігуінен пайда болғанын ажырату қиын болмаса да, соңғы «ғабыс» сөзі қазақ тілінде жеке қолданылмайды. Сондықтан оны басқа тілдерден іздеуге тура келеді. Түркі тілдерінің ішінде хакастарда «хабас» тұлғалы сөз жеке тұрып-ақ біздегі «жәрдемдесу» мағынасында қолданылады. «Хабас» сөзі қазақ тілінде «қол» сөзімен біріккеннен кейін «ғабыс» қалпына дейін өзгерген. Осылайша тілімізде «қолғабыс» сөзі туып, «қол жәрдемі» дегенді ұғындыратын болған.

**ҚЫРУАР.** «Толып жатқан», «көп» мағынасына балама болып жүрген бұл сөздің де дәл түсінігін, қайдан келгендігіне төрелік айту қиын. Ертедегі бір сөздікке назар аударсақ, «курур» сөзі парсы тілінде біздегі «миллион» деген сандық ұғым орнына жүреді. Бірақ

бұл сөз оларға үнді тілінен ауысқандығы және «миллион» емес, «500 мың» деген санды білдіретіндігі кейін белгілі болды. Сөйтіп, талай жолдан өткен «курур» сөзі қазақ тіліне ауысқаннан кейін «қыруар» түрінде дыбыстық өзгеріске түсіп, мағынасы да өзгерген.

**ҚЫРШЫН.** «Қыршыныңнан кетесің ғой!» (Қырық өтіріктен). Мысалдағы тіркесте де, сондай-ақ «қыршын жас» сияқты сөз саптауда да «қыршын» сөзі «жас өспірім» мағынасын бейнелейтіндігі байқалады. Алайда, бұл сөздің алғашқы мағынасы өзгеше болған. Телеут, хакас, қырғыз тілдерінде «хырчын» тұлғалы сөз «жіңішке шыбық», «кішкене тал» мағыналарында кездеседі. Біздіңше, алғашқы мағынасы жас шыбық, кішкене талға арналса, қазақ тілінде ұқсату нәтижесінде ол сөз жас адам өмірін бейнелеуге ауысқан.

**ЛЕК.** Тілімізде көп жағдайда қос сөз түрінде келіп (лек-лек, лек-легімен), «шұбырған топ» мағынасын береді. «Лек» сөзінің тағдыры да «қыруар» сөзімен сәйкес. Көне сөздік бойынша, мұның да парсы тілі арқылы қазақтарға енген үнді сөзі екенін білеміз. Онда: лек — жүз мың деген сандық ұқымды мегзейді.

«Лек-легімен» дегеніміз, шындап келгенде, өлшемсіз есепті емес, «жүз мыңдаған» сияқты нақтылы санды ұғындырады екен.

**МАҚТАУ.** Біреуді не бір затты ерекше дәріптеуде осы сөзді де қолданамыз.

Сөздің төркіні монғол тілі деуге тура келеді. «Мақ-

тау» сөзінің тұңғыш мағынасы басқаша болған. Монғолдарда: «магтах» — «көтеру» деген ұғымды меншіктенген. Сол тілдің өзінде кейін келе бұл тұлға «мақтау» мағынасында да қолданылған. Зер сала қарасақ, оның бұлай болуы орынды да. Өйткені, біздің тіліміздің өзінде «дәріптеу», «мақтау» сөздерінің орнына «көтермелеу» деп те айтамыз. Осыған қарағанда, «мақтаудың» алғашқы мағынасы «көтеру» болғандығы шындыққа жанасады.

**МАСҚАРА.** Тілімізде бұл сөз «ұят, сұмдық» сияқты сөздердің бірі ретінде қолданылғанымен, оның алғашқы мағынасы тіпті өзгеше болған.

Парсы тілінде: масхарэ — қуақы, қалжыңбас мағынасында қолданылған. Бірақ осы тілдің өзінде оның «келемеждеу, қорлау» сияқты туынды ұғымдарының бар екенін байқаймыз. Бұл сөз құмық тілінде де кездеседі. Бірақ олар «масқараның» алғашқы — қуақы, әзіл сияқты мағыналарын қабылдаған да, ал біз соңғы — туынды мағынаны қолдануды әдетке айналдырған тәріздіміз.

**МАСЫЛ БОЛУ.** Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне бұл сөз ирандардан кіріп, қалыптасқан. Оларда: «мәслуболмәнфаэ» күрделі сөзі — «пайда, кіріс келтірмейтін» деген мағынада қолданылады. Осы сөз қазақтарға ауысқанда тұлға жағынан қысқара түсіп, әрі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, «масыл болу» күйінде қалыптасқан. Қоғамға, жалпы тіршілікке пайда, кіріс келтірмейтін адамды сөз еткенде өзімізге тән «жатып

ішер, арам тамақ» тіркестерімен бірге тілімізде «масыл болу» да ішінара қолданылады.

**МӘСТЕК.** Бойы өсіп жарымаған, аласа жылқыны «мәстек» деп айтамыз. Сөздің арғы тегін іздестіре келгенде, оның тек жылқыға ғана тән еместігін көреміз. Қалмақ тілінде «маштг» тұлғасы кез келген сөзбен тіркесіп, «аласа, төмен, тапал» мағыналарын меншіктене береді. Қазақтарға ауысқан бұл сөз тұлға жағынан «мәстек» қалпына дейін өзгеріп, мағынасы көбіне жылқымен байланысты айтылатын болып қалыптасқан.

**МҮДІРУ.** Токтау, кідіру, бөгелу сөздерінің орнына кейде осы тұлғаны да қолданамыз. Тегінде, оның тура мағынасы бұлай емес. Якут тілінде: «мүдүрүй»—«сүріну» мағынасында айтылады. Бірақ осыған табан тіреп, сөздің алғашқы шыққан тегі түркі тілдері деп айту қиын. Өйткені дәл осы —«сүріну» мағынасы якут тілінен басқа түркі халықтарында кездеспейді. Ал монғол тобындағы тілдер ішінен монғолдарда, қалмақтарда «сүріну» дегенді «бүдрэх», «бүдрх» сөздері ұғындырады. Демек, якут тіліне монғолдардан ауысып, тура мағынасын сақтаған да, қазақ тілінде мағына өзгерісіне душар болған.

**МҮЛӘЙМСУ.** Бұл сөздің біздегі қазіргі мағынасы — білсе де білмегенсіп, көзге өтірік жуас болып көріну сияқты адамның жағымсыз, жаман мінездерін білдіреді. Осы тұлғалас сөзді араб, парсы тілдерінен кездестіреміз. Бірақ ол тілдердегі мағынасы жағымсыз емес. Араб тіліндегі «мүләем», парсы тіліндегі «молай-

ем» сөздері «жұмсақ, нәзік, ұстамды, мейірімді» деген мағыналарды білдіреді. Қазақ тіліне енген осы тұлға алғашқы мағыналарында қолданбай, «мүләйім» тұлғасына *-сі* жұрнағын қосып алып, сын есімнен етістікке ауысқан, мағынасына да аз-кем рең кірген.

**МҮСӘПІР.** Біз мұны бейшара, қарып-қасер, қайыршы деген мағынада қолданамыз.

Араб тілінен ауысқан бұл сөздің үш түрлі мағынасы бар; біріншісі — саяхатшы, екіншісі — жолаушы, үшіншісі — қонақ. Қазақ тіліне енгеннен кейін, осы мағыналардың бірі де сақталмай, «мүсәпір» сөзі басқаша мағынаға ие болған. Сөздің бір тілден екінші тілге ауыс-түйісінде мұндай-мұндайлар бола береді.

**МІНГЕСУ.** Әдетте бұл сөзді етістік мағынасында түсінеміз. Бір атқа екі адамның мінуін осылай атаймыз.

Сырт қарағанда, «мінгес» сөзінің түбір сөз — «*мін*» мен жұрнақ — «*гес*»-тің қосындысынан пайда болғандығына күмән тудыру қиын. Тіл деректерін сарапқа сала келгенде басқа жағдайды байқаймыз. Ең алдымен, біз түбір деп санап отырған «мін» тұлғасының мағынасы ежелден қазіргі түсінігіміздегідей болған ба, әлде басқа ұғымды иеленген бе? Кейбір түркі тілдері дерегіне сүйенсек, сөз жоқ, тұңғыш мағынасы басқаша болған. Сібірдегі алтай, төлеуіт сияқты түркі тілдерінде «мін» тұлғасы қазіргі біздің тіліміздегі «көтерілу» мағынасында қолданылады. Бұларда ертедегі түркі тілдеріне тән мағынасы сақталған дей аламыз. Өйткені түркі



ескерткіштері сөздігінде «мін» тұлғасының бірінші мағынасы «көтерілу, шығу» (жоғарыға) болып келеді де, туынды мағына — «атқа отыру» дегенді нұсқайды. Қазақ тілінде «мін» етістігі тек «көлікпен» ғана байланысты айтылып, қалыптасқан.

«Мінгес» сөзіндегі жұрнақ болар деп жорамалдаған «гес» тұлғасының да өзіндік тарихы бар. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде мынадай дерекке кездестік: «кечік» тұлғалы сөздің мағынасы «екі адамды бір аттың үстіне отырғызу» деп түсіндірілген. Осы дерекке ой жүгіртсек, қазіргі тіліміздегі «мінгес» сөзі ертеректегі «мін» және «кечік» сөздерінің бірігуінен пайда болғандығына сенгендейміз. Қазақтардың қолданысында біріккен сөздің екіншісінің соңындағы *-ік* түсіріліп, одан әрі «к», «ч» дыбыстары өзімізге дағдылы «г», «с» болып айтылатын болған (мін+кечік, мінкечік, мінгеч, мінгес).

**НАРТТАЙ.** Қазіргі түсінігімізде мұның мағынасы — «қып-қызыл болып қызарған, албыраған».

Сөздің түп төркіні — монғол тобындағы тілдер. Монғол тілінде «нар» — күн, ал «нартай» — ашық күн; қалмақша: «нарн» — күн, «нарта» — шуақ күн. Осы мысалдардан сөз түбірі «нар» (монғолдарда) екендігі анық көрініп тұр. Қазақтарға бұл сөз тікелей қалмақтардан ауысып, ондағы «күн шуақ» мағынасындағы «нарта» тұлғасына қазақ тілінде ұқсату мағынасын беретін *-тай* жұрнағы қосылып, «нартай» сөзін тудырған. Демек, қызарған бетті күнге ұқсатып тұр.

**ОБЫР.** Тойымсыз, қомағай деген мағыналардың

баламасы ретінде «обыр» сөзі тілімізде жиі қолданылады.

Қазақ тіліне басқа тілден, дәлірек айтсақ, парсы тілінен ауысып, өз сөзіміздей болып кеткен. Парсы тіліндегі «оубар» сөзінің мағынасы — жалмау, жалмап бітіру, жұтып жіберу.

Қазақ тіліне ауысқаннан кейін «оубар» тұлғасы «обыр» болып өзгерген, мағынасына да біршама жаңалық кірген.

ОЛЖА. Қазіргі тілімізде ойламаған жерден қолға түскен табысты, дүниені осылай деп атайды.

Бірқатар түркі тілдерінде тұлғасы мен беретін мағынасы қазақ тіліндегідей болып келеді. Мысалы, тува тілінде — олча, қырғызша — олжо және т. б. Тіпті монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден де осыны байқаймыз. Монғол тілінде олдза — кіріс, пайда, табыс; буряттарда да «олзо» монғол тіліндегі мағынада қолданылады; қалмақтарда олз — пайда, табыс. Қазақ тіліндегі және монғол тобындағы тілдердегі «олжа» тұлғалас сөздердің мағыналары кейін пайда болған, туынды деуге болады. Өйткені маньчжур тілінде «олци» тұлғасы «тұтқын, соғыста қолға түскен адам» ал «олцила» сөзі — тұтқынға алу мағыналарын білдіреді. Алғашқы төтенше табыс, пайда адам баласына өзара соқтығысу арқылы қолға түскенін ескерсек, сөздің алғашқы мағынасы деп, осы маньчжур тіліндегіні айтуға болады.

ОМАЛУ. Біздің тілімізде көбіне «отыр» етістігімен тіркесіп келеді де, «омалып отыру» дегенді «бір орында қозғалмай, қимылсыз отыру» деп түсінеміз.

Қырғыз тілінде «омол» болып дыбысталады да, мағынасы — «қиындыққа кездесу: жұтау, күйреу» деп түсіндіріледі.

Ертедегі түркі тілі сөздіктерінің бірінде «умал» тұлғалы сөз «басымен тұру» немесе «аяғын жоғары көтеріп, басымен тұру» мағыналарын бергендігін көреміз. Бұл дерекке сүйенсек, «омалдың» қазақ, қырғыз тілдеріндегі қазіргі мағыналары кейін пайда болғандығы байқалады.

**ОРДА.** Қазіргі мағынасы әркімге де түсінікті. Алайда, ертедегі түркі тілдері ескерткіш сөздігінен «орда» сөзінің «кемірушілер және басқа хайуандардың іні, мекендейтін үңгірі» деген мағынаға ие болғандығын оқимыз. Дәл осы мағына қазіргі түркі тілдері ішінде якуттарда сақталған. Онда «ордуу» — ін, үңгір мағынасын береді. «Орда» сөзінің «көшпелі елдің саяси, әкімшілік орталығы» деген мағынасы мен ертедегі «ін, үңгір» мағыналарының қайсысы бұрын пайда болды дегенге келсек, әрине, «ін, үңгір» ұғымдарын тұңғыш, алғашқы деуге дәлел мол болмақ. Бір ғана мысал. Тілімізде ертеден келе жатқан «ордалы жылан» деген тұрақты тіркестің мағынасын — тек бір індегі, үңгірдегі жыландар деп қана түсіне аламыз. Ертедегі түркі тілдерінде де «орда» сөзінің қазіргі біздегі мағынасы болған, бірақ ол да «ін» мен «үңгірдің» туынды, ауыспалы ұғымы.

**ОСЫП ЖІБЕРУ.** Бұл — тіркестің мағынасы — қамшы, шыбық сияқтылармен бірдемені тартып, ұрып жіберу, пышақ, қылышпен тіліп жіберу.

Тұлғасы әрі мағынасы сәйкес бұл сөзді түркі не монғол тобындағы тілдерден кездестіре алмадық. Бірақ «осу» сөзінің тарихына апарарлық деректі тунгус-маньчжур тобындағы тілдерден ұшыратамыз. Бұл топтағы кейбір тілдерде «осии» тұлғасы «тырнау, тырнап алу» мағыналарын береді. Өте ертедегі адамның қолында қамшы, шыбық, пышақ сияқты құралдары жоқ кезінде қарсыласына көрсетер бір әрекеті тырнап алу болғандығын еске алсақ, «осып жіберу» дейтін тіркесіміздегі «ос» сөзінің алғашқы тұлғасы да, мағынасы да тунгус-маньчжур тобындағы тілдердегі біз көрсетіп отырған «осии» болуы заңды көрінеді.

Тунгус-маньчжур тіліндегі «осиқа» сөзі «тырнақ» болып аударылатынын ескерсек, «осу» етістігінің төркіні тіпті ашыла түседі.

**ӨГЕЙСУ.** Қазіргі сөздіктерімізде бұл сөздің мағынасын — бөтенсу, жатсыну, құлазу, аңсау, сағыну деп түсіндірді. Бұлардың бәрі, әрине, қазақ тіліне басқа жұрттан енген сөздің кейінгі, ауыспалы мағынасы дей аламыз. Мысалы, монғол тілінде үгүйлэх — жоқсыну, жоқтығын байқау, жоқтау деген мағыналарда қолданылады. Осы сөздің монғол тіліндегі түбірі — «үгүй» біздің тіліміздегі «жоқ» сөзімен мағыналас. Монғолдың «үгүйлэх» сөзі қазақтарға өткеннен кейін, монғол тіліне тән *-лех* жұрнағы түсіріліп, өзімізге төл *-сі* қосымшасы арқылы «үгүйсі» болып, одан әрі «өгейсі» тұлғасына дейін өзгерген. Бір сөзбен айтқанда, «өгейсу» мағынасы «жоқсыну» дегенмен бірдей.

**ӨЗЕК.** Тілімізде бұл сөздің бірнеше мағынасы бар. Біз солардың ішінен «бір нәрсенің негізі, арқауы» сияқты мағынасына тоқталып өтеміз.

Ертедегі түркі тілдерінде де бұл тұлғалас сөз «бір нәрсенің негізі, мәнді бөлегі» деген ұғымды білдірген. Бірақ ол кезде оның түбірі «өз» қалпында болған. Қазіргі қазақ тілінде «өзек» болып тұлғалануы кейінгі кезде қосылған *-ек* қосымшасының әсері. Ертеде «өз» тұлғасы «өмір, тіршілік» мағынасында да қолданылған. Бұл, әрине, туынды мағына болуы да мүмкін. Мысалы, ертедегі түркі тілінде «ағаш өзегі» дегенді «йығаш өзі» тіркесі түсіндірген. Ағаш өмірі оның өзегімен байланысты екендігі өзінен-өзі белгілі. Сөйтіп, «өзек» сөзінің алғашқы тұлғасы «өз» болып, «мән, өмір» деген мағына берген.

**ӨКПЕ.** Мұның ертедегі тұлғасы «өпке» болып, кейін метатеза құбылысы нәтижесінде «өкпе» түрінде қалыптасып кеткен. Сонымен қатар, қазіргі кездегі тыныс мүшесі мағынасын алғашқы түбір «өп» тұлғасына *-ке* қосымшасы жалғанғаннан кейін меншіктеген. Ал «өптің» алғашқы мағынасы — «жұту». Осыған сәйкес «ауа жұтатын» адам мүшесі *-ке* қосымшасының жәрдемімен «өпке» кейінірек өзгеріске ұшырап «өкпе» тұлғасына ие болған.

**ӨЛЕҢ.** Мұның алғашқы тұлғасы мен мағынасы өзге сөздерге қарағанда ерекшеленуі. «Өлең» сөзінің алғашқы түбірі одағай сөзден құрылғанына якут тілінің дерегі арқылы көз жеткіземіз. Якуттарда «үә» — «ау» одағайы орнына қолданылады. Осы түбірге сол тілдегі «лә» жұрнағы қосылып, «үөлә»

тұлғасына жеткенде «айқайлау, бақыру» мағыналарын меншіктенеді. Одан әрі *-н* жұрнағы қосылып, тағы мағына үстеп «қатты, ащы» (дауыс) дегенді ұғындыратын болған. Якут тіліндегі «үөлән» сөзі адам даусы жөнінде «ащы, қатты» дегенді білдірсе, бұл біздегі ән салудағы басты қасиетті аңғартатыны белгілі. Осылайша «үөлән» тұлғасы қазақ тілінде «өлең» болып тұрақтап, қазіргі кездегі мағынасын меншіктенген.

**ӨНДІРДЕЙ.** Тілімізде баланың жақсы өскендігін білдірсек, «өндірдей болып өсіпті» немесе «өндірдей жігіт екен» деген сияқты сөз тіркестерін жиі айтамыз. Бұл тіркестерден адамның тұлға, бой жағынан мінсіз, жақсы өскендігін аңғарамыз. Бірақ осындағы «өндір» сөзінің мағынасы нені білдіретіні әркімге айқын емес. Қарастыра келгенде, монғол тілінде «өндөр биетэй» сөз тіркесі біздің тіліміздегі «бойшаң» мағынасында көрінеді. Қазақ тіліндегі «өндір», «өндірдей» сөздерінің негізі монғол тіліндегі «өндөр» болуы ықтимал. Біздегі өзгешелік — монғолдардың «биетэй» сөзін түсіріп, оның орнына *-дей* жұрнағын қолданған.

**ӨҢМЕН.** Адам денесіндегі қос өкпенің тұсын осылай атаймыз.

Ертедегі түркі тілдерінде де «өмгән» сөзі қазіргі біздің тіліміздегі мағынамен сәйкес — кеуденің жоғарғы жағы деген ұғымға ие болған. Әрине, бұл да туынды, кейін пайда болған мағына. Түркі тілдері ішінде сағайларда «іңмә» — иық мағынасына көшкен.

Ең тұңғыш тұлғасы мен мағынасын да ертедегі

ескерткіш сөздіктерінен табамыз. Онда «өң» тұлғасы «алдыңғы» деген ұғымда қолданылған. Осы түбірге -мен қосымшасының жалғануынан келіп, адам денесінің алдыңғы, жоғарғы жағын білдіретін, тіліміздегі «өңмен» сөзі қалыптасқан.

**ӨРЕ ТҮРЕГЕЛУ.** Отырған орындарынан жапатармағай тұруды «өре түрегелу» дейміз.

Ертедегі түркі тілдерінің дерегінде «өрү» сөзінің бір мағынасы — «тұру» (орнынан) болған. Мағыналас келген «өрү» және «тұр» екі сөз тіркесе келіп, қазіргі күнде «жаппай, бәрі тұру» мағынасын беретін болып қалыптасқан.

**ӨРКЕН, ӨРКЕНІ ӨСУ.** Кейде қариялар жастарға «өркенің өссін» деген сияқты жылы лебіз білдіреді. Осындағы «өркен» сөзінің алғашқы мағынасын көбіміз біле де бермейміз.

Дұрысын айтсақ, бұл сөздің ең арғы түбірі қазір күнде қолданылып жүрген «тұқым» мағынасын беретін «ұрық» сөзімен бірдей. Тұңғыш түбір «үр» болғандығына монғол тіліндегі осы тұлғалас сөздің «тұқым», «дән» мағынасын беруі дәлел болады. Бурят тілінде «үрһэн» сөзі «тұқым» деген мағынаны береді. Осы сияқты тұлғалар қазақ тілінде «өркен» сөзінің қалыптасуына әкеп соқтырған. Егер біздегі «өркенің өссін» тілегін қазіргі кездегі түсінікке сәйкестіре айтсақ — «тұқымың, ұрығың өссін» болады. Түркі тілдерінің өз ішінде де тұлғасы бірдей сөздердің мағына жағынан сәл ауытқушылығы бола береді. Мысалы, Сібірдегі түркі тілдерінде «өркен» тұлғалас сөз «балық уылдырығы» мағынасында

қолданылады. «Уылдырық» — балықтың өніп-өсер тұқымы, ұрығы.

**ӨРКЕШ.** Бұл сөздің шығу тегі де қызық.

Қазіргі түркі тілдері ішінен якут тілінде тұлға жағынан «өркеш» сөзіне сәйкес «өргөс» — «өткірлеу» деген мағына береді. Бұл тілде «ұшы өткір» деген сөз — «өргөс усук» деп айтылады. Тіпті сиыр мүйізінің ұшы да «өргөс» аталады. Осыларға қарағанда, түйе арқасындағы айырланып келетін қос дөңесті ұштылығына сәйкестіріп, «өркеш» деп атауы мүмкін. Бірақ ертедегі түркі тілі сөздіктерінде «өркеш» тұлғалас «өркүч» сөзінің екі-үш мағынасы бар. Солардың бірі — күшті толқын. Қазіргі «өркеш» сөзі көне кездерде «өркү» қалпында айтылған. Осы соңғы тіл дерегіне қарағанда, түйе өркеші өз атауын толқынға ұқсатудан алған деп топшылаймыз. Якут тіліндегі мағына — ауыспалы, туынды болса керек. Шынында да, су толқынының көтеріле түскен жалдары — түйе өркешін еске түсіргендей.

**АСПАЗ.** Сөздің екі түбірден құралғаны сырт қарағанда да көрініп тұр. Біріншісі «ас», ал екінші сөз парсы тілінде «пісіруші» мағынасын беретін «паз». Екі сөз бірігіп, «ас пісіруші» деген мағынаны иеленген.

**ПӘЛІ.** Біреудің сөзін, не өнерін қостаған кезде айтылатын одағай сөз.

Мұның шыққан төркіні — парсы тілі. Оларда «бәле» немесе «бәли» қалпында дыбысталып, біздегі «иә, солай, дұрыс-ақ», «әрине» сөздерінің орнына жүреді. Демек, парсы тіліндегі қостау нышанын білдіретін



бұл сөз қазақ тіліне ауысып, өз сөзіндей болып кеткен.

**ПҰШЫҚ.** Қырым татарлары тілінде «буцук» тұлғалы сөз қазақ тіліндегі «жарты» деген ұғым береді. Осыған қарағанда, ертедегі түркі тілдерінде «жарты» мағынасын осы тұлғалас сөз бергендігі байқалады. Көне түркі жазба ескерткішінде кездесетін «бычуқ» тұлғасының «жарты» мағынасын меншіктенгендігі осы ойымызды қуаттай түседі. Бұл тұлғалардың қазақ тілінде «пұшық» дыбыстық құрамына дейін өзгеруі тіл заңдылығына қайшы емес. Сөйтіп, қазіргі тіліміздегі «пұшық» бұрын «жарты», «жарты мұрын» ұғымында қолданылған.

**САБАҚТЫ, САБАҚТЫ ИНЕ.** «Сабақты ине — сәтіммен» немесе «біреудің бір сабақ жібіне тимеу» сияқты мақал-мәтелдерде кездесетін тұрақты тіркес.

Осы тіркестегі «сабақты» сөзінің алғашқы мағынасы бәріңізге бірдей мәлім емес. Ерте кездерде «сабақ» сөзі қазақ тілінде де жиі қолданылған сөз екенін жоғарыда келтірген мақал-мәтелдерден басқа «ине сабақтау» тіркесінен де көруге болады.

«Сабақ» сөзінің бізде ұмытылған мағынасын кейбір түркі тілдерінің дерегі ашып береді. Ең алғашқы тұлғасы якут тілінде сақталған. Бұл тілде «сап» сөзі «жіп» деген мағына береді. Ал Сібірдегі алтай, шор тілдерінде соңына *-ақ* жұрнағын жалғап «сабақ» тұлғасында айтылып та «жіп» болып аударылады. Осы туынды түбір қазақ тілінде де сақталып, тұрақты сөз тіркестерінде күні бүгінге дейін қолданылып келеді.

**САБЫН.** Әуелгі кездердегі мағынасы тек монғол тобындағы тілдерде сақталған. Мысалы, монғолдарда: цавуу-желім; буряттара: сабуун — желім, ал сабууда — желімдеу мағыналарында қолданылады. Монғол тілінен бұл сөз кейбір тунгус-маньчжур тіліне өткенде тұлғасын «чавун» қалпына дейін өзгерткен де, мағынасы «желім» қалпында қала берген. Қазірдің өзінде сабында желімге тән қасиеттің жұқанасы сақталғанын байқау қиын емес.

**САҒЫНУ.** Қазіргі сөздіктердің түсіндіруінше: сағыну — көруге құмарту, аңсау.

Ертедегі түркі тілдерінде бұл түбірлес сөздің тұңғыш мағынасы басқа болған да, тұлғасы бір буын болып келген. Сағ — ақыл, ал бұған *-ын* жұрнағы қосылып, «сағын» дыбыстық құрамда — «ойлану, толғану» мағыналарында қолданылған. Дәл осы тұлға мен мағына қазіргі хакас тілінде сол күйінде сақталған (сағын — ойлау). Сібірдегі кейбір түркі тілінде «сағы» сөзі «сүю» деген мағынаны да береді. Шамасы, бұл туынды мағына болса керек. Біздің қазіргі қолданып жүрген мағынамыз — құмарту, аңсау, ойлау.

**САЗАРУ.** Түсіндірме сөздігімізде бұл сөздің — «мелшиіп қарап қалу, бедірею» деген бір мағынасы ғана берілген.

Бұл көрсетілген, әрине, «сазару» етістігінің ауыспалы мағынасы. Осындай ауыспалы мағына қырғыз тілінде де бар. Онда — «ашулану, кек тұту» делінген. Біздіңше, осы түсінік өте орынды. Өйткені адамның

түсі өзгеріп, сазарып, сұрлануы да тек ашулануға байланысты.

«Сазару» сөзінің әуелгі мағынасы басқаша болғандығын қырғыз және якут тілдері арқылы білеміз. Қырғыз тілінде «сазар», якуттарда «сасар» тұлғалары «сарғаю» деген мағынада қолданылады. Түр-түстің бұл атауы біздің тілімізде — ашуланған адамның реңін білдіруде ғана сақталған.

**САҚПАН.** Түсіндірме сөздікте мұның мағынасы — бір бөлек қозылы қой. Осы қойларды бағушы — «сақпаншы» делінеді.

Сібірдегі сағай, қойбол тілдерінде: сақпаншы — мал айдаушы. Біздің қазіргі қолдануымызда, сақпаншы — қой қозысын қараушы.

Біздің ойымызша, алғашқы айтылуы «сақманшы» болған. «Сақ» — сақтау, қорғау мағынасын берсе, «ман» — «қой» мағынасында көне түркі тілдері ескерткіштерінде кездеседі. Осымен байланысты, қазір қолданып жүрген «сақпан» сөзі — қойды күтуші, сақтаушы ұғымын бермек.

**САЛ.** Тілімізде бұл сөздің бірнеше мағынасы бар. Түсіндірме сөздікте әдемі киініп жүретін, ойынсауықшыл, өлеңші, әнші деп анықтама берген. Мұндай сөз көбіне жеке адам есімдеріне қосарлана жүреді. Мысалы, Біржан сал және т. б.

«Сал» тұлғасының алғашқы мағынасы өзгеше болған. Қырғыз тілінде: «сал» — қайратты жас жігіт, ал якутша: цаалы — өз беті, өз еркімен жүру. Екі тілден келтірілген сөз мағынасы біріне-бірі тығыз байланысты. Өйткені, жас әрі қайратты жігіт қана

өз еркімен жүріп-тұра алады. Олай болса, бұл екі мағынаның алғашқысы қырғыз тіліндегі деп танимыз. Ал біздің тіліміздегі мағына бұлардың екеуінен де кейінірек пайда болған.

**САЛДЫР-САЛАҚ.** Қос сөздің екінші сыңарының мағынасы — шаруаға қалай болса, солай қарайтын ұқыпсыз адам екендігі белгілі. Бірінші сыңар — «салдыр» тілімізде жеке қолданылмайды (еліктеуіш сөз — «салдырды» еске алмағанда).

Бірақ «салдыр» тұлғасына сәйкес сөз кейбір түркі тілінде, атап айтсақ, якут тілінде «цалыр» дыбыстық құрамда айтылып, «салақ, ұқыпсыз» мағыналарын береді. Біздің тілімізде «салдыр» қалпында қос сөз құрамында сақталған.

**САЛҚЫН.** Болмашы суықты осылай атаймыз. Әрине, түркі тілдері үшін, бұл келтірілген мағына, ең алғашқы дей алмаймыз. Өйткені кейбір тіл деректері осыған жетелейді.

Жел, салқын, суық сияқты құбылыстар ауа қозғалысына байланысты екені әркімге түсінікті. Сондықтан да болар, «салқын» сөзінің тұңғыш мағынасы басқаша. Якут тілінде «салғын» тұлғасы — қазіргі біздің тіліміздегі «ауа» мағынасында қолданылады. Мұны біз «салқын» сөзінің алғашқы мағынасы деп білеміз. Ауа қозғалысынан ең алдымен жел пайда болатыны белгілі. Кейбір түркі тілдері мен монғол тобындағы тілдерде алғаш «ауа» мағынасын берген «салқын» кейін келе «желге» ауысқан. Туваларда: салғын — әлсіз жел; монғол тілінде: салхи — жел; қалмақша: салькн — жел. Ал түркі, мон-

ғол тілдерінен тунгус-маньчжур тобындағы тілдерге өткен «салқын» тұлғалас сөз бірінде «ауа», екіншісінде «жел» мағыналарында қолданылады.

Осылайша, қазіргі қолданып жүрген «салқын» сөзі мағына өткелдерінен өтіп, бізге жеткеннен кейін «болмашы суық» деген ұғыммен шектелген.

**САМҒАУ.** Кейде бұл сөзді «шарықтап ұшу» мағынасында қолданамыз.

Сөз түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне, басқа тілден ауысып келген: Араб тілінде «самағ» — аспан, көк мағынасында қолданылады. Өте жоғары ұшуды шарықтаумен бірге «аспандап ұшты» деп те айтамыз. Араб тілінен кірген сөз «самғау» тұлғасына дейін өзгеріп, тілімізде «шарықтау» «аспандау» сөздерінің баламасы болып қалыптасқан.

**САМАЛАДАЙ.** Бұл сөз — «жап-жарық, сәулесі мол» деген мағына береді.

Қырғыз тілінде біздегі осы тұлғаға сәйкес «шамана» сөзі «шырақ, факел» мағыналарын иеленген. Сөз төркіні — парсы, араб тілдерінен екендігін аңғарамыз. Парсы тілінде: самави — аспан түсі, көкшіл аспан мағынасында қолданылады. Әрине бұл «самави» сөзінің туынды ұғымы болса керек. Арабтарда: шамэс — күн деген ұғым береді. Міне, осы сөз түркі тілдеріне өткенде тұлға жағынан өзгеріске ұшырап, бірінде «шырақ» мағынасын берсе, екіншісінде қосылған жұрнақ саны молая түсіп (қазақ тілінде) жарық сәулесінің молдығын аңғартатын — «самаладай» сөзін тудырған.

**САҢҚЫЛДАУ.** Қатты үн шығара сөйлеу — қазіргі мағынасы осы.

Тілімізде осы сөздің түбірі арқылы жасалған «саңқ-саңқ» қос сөзі қолданылады. Осыған қарап, сөз негізі еліктеуіш сөз деуге де болатын сияқты. Бірақ якут тілінде осыған сәйкес түбір сөздің мағынасы бар екендігін көреміз. Оларда саңа — біріншіден, дауыс, екіншіден, сөз, үшіншіден, бос сөз, көп сөз деген үш түрлі мағына береді.

Біз қолданып жүрген «саңқылдау» етістігінің алғашқы түбірі «саң», ал тұңғыш мағынасы — дауыс, сөз дегенге нұсқайды.

**САУҚАТ.** Тілімізде бұл сөз жеке де қолданылады. Алайда, «сәлем-сауқат» қос сөзі ретінде жиірек айтылады.

Бұл жерде «сәлем» сөзінің төркінін іздестіріп жатпаймыз. Өйткені ол туралы жазылған зерттеулер жоқ емес. «Сауқаттың» қазіргі тіліміздегі мағынасын — «бір жақтан зат күйінде жіберілетін сәлемдеме» деп анықтайды түсіндірме сөздікте. Бұл мағына сөздің төркін тіліндегі ұғымына жақынырақ келеді. Сөз парсы тілінен ауысып келген. Оларда: «соуғат» — сыйлық, тарту, базарлық. Дәл осы мағынаны «савкат» тұлғасында — ноғай, «сауғат» қалпында — азербайжан тілдерінен де ұшыратамыз. Демек, бұл тілдерде мағынасы парсы тіліндегіден ауытқымаған.

**САУМАЛ.** Әлі ашып, қымыз қалпына жете қоймаған бие сүтін осылай атайтынымыз белгілі.

Саумалдың көпіршіп, көбіктеніп тұратын қасие-

тіне қарап сөз төркіні араб тілінен болар деген жорамал жасаймыз. Өйткені бұл тілде: саумалэ — көбік, көпіршік мағынасында қолданылады. Түркі, монғол не тунгус-маньчжур тілдерінде «саумал» мағынасына жуық келерлік әрі төркін боларлық сөз тұлғасын кездестірмедік. Осыған орай, тіліміздегі «саумал» атауы көпіру қасиетіне байланысты арабтардан ауысқан болуы ықтимал.

**САЯҚ.** «Өз бетімен, жалғыз жүретін» деген мағына береді.

Қырғыз тілінде: саяк — жалғыз қаңғу, қаңғыбас дегенді аңғартса, хакасша: саяг — босату, ерік беру. «Саяк» сөзінің алғашқы мағынасы хакас тіліндегі «ерік беру» деген болуы мүмкін. Өйткені жалғыз басты жанның қаңғыбас болуға еркі молдау болады. Біздегі «саяк» — хакас тіліндегі мағынаның туынды түрі деп қарауға тура келеді.

**СЕЛСОҚ.** Қазіргі түсінік бойынша, сөз мағынасы — ықылассыз, енжар.

Сөздің төркіні парсы тілі: дәлсухтэ — ренжу, қайғы басу мағыналарында кездеседі. Осы сөз қазақтарға ауысқаннан кейін, тек тұлғасына ғана емес, мағынасына да өзгеріс еніп, ренжу, қайғы басудан туатын «енжарлықты» білдіретін болған.

**СЕҢ.** Көктемде мұздың бұзылып, кесек-кесек боп ағуы осылай аталады.

Бұл да осы тұлғаның алғашқы мағынасы емес-тігін ертедегі сөздіктерден, қала берді, қазіргі түркі тілдері деректерінен білеміз. Ежелгі сөздіктердің бірінде, сондай-ақ коман тілінде «сең» тұлғалы сөз

«тас» немесе «тас үйіндісі» мағынасында қолданылған. «Сең» тәрізді сөздің «мұз сынықтары» мағынасында айтылуы монғол (цөн), қалмақ (сөң) тілдеріне де тән. Монғол, қалмақ және біздің тіліміздегі «сең» сөзінің мағынасы кейінірек пайда болып, ауыспалы ұғымға ие болған.

**СЕҢСЕҢ.** «Қозының өскелең жүнді терісі» мағынасын ұғындыратын бұл сөздің төркінін алтай тілінде ұшырасатын «саак» сөзімен байланыстыруға тура келеді. «Саак» сөзінің олардағы мағынасы — «жүн». ХІХ ғасырдағы түркі тілінің сөздігінде «сексек» тұлғасы «сабалақ», «ұзын жүнді» деген мағына беретіндігін оқимыз. Түбір сөздің қайталанып, қосарланып отыруы, сөз жоқ, бір заттың молдығын аңғартатыны анық. Демек, «сексек» — тіліміздегі «жүн-жүн» сөзінің баламасы болмақ. «Сексек» тұлғасының біздің тілімізде «сеңсең» болуы түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестігінен. Кейде қазақ тілінің өзінде қ, к дыбысының орнына «ң» дыбысы қолданыла береді (секектеу — секеңдеу, жалақтау — жалаңдау).

**СИЫҚ.** Тұр, бейне, кескін, келбет, сөздерінің баламасы ретінде тілімізде осы сөз де қолданылады.

Қазаққа «сиық» сөзі парсы тілінен ауысып келген. Онда: «сиғ» тұлғасы сөз «көрікті, сұлу, тамаша» деген ұнамды мағыналарда қолданылады. Бізге ауысқанда мағынасы мүлдем басқаша болып, жағымсыз сипатқа қарай ойысқан. Бір тілден екінші тілге (әсіресе жүйесі басқа тілден) сөз ауысқанда тұлға жағынан бұзылмаса да, мағынасының кейде



өзгеріске ұшырап отыратындығының бір мысалы осыдан көрінеді.

**СОЮ.** Бұл сөз мал союға байланысты кейінірек қолданыла бастаған. Ертедегі түркі тілдері сөздігінде «сой» тұлғасы «шешу» (киімді) мағынасын білдіретіндігі көрсетілген. Бұны қазіргі кездегі кейбір түркі тілдері дерегі де растайды. Тува тілінде «сояр» сөзі «алып тастау», «түсіру» түсінігін берсе, хакастарда «сой» тұлғасы «сыпыру» мағынасында кездеседі. Қазақ тілінде кейін «шешу» сөзі пайда болған соң, «сою» бірте-бірте малды іреу баламасына айналған.

**СОҚА, СОҚА БАС.** Қазақ тілінде «соқа» тек «бас» сөзімен тіркеседі де, «жаңғыз, кара басы» мағынасында айтылады. Қырғыз тілінде «сок» тұлғасында көрінеді, мұнда да тек қана «жаңғыз» сөзімен тіркесе алады. Якут тілінде басқа жағдайды байқаймыз. Мұнда «соғотох» (түбірі «соғо») сын есім орнына қолданылғанда кез келген сөзбен тіркесе алады, әрі «бір» деген сан есімнің қызметін атқара береді. Тағы бір қызығы «жаңғыз» мағынасында бұл сөзді түркі тілдері ішінен, әзірге, қазақ, якут, қырғыз тілдерінен ғана кездестіреміз. Қырғыз бен қазақ тілінде қолдану шеңбері өте тар да, якуттарда молырақ. Осыған қарағанда, қазақ пен қырғыздарға якуттардан өте ертеде ауысуы мүмкін.

**СУ, СУ ҚАРАҢҒЫ.** Жеке тұрғанда мағыналары әр түрлі «су» мен «қараңғының» тіркесіп келуі кімді болсын ойландырады.

Якут тілінде «суй» — «мүлдем, өте»; монғол ті-

лінде «суу»—«мүлде, тіпті», тунгус-маньчжур тілдерінің кейбіреуінде «чуу»—«өте» деген мағыналарды меншіктенеді. Ал монғол тілінде: «хараагуй»—соқыр ұғымында қолданылады. Монғол тіліндегі «хараагуй» сөзінің өзі «хараа» және «гуй» деген екі түбірден тұрады. Алғашқы сөз (хараа) «көздің көруі», ал «гуй»—«жоқ» мағыналарын беріп, біріге келіп «соқыр» ұғымына ие болған. Осыларды жинақтай келіп қазіргі қазақ тілімен түсіндірсек, «су қараңғы» дегеніміз—«көзі тіпті көрмейді» немесе «мүлде соқыр» болып шығады. «Су» үстеуі қазіргі қазақ тілінде санаулы сөздермен ғана тіркесе алады: «су қараңғы», «су жаңа», «су тегін».

**СУҚАН, СУҚАНЫ СҮЙМЕУ.** Жақтырмау, ұнатпау, жек көру сөздерінің баламасы ретінде қолданылатын тіркес. Мұндағы түсінбестік туғызып тұрған сөздің бірінші сыңары —«суқан».

Біздің жобалауымызша, сөздің алғашқы түбірі монғол тобындағы тілдерден ауысқан сияқты. Монғолдарда «цусан», қалмақ тілінде «цусн» тұлғалары біздегі «қан» мағынасында қолданылады. Монғолдан ауысқан «цусан» сөзіндегі бастапқы «ц», сөз ортасындағы «с» дыбыстары қазақ тілінде «с» «қ» дыбыстарына алмасып «суқан» болып қалыптасуы немесе «цусн» сөзіне өзіміздегі мағыналас «қан» тұлғасы қосарланып (цусн+қан>цуқан>суқан), бірігуі нәтижесінде «суқан» сөзі пайда болуы мүмкін. Қорыта айтқанда, «суқаны сүймеу»—«қаны сүймеу» деген түсінікпен тең.

**СУСЫН.** Сөздің алғашқы тұлғасы мен мағына-

сына зер салайықшы. «Сусын» дегендегі бірінші буынның (түбірдің) басы ашық. Ол — су. Бізге төркінін жасырын ұстап тұрған екінші түбір — «сын». Оны монғол тобындағы тілдерден табамыз. Монғолша: «сүн» — сүт; бурят тілінде: «һүн» — сүт; қалмақтарда: «үсн» — сүт. Осылардың бірі, әзірге монғол тіліндегі «сүн» түбірі «су» сөзіне жалғанса, «сусүн» тұлғасы пайда болады. Мұның қазақ тілінде «сусын» болмасқа еркі жоқ. Сонда «сусын» деген сөзіміз — «су -сүт» дегенмен бірдей болып шығады. Демек, «сусынымыз» — су мен сүттің қоспасы. Тілімізде кездесетін «су-суан» қос сөзінің өзі де «су» мен «сүт» түбірлерімен тектес деп болжаймыз.

**СҰҢҒАҚ.** Бұл сөз көбіне адамның бойшаңдығын білдіргенде қолданылады.

Түркі тілдері ішінен «сұңғақ» сөзіне тұлғасы мен мағынасы сәйкес сөзді хакастардан кездестіреміз: «суны» — «ұзындығы, бойы» мағынасын береді. Әрине бұл «сұңғақ» сөзінің тұңғыш мағынасы емес.

«Сұңғақ» сөзінің алғашқы мағынасы мен тұлғасы дерлік сөзді монғол тобындағы тілдер мен тунгус-маньчжур тілдерінен табамыз. Монғол тілінде: «сунаах» — «созылу, керілу»; қалмақша: «сунх» — «ұзару» мағыналарында кездеседі. Ал, тунгус-маньчжур тілдерінде «суун» тұлғасы «созылу, керілу» дегенді ұғындырса, енді бірде «сүңгэ» тұлғасы да осы мағыналарды түсіндіреді. Ұзарудың өзі созылу мен керілудің нәтижесі екенін еске алсақ, «сүңгэ» тұлғасы мен оның беретін мағынасы «керілу, созылу»

біздегі «сұңғақ» сөзінің шыққан төркіні демеске болмайды. Түйіндей айтсақ, сөздің алғашқы төркіні монғол, тунгус-маньчжур тобындағы тілдер болып келетіндігін аңғару қиын емес.

СҰР. Тілімізде бұл — «кукылт тартқан, бозғылт» дегенді білдіреді. Бірақ алғашқы мағынасы нендей түс болғанын біле бермейміз. Ертеде «ақ» — түстің бірнеше атауы болған. Оны түркі тілдер дерегінен табамыз. Соның бірі «ақ» деген мағына беретін хакас тіліндегі — «ку» тұлғасы. Ал «сұрдың» да түпкі мағынасы «ақ» екендігін чуваш тіліндегі «шур, шор» тұлғалас сөздерден байқауға болады. Сонымен, «сұр» да «ақ» мағынасының ертедегі баламасы екен.

СҰРЫ ҚАШУ. Мұндай сөз тіркесін естісек, «өңі қашты, түсі бұзылды» деген мағынаны ұғынамыз.

Кейбір түркі тілдері деректеріне зер салсақ, «сұры қашу» сөз тіркесіндегі «сұр» тұлғасының мағынасы — қазіргі тіліміздегі «сиық, түр, түс» түсініктеріндей емес екені сезіледі.

Қырғыз тілінде: «сур» — «рух, жан» деген мағына берсе, туваларда: «сорук» — рух деген ұғымда қолданылады. Соған қарағанда «сұр» сөзінің алғашқы тұлғасы «сор», ал мағынасы — «рух, жан» деуге болады. Кейде сөйлеу тілінде «сұрқы қашты» деп те айтылады. Дәл мұндағы тұлға тува тіліндегі «сорукқа» сәйкес. Тілімізде қазір қолданылып жүрген «жан», «рух» сөздері араб, парсы тілдерінен ауысқан. Ал «сұр» не «сорук» түркі тілдеріне ежелден меншікті сөз. Сөйтіп, қазіргі айтылып жүрген «сұры қашу» сөз тіркесі, дұрысында, ертеде «жаны қашу»

немесе «рухы қашу» деген мағынаны берген.

**СҮЗЕК.** Жұқпалы аурудың бір түрі.

Бұл аурудың басты қасиеті — дене қызып, адам ыстығы қалыптағыдан жоғары болады. Мұның бәрі — адам бойының шамадан тыс ысуынан. Түркі тіліне парсыдан ауысқан «сузь» сөзі біздегі «қызу, жану» мағыналарында қолданылады. Осы түбірге -ек жұрнағы қосылып, ауру қасиетіне қарай оның атауы — «сүзек» пайда болған.

**СҮЙЕМ.** Қазақтарда ұзындық өлшемнің «қарыс», «сүйем» деген түрлері бар. Соның бірі сүйем — бас бармақ пен сұқ саусақты керген кездегі ұзындық.

«Сүйем» сөзі монғол тілінде «сөөм» тұлғасында, ал тунгус-маньчжур тілдерінде «суум» дыбыстық құрамында көрініп, бұларда да қазақ тіліндегі мағынада қолданылады. Бірақ осылардың бәрі сөздің алғашқы тұлғасы мен тұңғыш мағынасы емес. Оған себеп — қырғыз тіліндегі «сөөмөй», тунгус-маньчжур тілдеріндегі «сууө» сөздері біздің тіліміздегі «сұқ қол» дегеннің орнына жұмсалады. «Сүйем» өлшемінде бұл саусақтың қатысы барлығына орай, осы сөздің тууына негіз болған деген ойдамыз. Сондықтан да, «сүйем» сөзін қырғыз және тунгус-маньчжур тілдеріндегі сұқ қолдың атауымен байланысты деуге болады.

**СҮЙІНШІ.** Сөздің ертедегі түбірі «сүй» болып, оның берер мағынасы қазіргі тіліміздегідей «жақсы көру» дегенді ұғындырғанын түркі жазба ескерткіштері сөздігінен кездестіреміз. «Сүй» түбіріне -ін жұр-

нағы қосылып, «сүйін» қалпында көрінгенде ертедегі түркі тілдерінде қазіргі біздегі мағынадан өзгеше «қуану, көңілдену» ұғымын берген. Қуану, көңілдену, сөз жоқ, адамға естірткен жақсы хабардың нәтижесі. Біздің байқауымызша, қуану, көңілдену мағынасын беретін «сүйін» сөзіне *-ші* қосымшасы жалғанып, ақырында жақсы хабарды жеткізушіге берілетін заттай сыйлық атауына көшкен.

**ТАҢ СЫЗ БЕРУ.** Қазір біз мұны — «таң қылаң берді, ағарып атты» деген мағынада қолданып жүрміз.

Тұрақты тіркестегі сөз төркінін іздестіргелі отырған тұлғамыз — «сыз». Тілімізде тұлға жағынан осыған сәйкес сөздер жоқ емес. Бірақ олардың жөні басқаша.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінен «сыз» тұлғалы етістіктің «көріну, көріне бастау» деген мағынасы бар екенін кездестіреміз. Қазіргі кездегі тілімізде бұл етістік тек «таң сыз беру» тұрақты тіркесінде ғана қолданылады. Сөйтіп, бұл тұрақты тіркестің қазіргі мағынасы — «таң көріне бастады» дегенмен бірдей. Дәлірек айтсақ, «күн көріне бастадыға» нұсқайды.

**СЫҚЫЛЫҚТАП КҮЛУ.** Түсіндірме сөздігімізде мұның мағынасына — рақаттана, шаттана күлген күлкі деген анықтама берілген. Мұның өзі, әрине, қазіргі түсінігіміз. Уақыт өткен сайын сөз мағынасы да жаңаланып отыратыны белгілі.

Кейбір түркі тілдері деректеріне назар аударсақ, «сықылық» сөзінің алғашқы мағынасы өзгеше бол-

ғандығы ашыла түседі. Түрік тілінде: «сыклық» — ысқырық; туваша: «сыгы» — ысқырық; якуттарда: «исирии» — ысқырық. Әдетте, түркі тілдерінде түбір сөз бір буынды болғандығын ескерсек, «ысқырықтың» алғашқы тұлғасына тува тіліндегі сөз «сыгы» жуық келеді. Одан әрі басқа түркі тілдеріндегі осы тұлғалас сөздер өрбіген. Осы деректер бойынша жорамал айтсақ, «сықылықтап күлудің» алғашқы мағынасы — «ысқыра күлу» болған-ау дейміз.

**СЫҢАР.** Бұл сөз «сыңар аяқ», «сыңар етік» деген сөздерді еске түсіреді. Оның мағынасы жалғыз немесе біреу дегенді білдіреді.

Шын мәнісінде, «сыңар» тұлғасының алғашқы мағынасы басқаша түсінік берген. Ертедегі түркі тілдерінде: «сыңар» — жарты мағынасына ие болған. Дәл осы мағына қазіргі кезде якут тілінде сақталған: аңар — жарты. Якут тіліндегі «аңар» тұлғасы «сыңар» сөзіне жуық емес деген күмән тууы да мүмкін.

Якут тілінде басқа түркі тілдерінде сөз басында келетін дыбыстардың түсіріліп айтылу дәстүрі бар. Мысалы, қазақ тіліндегі «сегіз» сөзі якуттарда «ағыс» болып айтылатынын ескерте кетсек болады.

**СЫПТАЙ.** Қазіргі кездегі мағынасы — «түптүзу, жіңішке, оқтай түзу».

Туваларда — «сып», хакасша — «сап», ноғай тілінде — «шаып» тұлғалары «өсімдік сабағы» дегенге саяды.

Осыларды ескере келіп, қазақ тіліндегі «сыптай»

сөзі — түзулік, биіктік, жіңішкелік бейнесін өсімдік сабағымен салыстырудан туған деп қорытынды жасауымызға әбден болады.

**ТАБАНДЫ.** Уәдеден таймайтын, сертінде тұратын, тұрақты адамдарды осылай деп те айтамыз.

Парсы тілінде: «таб» тұлғасы біздің тіліміздегі «шыдамдылық», төзімділік» мағынасын береді. Ал, «таван» — мықты, күшті дегенге саяды.

Сырт қарағанның өзінде де бұл екі сөздің түбірі бір екендігін айыру қиын емес. Өйткені шыдамдылық, төзімділік — мықтылық пен күштіліктің негізі. Парсы тілінің «таван» сөзі қазақ тіліне ауысқан соң *-ды* қосымшасы арқылы шыдамдылықтың баламасы тұрақтылықты көрсететін болған.

**ТАҢСЫҚ.** Түсіндірме сөздігімізде мұның екі түрлі мағынасы берілген. Біріншісі — «жеңсік, құмар, әуес»; екіншісі — «қат, зәру». Ал бұлардың қай-қайсысы да кейін пайда болған ауыспалы мағыналар.

Қазіргі түркі тілдерінің ішінде — татарларда: «тансык» — сирек, сирек ұшырасатын; якут тілінде: «тоңсук» — сирек, жаңалық сияқты мағыналарда қолданылады. Бұлар да кейінірек пайда болған ұғым. Өйткені дәл осы тұлғалас сөз ертедегі түркі тілдері сөздігінде де бар: «таңсук» — таң қаларлық, әдеттен тыс деген мағына береді. Бұл мысалдарға қарағанда, сөздің алғашқы тұлғасы өзгермесе де, кейінгі дәуірлерде мағынасында біршама ауытқушылық болғаны байқалады. Сонымен, «таңсық»



сөзінің әуелгі мағынасы — таңданарлық, әдеттен тыс дегенді аңғартқан.

**ТАРПАҢ.** Үйретілмеген, асау жылқыны осылай атаймыз.

Қырғыз тілінде «тарпаң» деп — жүрісі жамап әрі шабан жылқыны айтады. Ал ногай тілінде: «тарпан» мағынасы «жабайы», «тағы» жылқы дегенге саяды. Осыдан-ақ сөз мағынасының шығу тегі жабайы жылқыны аңғартып тұрғанын байқау қиын емес.

**ТАРЫ-ТАЛҚАН.** Бұл қос сөзге түсіндірме сөздік: «тары және оның жармасы» деген анықтама берген. Тілімізде мұны «азық-түлік» сияқты кең мағынада да қолдана аламыз. Ал сөз төркінін түркі, монғол тобындағы тілдерден іздеген жөн сияқты. Алдымен тары сөзіне тоқталсақ, хакас тілінде «тары»—«себу», «тарығ»—«егін» мағынасын береді, туваларда: «тараа»—астық, жалпы өнім (егіннің), якутша: «туорах»—дән деген ұғымдарда қолданылады. Монғолша: «тариа»—астық, егін, қалмақ тілінде: «тэрэн»—астық, егін мағыналарында көрінеді. Осыларды жинақтай келіп, қорытынды жасасақ, «тары» сөзі ертеде «егу» мағынасына, одан бері келе егілген тұқымнан алынған —«астық» мағынасына ие болғанын көріп отырмыз. Қазіргі кезде ол дәнді дақылдың бір түрінің атауы.

Қос сөздің екінші сыңары «талқан» да дәнінің ұны, жармасы мағынасын емес, басқаша ұғым берген. Монғол тіліндегі «талх» сөзі — қазіргі біз қолданып жүрген «нан» мағынасын береді. Осы түлғә

қазақ тілінде қос сөз құрамына кіргеннен кейін *-ан* жұрнағын қабылдап, «тары-талқан» болып қалыптасқан түрі бар, ал мағынасы — «астық-нан» дегенді ұғындырады. Бұл ойымызды монғол тобындағы тілдердің бірі — бурят тілінің дерегі қуаттай түседі. Оларда: «таряа талхан» сөз тіркесі — егіннің өнімін білдіреді.

Ескерте кететін нәрсе — қазіргі қолданылып жүрген «нан» сөзі бізге парсы тілінен кіріп, қалыптасып кеткен. Түркі тілдеріне өте ерте кезден тән, меншікті «етмәк» («нан» мағынасындағы) қазақтарда ұмытылып, тек татар, башқұрт сияқты түркі тілдерінде ғана сақталған.

**ТАС.** «Тас қараңғы, көзін тас жұмды, тас қып байлады» тағы сол тәрізді кейбір есім сөздер мен үнемі етістіктің алдында келетін «тас» сөзі «таудың тасы» деген тіркестегі «таспен» үш қайнаса сорпасы қосылмай, ертеден-ақ басқа мағынаны ұғындырған. Бұған түркі, монғол, тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тілдердің деректері айғақ. Хакас тілінде «тас», якуттарда «тыйыс», монғолша «тас», қалмақ тілінде «тас», тунгус-маньчжур тобындағы тілдердің кейбіреуінде «тас» тұлғалы сөздер қазіргі біздің тіліміздегі «мүлдем», кейде — «қатты», «мықты» мағыналарында қолданылады. Осыған сүйенсек, жоғарыда «тас» сөзімен келген тіркестер қазіргі ұғымымызда — «мүлде қараңғы», «көзін қатты жұмды», «мықтап байлады» сияқты болады.

**ТАЯУ.** Белгілі бір нәрсеге жақындау деген мағынада қолданылғанымен бұл сөзден біз нақтылы қа-

шықтық мөлшерін біле алмаймыз. Алайда, өте ертедегі түркі тілдерінде белгілі бір қашықтық өлшемін түсіндірген: «тада» сөзі — он қадам қашықтық мағынасында қолданылған. «Тада» сөзіндегі «д» дыбысы кейін келе біздің тілімізде «й» дыбысына айналып, «тайа» қалпында айтылатын болған. Ал «д» мен «т» дыбыстарының орнына «й» дыбысының келуі түркі тілдерінде жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, біздегі «аяқ» (айақ), «той» сөздері кейбір түркі тілдерінде «адах», «тот» болып айтыла береді.

**ТӘРИЗДІ.** Бұл сөзді «сияқты», «секілді», «ұқсас» дегендердің баламасы ретінде қолданамыз.

Сөздің шыққан төркіні — араб тілі. Оларда: «тәриз» қалпындағы сөз біздегі «қалып, түр, бейне» мағыналарының орнына қолданылады. Қазақ тіліне ауысып келгеннен кейін аз-кем дыбыстық өзгеріске түскен. Әсіресе өзімен мағыналас «сияқты», «секілді» тұлғаларына сәйкестендіру үшін *-ді* жұрнағы қосылып, «тәризді» қалпына келген. Мағына жағынан да түрлене түскендігі — «секілді, сияқты» сөздерге балама болуынан-ақ көрініп тұр.

**ТЕБЕН.** Қазақ тілінде үлкен инені осылай атайды.

Алтай тілінде: «теб-інге» — үлкен ине. Түркі тілдері мен монғол тобына жататын тілдерде бұған балама сөз жоқ емес. Ондайлар — монғол тіліндегі «тойв» немесе буряттардағы «тойбо». Біздің ойымызша, «тебен» сөзі монғолдардағы үлкендік мағынаны білдіретін «тойв» пен түркі тілдеріне ортақ «ине» сөздерінің тіркесінен пайда болған тәризді. Сөйтіп, «тойв» — теб, «інге» —

ине сөздерінің алғашқы қалыптары болмақ. Монғолдардан енген «тойв» қазақ тілінде «теб» тұлғасына дейін өзгеруі қандай заңды болса, «інге» сөзінің «ине» қалпына келуі де тіліміздегі заңдылықтан тысқары кетпейді. Мұндағы «f», «g» дыбыстарының кейбір сөздерде түсірілетіндігін (кигіз — киіз, құмған — құман), сондай-ақ соңғы «e» дыбысының да тұрақсыздығын (қазақ тілінде — арпа, тува тілінде — арбай) еске алсақ болғаны. Осыған сәйкес «теб-інге», біздің тілімізде «тебен» тұлғасына дейін қысқарған.

**ТЕБІРЕНУ.** Тіліміздегі қазіргі мағынасы — бір нәрсеге адамның толқуы, толғануы.

Мұндай терең мағына ой-өрістің дамуы нәтижесінде — кейінгі кезде пайда болған дей аламыз. Қазіргі кейбір түркі тілдерінде оның алғашқы тұлғасы мен мағынасы сақталған. Ертедегі өзбек тілінде «тәбрән», ал қазіргі хакастарда «тибіре» немесе «тибірен» тұлғасындағы сөз «қозғалу, қимылдау, жыбырлау» мағыналарында айтылады. Олардағы бұл мағына өте ертедегі түркі тілдерінен дарып, сақталғандығы байқалады. Өйткені ертедегі тілдік деректерден «тебрә» мен «тебрәт» сөздерін де ұшыратамыз. Сөйтіп, біздегі «толқу» мен «толғану» мағыналарының түбі «тебіренеу» сөзінің түрленуінен пайда болған, туынды ұғым.

**ТЕЛІ-ТЕНТЕК.** «Бұзық» деген мағынада қолданылатын қос сөз.

Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде қос сөздің бірінші сыңары «телу» тұлғасында көрі-

ніп, осы кездегі — «ақымақ», «ақылы аз» деген сөздің орнына жұмсалған. Біздің тілімізде жеке қолданылмаса да, бірқатар түркі тілдерінде өз алдына мағына меншіктеніп, басқа сөздермен де тіркесе береді. Қырғыздарда: «тели» — есінен адасқан; хакас тілінде: «теліг» — зердесіз, топас, телеуіттерде: «тәлі» — ақымақ, түкке түсінбейтін; ноғайша: «дели» — өжет, ұр да жық; башқұрт тілінде: «тиле» — ақымақ, ессіз мағыналарында қолданылады.

Қос сөздің екінші сыңары бізде де, басқа тілдерде де жеке қолданыла береді. Туба-кижи тілінде: «тенек» — ақымақ; монғолдарда: «тэнэг» — ақымақ, тунгус-маньчжур тілдерінде: «тэнэг» — ессіз, есуас мағыналарын береді.

ТОЙ. Қазіргі қазақ тілінде мұның екі түрлі мағынасы бар. Бірі етістік — шама келгенше ішіп-жеу, екіншісі зат есім — қуанышты жағдайда адамдарды шақырып, ойын-сауық жасау. Бұлардың қай-қайсысы да әуелгі мағына дей алмаймыз. Ертедегі түркі жазба ескерткіштері сөздігінде біз көрсеткен екі мағына да кездеседі. Бірақ «тойдың» сол кездегі тағы бір мағынасы — адамдар жиыны, тобыр, топ. Монғол тобындағы қалмақ тілінде: «тоох» — сыйлау, қонақ қылу, деген мағына береді; тунгус-маньчжур тілдеріндегі «туйу», «төй» тұлғалы сөздердің мағынасы да қалмақ тіліндегідей болып келеді.

Келтірілген деректерге сүйеніп, «төй» сөзінің тұңғыш мағынасы — «сыйлау, қонақ қылу» болар

деп жобалаймыз. Қонақ ету — бірнеше адамның басын қосады, топ пайда болады. Міне, осы жағдай түркі тілдері сөздігінен орын алып, «тойдың» — халық, жиын мағыналары туған демекпіз. «Тойдың» алғашқы «қонақ қылу, сыйлау» мағынасына қосымша ұғым ретінде кейінірек «жиын, халық» мағынасы шыққан. Сыйлап қонаққа шақырылған адам алдында ішім-жем мол болуы да дәстүрлі жағдай. Осыдан келіп, «тойдың» қазіргі тіліміздегі барынша ішіп-жеу мағынасы пайда болғандығы сезіледі. Сөйтіп, «той» тұлғасының алғашқы мағынасы — сыйлау, қонақ ету болған.

**ТОПАС.** Бұл сөз «надан, кешенің» баламасы ретінде қолданылады.

«Топас» сөзінің екі түбірден тұратынын хакас тілі дерегінен кездестіреміз. Оларда «тоо» сөзі біздегі «тыңдау» мағынасында қолданылады. Ал осы түбірден туған «тообас» — тыңдамайтын, тіл алмайтын ұғымын береді. Мұндағы сөз соңындағы — бас, біздің тіліміздегі болымсыз етістік жасайтын *-ма, -ме* жұрнақтары орнына жүреді. Дәл осындай жағдай тува тілінде де кездеседі. Оларда «тоовас» тұлғасында көрініп, «қайырымсыз» мағынасында айтылады. Енді осы сөзді талдайық: «тоомча» — «қайырым» мағынасын береді. Ал, біздегі «емес» орнына «эвес» негізгі түбірмен тіркесіп (тоомча + эвес), екеуі біріге келе «тоовас» сөзін тудырған. Қорыта айтқанда, қазіргі тіліміздегі «топас» сөзінің төркіні — түркі тілдері, алғашқы мағынасы «тыңдамайтын» деген ұғымда қолданылған. «Қайырым-

сыздық» пен «тыңдамаушылық» — надандық пен кешеліктің негізі екенін түсіндіріп жатудың керегі болмас.

**ТҰҢҒЫШ.** «Алғашқы, бірінші» мағынасына балама орнына қолданылады. Мұның да өзіндік себебі бар.

Ертедегі түркі тілдері ескерткіштерінде қазіргі тіліміздегі «бірінші» мағынасын «тун» сөзі бергендігін «тун бег» (бірінші күйеу), «тун қыз» (бірінші қыз) сияқты сөз тіркестерінен байқаймыз. Дәл осындай жағдай түркі тілдері ішінде туваларда сақталған: «дун уруг» (тұңғыш бала). Біздің тілімізде «түн» түбіріне *-ғыш* қосымшасы қосылған күнде ғана «бірінші бала» деген түсінікті бере алатын болған.

**ЖАЗҒЫТҰРЫМ.** «Көктем» деудің орнына «жазғытұрым» сөзін де қолданамыз. Оның — қыстың аяғы, жаздың басы екені аян. Бұл біріккен сөздегі бізге белгісізі — «тұрым» сыңары.

Егер монғол тобындағы тілдерге зер сала қарасақ, мыналарды байқаймыз. Монғолда «түрүүн» тұлғасы «әуелі, бұрын», ал қалмақтарда «түрүн» сөзі «басталу» сияқты мағыналарда қолданылады. Біздің жорамалымызша, «түрүүн» тұлғалы сөз ертеде түркі тілдерінде де болып, кейін ұмытылып, тек «жазғытұрым» сияқты тіркесте сақталған болуы мүмкін. Егер осы ойымыз дұрыс болса, «жазғытұрым» сөзі — «жаздың басы» болып түсіндіріледі. «Жазғытұрым» сөзі тілімізде «жазғытұрғы», «жазғытұры» қалпында да айтыла береді. Осыған қара-

ғанда, «тұрымның» алғашқы тұлғасы «тұры» деуге де болады.

**ТҮЙДЕЙ ҚҰРДАС.** «Бір жылда туған, құрдас» деген мағына беретін тіркестегі «түйдей» сөзі тілімізде жеке қолданылмай, тек осы «құрдас» тұлғасымен ғана тіркеседі.

«Түйдей» сөзінің төркіні түркі тілдері екенін анықтайтын деректер көп-ақ. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде «тудаш» сөзі қазіргі тіліміздегі «біріне-бірі сәйкес, ұқсас» мағыналарында қолданылғаны көрсетілген.

Қазіргі түркі тілдерінен мынадай мәліметтерді көреміз. Телеуіт, шор тілдерінде: «төәй» — біріне-бірі ұқсас, жұп заттар; хакас тілінде: «төәй» — ұқсас, сәйкес, бірдей мағыналарында қолданылады. Тува тілінде «ұқсас» мағынасын «дөмей» сөзі ұғындырады. Мұнда сәл дыбыстық өзгеріске түскен.

Түркі тілдерінен монғол, тунгус-маньчжур тілдеріне ауысқан бұл сөз дыбыстық, кейде мағыналық ауытқуға душар болған. Монғол тілінде: «төстэй» — ұқсас; буряттарда: «туһөөтэй» — бірдей, ал тунгус-маньчжур тілдерінің бірінде: «төйи» — құрдас деген ұғымдарды береді.

Сонымен, «түйдей құрдас» деген тіркесіміздегі «түйдейдің» мәні «бірдей, ұқсас, сәйкес» деген болмақ.

**ТҮНЕУГҮНІ.** Қазіргі түсінігімізде «бұдан бірнеше күн бұрын» деген ұғымды білдіреді. Әрине, бұл қазақ тілінде кейін қалыптасқан, ауыспалы мағына. Өйткені, көптеген түркі тілдерінен мына



жағдайларды көреміз. Татар, сағай тілдерінде «түннее» тұлғалас сөз «кеше» мағынасын берсе, ноғай, құмық тілдерінде «туьнегуьн», «тюнегюн» сөздері де «кеше» ұғымында қолданылады. Тува тілінде де «дүүн»—«кеше» дегенді білдіріп, «кеше таңертең» дегісі келсе, «дүүн эртен» тіркесімен айтады.

Біздегідей мағынада «түннее» тұлғасын тек хакастардан ғана кездестіреміз. Сөйтіп «түнеугүні» сөзінің ертедегі мағынасы —«кешегі күн» болған.

**ҰМТЫЛ.** Түсіндірме сөздікте —«ілгері қарай ентелеу, омыраулау» деп түсіндірілген.

Тіліміздегі «ұмтыл»— тұлғасы әрі мағынасы жағынан да кейін пайда болған. Чуваш тілінің дерегіне зер салсақ, сөздің алғашқы түбірі «ум» дыбыстық құрамында болып, «алды, алдыңғы жақ» деген мағынада айтылғандығын көреміз. Уақыт өткен сайын жұрнақ қосылу нәтижесінде қазіргі қазақ тілінде «ұмтыл» туынды тұлғаға дейін жетіп, жоғарыда көрсетілген мағынаны беретін болған.

**ҮР ЖАҢА.** «Су жаңа, жап-жаңа» сөзіне балама ретінде қолданылады.

Ертедегі түркі тілдері дерегінде «үр» сөзінің алғашқы тұлғасы «үрүн» дыбыстық құрамда болып, «ақ, ақшыл, мөлдір, таза» сияқты мағыналарды иеленген. Қазіргі түркі тілдерінде осы тұлға мен мағыналардың бірін бүгінгі күнге дейін сақтаған тіл жоқ емес. Якут тілінде: «уруң»—«ақ» мағынасында қолданылады.

Біздің тілімізде бұл тұлға —«үр» қалпына дейін

қысқарып, тек бір ғана «жаңа» сөзімен тіркесте сақталған. Сонда «үр жаңа» деген сөз тіркесіміз «ақ жаңа», «мөлдір жаңа» дегенді білдіреді.

**АСЫҒЫП-ҮСІГУ.** Түркі тілдері ішінде, әсіресе хакас тілінде «үстүк» тұлғасы біздің тіліміздегі «асығу», «сасқалақтау» мағыналарында айтылады. Қазақ тілінде «асығу» сөзімен тіркесіп, қос сөз тудырып, қалыптасу кезінде «т» дыбысы түсіріліп, соңғы «к» дыбысы «г» болып, «үсүг» дыбыстық құрамында қалған.

**АЙЫП-ШАМ.** Түсіндірме сөздікте бұл қос сөз мағынасын «өрескел, ерсі, сөлекет» деп түсіндірген.

Ал оның алғашқы сыңары — «айып» тілімізде жеке де қолданыла береді, әрті мағынасы да түсінікті. Ал екінші — «шам» сыңары «айып» мағынасында біздің тілімізде жеке тұрып қолданылмайды. Алайда, қырғыз тілінде «чабы» тұлғасы «айып» сөзінің мағынасын береді. Тұлғалық жағынан айырма — бізде «шам» болса, қырғыздарда «б» дыбысы арқылы «чаб» қалпында көрінеді. Бұл қырғыз тіліне тән заңдылықтан туған құбылыс. Мысалы қазақша — «болмайды», қырғызша — «болбойт». Алтайдағы тувакижилер тілінде «чам» сөзі «кінә, ұрыс, сөгіс» мағыналарында қолданылады. Осы деректерге қарағанда тіліміздегі «айып-шам» қос сөз құрамындағы екі сөздің мағыналары бірдей.

Біріншісі, «айып» — араб тіліндегі «ғәйб». Оларда бұл тұлғалы сөз — «кіна, қате» сияқты мағыналарда қолданылады. Бізге ауысқаннан соң «айып» болып қалыптасқан.

Екіншісі, «шам» — ертедегі түркі тілдері сөздіктерінде де кездеседі. Бірақ ол сөздіктерде «чам» тұлғалас сөздің негізгі төркіні қытай тілінен екендігі және тұлғасы «шам» қалпында көрініп, мағынасы — біздегі «жала», «өсек сөз» дегенді ұғындыратындығы айтылған. Түркі тілдеріне ауысқан соң «ақы талап ету», «дау», «айтыс-тартыс» мағыналарын меншіктенген. Егер «айып-шам» қос сөзін өздерінің алғашқы шыққан тілдері негізінде қазақшаласақ: «кіна-жала» мағынасын берер еді.

**ДАУ-ШАР.** Қос сөздің жалпы мағынасы түсінікті болғанмен соңғы «шар» сөзі тілімізде жеке қолданыла бермейді. Тува тілінде бұл сөз «чарны» тұлғасында кездесіп, «келіспеушілік, бітіспеушілік» мағынасын береді. Осы сөз қазақ тілінде ертеректе жиі қолданылса да, кейін ұмытылып, қос сөз құрамында ғана сақталған. Шындап келгенде, «дау» да, «шар» да мағынасы жағынан бірдей сөздер. Тіпті хакас тілінде «чарғы» біздегі даулы істерді қарастыратын адам — «сот» мағынасында да қолданылады.

**ШАРТ БУЫНУ.** Егер қазақ тілінде жеке кездесетін «шарт» сөзінің мағыналарын еске алсақ, бірі еліктеуіш сөз, екіншісі зат есім болып шығар еді. Ал «буыну», «байлау» сөздерімен тіркескен «шарт» — мағынасы жағынан өзгеше. Тува тілінде «чарт» — мықты, қатты мағыналарында қолданылады. Олай болса, біздегі «белді бекем буу» деген тіркестегі «бекем буудан» — «шарт буудың» мағына жағынан айырмасы жоқ.

**ШЕКІСУ.** Адамдардың бір-біріне қарсы келіп, өзара қақтығысып, ұрсысып қалуын осылай да айтуға, түсіндіруге болады.

Бірақ бұл «шекісу» сөзінің түпкі мағынасы емес екендігін чуваш тілі дерегінен білеміз. Чуваштарда «шекеш» тұлғалы сөз біздің тіліміздегі «сүзісу» (малдың сүзісуі) мағынасында қолданылады. Демек, қазіргі қолданылып жүргеніміз осы мағынаның ауыспалы, туынды түрі.

**ШЕШЕН.** Сөзге шебер адам. Алайда, оның негізгі, түпкі мағынасы басқашалау болған.

Түпкі тілдерінің ішінде — якуттарда «сесен» тұлғасы «баяндау, айту», «әңгіме айту» деген мағыналарда қолданылады. Бірақ бұл да «шешен» сөзінің тұңғыш мағынасы деу қиын. Ертедегі монғол тілінде «чечен», ал қазіргі монғолдарда «цэцэн», буряттарда «сэсэн», қалмақша «цецн» дыбыстық құрамдағы сөздер біздің тіліміздегі «ақылды, дана» мағыналарын меншіктенеді. Бұдан әрі барсақ: тунгус-маньчжур тілдерінде «чэчэн» сөзі «ақыл» деген мағынаға нұсқайды. Әрине әңгіме айту ақылды адамның қолынан келеді, ақылды, дана болу үшін ақыл керек. Демек, «шешен» сөзінің тұңғыш мағынасы «ақыл» деп жорамал жасауға болады.

**ШИКІЛ.** Түсіндірме сөздік бұл сөздің мағынасын «сап-сары, сарғыш» деп сипаттайды. Ал «шикіл сары» секілді сөз тіркесін «сап-сары, шикі сары» қалпында түсіндірген. Қазіргі тұрғыдан алғанда мұны дұрыс деуге де болады. Өйткені, «шикіл» сөзі қазақ тілінде «сарыдан» басқа түспен тіркеспейді.

Алайда, «шикіл» сөзінің алғашқы мағынасы тіпті басқаша екендігін, кейбір түркі тілдері дәлелдеп береді. Тува тілінде: «чүкүй-ле»—«тек» мағынасында кездесе, якуттарда «ціңкіл» сөзі біздегі «мүлдем, өте» мағыналары орнына қолданылады. Чуваш тіліндегі «шакыл» да дәл якут тіліндегі мағынамен бірдей. Тіпті якуттарда «өте қара, қап-қара» мағыналары «ціңкіл хара» тіркесі арқылы айтылады. Осыған қарағанда «шикіл» ертеде тек «сарымен» ғана емес басқа да түстермен тіркесе алғандығын байқаймыз. Сөйтіп, «шикіл» сөзінің алғашқы мағынасы «тіпті, мүлдем, өте» сияқты үстеу сөздер екенде, «шикіл сарымыз»—«мүлдем сары», бір сөзбен айтсақ, «сап-сары» дегенмен бірдей.

**ШОҚША САҚАЛ.** Әдетте, біз бұл тіркестен иектің астында ғана өсірілген сақалды ұғынамыз. Мұндағы «шоқша» сөзі қазақ тілінде «сақал» сөзімен жиі сабақтасады. Алтай тілдерінде «чокчо» етістік ретінде қолданылып, мағынасы жағынан «бір жерге үю» дегенді білдіреді. Бұдан байқайтынымыз — оларда «шоқша» тұлғалас сөз жай тіркестер жасауға да қатыса алса, қазақ тілінде ертедегі мағынасынан айрылып, тек тұрақты тіркесте ғана сақталған.

**ШӨМЕЛЕ.** Кішірек шөп үйінділерін осылай атаймыз.

Алайда, мұның ағашқы мағынасы етістік қызметін атқарғандығын басқа түркі тілдері деректерінен білуге болады. Алтай тілінде: «чумеле», ал якуттарда «чөмөхтө» сөздері біздің тіліміздегі «жи-

нау, бір жерге жинақтау» мағыналарында қолданылады. Сондай-ақ якуттарда осы етістіктің негізінде пайда болған зат үйіндісінің «чөмөх» болып аталуы дағдыға айналған. Дәл сол сияқты біздің тілімізде де жинау нәтижесінен пайда болған үйіндіге «шөмеле» атауы беріліп, қалыптасып кеткен.

**ШҮЙГІН.** Қазіргі сөздіктеріміздегі мағынасы — қалың өскен құнарлы шөп; отты, сулы шұрайлы жер. Бұдан «шүйгін» сөзі көбіне «шөп», «жер» сияқты тұлғалармен тіркеске түсетіндігі байқалады.

Ал ертедегі түркі тілдерінде ішетін тамақ — «аспен» де жиі сабақтасқан. Мысалы, «чийгин» тұлғалы сын есім «аш» сөзімен тіркесіп, қазіргі түсінігіміздегі «жұғымды ас» мағынасында қолданылған. «Чийгин» сөзінің жеке басы ол кездерде «жұғымды, кенеулі, нәрлі» мағыналары орнына жүрген. Бұл күндері осы сөздің «ас» тұлғасына тіркесуі қырғыз тілінде сақталған. Сөйтіп, оның тұңғыш мағынасы — «жұғымды, кенеуі мол».

**ШЫҒАЙБАЙ.** Балалар, бәрің де Алдар көсе ертегісін жақсы білесіңдер. Ондағы Шығайбай өздеріңе таныс.

Алдар — халық үшін ұнамды кейіпкер. Ал Шығайбай болса, халық жек көретін ұнамсыз кейіпкер. Соған орай, ол да өзіне лайық атқа ие болған.

Ертедегі түркі тілдері сөздігінде: «чығай» — кедей, жарлы мағыналарында қолданылған. Сол кездерде бұл тұлғалы сөз «сығырдаң», «сараң» мағыналарында да айтылғандығын еске алсақ, Шығайбай есімінің нені ұғындыратыны айтпаса да бел-

гілі. Өзі шіріген бай болса да, сараңдықтан қолынан ешнәрсе шығармауға тырысқан кісіні, басқаша атау мүмкін емес. Сондықтан да, Шығайбайды қазіргі тілімізде түсіндірсек, «Сараңбай» болып шығады.

**ШЫЛБЫР.** Атты қазыққа байлауға арналған жүгенге бекітілген ұзын жіп. Бұл да өз атауын жүн мен қылға байланысты алған деуге болады. Өйткені ертедегі түркі тілдерінде ешкі мен қой жүні мағынасын білдіруде «чүбүр» сөзі қолданылған. Әдетте, ешкінің түбітінен басқа түгі «жүн» емес, «қыл» болып аталады. Ешкінің қылы да, қойдың жүні де ертеректе «чүбүр» деп айтылса екі заттың қосылып келіп, есілуінен пайда болған арқан сияқты жіптің «шылбыр» аталуы да заңды деп ойлаймыз.

**ШЫРАЙ.** Қазіргі түсінігімізде адамның көркі, ажары сияқты мағыналар беретінін білеміз. Алайда, түркі тілдерінде бұл тұлғалы сөздің тұңғыш мағынасы өзгеше болғандығын қазіргі түркі тілдерінің дерегі анықтайды. Хакастарда: «сырай» — бет, бейне; тува тілінде: «шырай» — бет; якутша: сырәй-бет; монғол тілдерінде де осыны байқаймыз. Монғол тілінде — «чырай», буряттарда — «шарай». Осылардың бәрі «шырай» тұлғалас сөздің алғашқы мағынасы «бет» болғандығын, төркіні — түркі, монғол тілдері екендігін дәлелдегендей.

**ІШІК.** Аң терісінің сыртын матамен қаптап жасаған сырт киімді осылай атаған. «Түлкі ішік», «күзен ішік» сияқты ішікпен қоса айтылатын аң аттары көп-ақ. Осыған сеніп, «ішік» сөзін ежелден киімге тән атау деп түсінуіміз де жиі. Бірақ ертеде-

гі жазба ескерткіштер сөздігінде «ічүк» тұлғасы «бұлғын» мағынасын берген. Бұл деректі ілтипатқа алсақ, «ішік» ертеректе белгілі бір аң атауы болған да, кейін оның терісінен жасалған киімге көшкен.

\* \* \*

Сонымен балалар, кейбір сөз сырын суыртпақтап болса да айтып, баяндап бердік. Енді оларға зер салу, зейін қоя көңілге тоқу, өздеріңе, бойларыңа біткен ізгі қасиеттер: алғырлықтарыңа, ізденімпаздықтарыңа байланысты болмақ демекпіз.



## М А З М Ұ Н Ы

Сөз басы . . . . .	3
Оқу ағарту, тәрбие атаулары . . . . .	7
Дене мүшелерінің атаулары . . . . .	15
Тұтыну заттарының атаулары . . . . .	21
Жаратылыс және жануарлар атаулары . . . . .	35
Сөз сырынан суыртпақ . . . . .	57

*Научно-познавательное издание*

Для среднего школьного возраста

**Абильбек Нурмагамбетов**

**ТАИНСТВО СЛОВА**

(На казахском языке)

Редакторы — *Қ. Баяндин*

Суретшісі — *М. Ысқақов*

Көркемдеуші редакторы — *А. Тіленшиев*

Техникалық редакторы — *Н. Кушнарева*

Корректоры — *С. Ыбыраева Н Досболова*

ИБ № 4146

Теруге 28.03.89 жіберілді. Басуға 11. 06. 90. қол қойылды. Форматы 70×100<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы № 2. Қаріп түрі «Тип Таймс». Шығыңқы басылыс. Шартты бояу көлемі 5,4. Шартты баспа табағы 5,2. Есептік басылу табағы 4,32. Тиражы 30 000 дана. Заказ № 616. Бағасы 15 тиын.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетінің «Жалын» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспекті, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетіне қарасты «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің «Кітап» фабрикасы, 480124, Алматы қаласы, Гагарин проспекті, 93-үй.



15 г.